# Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидасын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 828 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 53 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.02.2019 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 145 бұйрығын қараңыз, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 505 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 93-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидасы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының аумақтарында азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен тосын оқиғаларға қызметтік тексеру жүргізудің тәртіптері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 маусымдағы № 755 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғаларға қызметтік тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 57 қбп қаулысы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 18 шілдедегі
№ 828 қаулысымен
бекітілген

## Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидасы

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Қағида Қазақстан Республикасының мемлекеттік және азаматтық ( эксперименттік) әуе кемелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында болған шетел мемлекеттерін мемлекеттік және азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру тәртібін, авиациялық оқиғаларды немесе инциденттерді тексеру жөніндегі комиссияның өкілеттілігін, Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен инциденттерді шетел мемлекеттерінің тексеру жүргізуіне Қазақстан Республикасы өкілдерінің қатысу шарты мен тәртібін, авиациялық оқиғалар мен инциденттерді жіктеуін және есепке алуын, авиациялық оқиғалар немесе инциденттер туралы деректерді ұсыну жүйесін құру тәртібін белгілейді.

3. Азаматтық (эксперименттік) авиацияда әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен инциденттерді азаматтық авиация саласында уәкілетті орган тағайындаған авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру жөніндегі комиссия тексереді.

Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру жөніндегі комиссияға Халықаралық азаматтық авиация ұйымы туралы (бұдан әрі – ИКАО) конвенцияның 13-қосымшасының стандарттарына және ұсынымдарына сәйкес тексеруді жүргізуде тәуелсіздік беріледі.

4. Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган құратын авиациялық оқиғаларды немесе инциденттерді тексеру жөніндегі комиссия тексереді.

5. Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық инциденттерді тұрақты негізде мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган құратын авиациялық инциденттерді тексеру жөніндегі комиссия тексереді.

6. Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларға тексеру жүргізуді ұйымдастыруды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Біреудің кінәсін және жауапкершілігін белгілеу авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексерудің мақсаты болып табылмайды.

8. Авиациялық оқиғаларды немесе инциденттерді тексеру үдерісі өзіне ақпаратты жинау мен талдауды, қажетті зерттеулерді жүргізуді, авиациялық оқиғалар мен инциденттердің себебін анықтауды, есеп беру материалдарын және қорытындыларды дайындауды, авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болдырмау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді қамтиды.

9. Осы Қағидада пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) мемлекеттік авиация саласында:

авиациялық жағдай – әуе кемесін пайдалану барысында ұшу қауіпсіздігіне қатер төнген, әуе кемесі зақымданған немесе әуе кемесі істен шыққан және/немесе осы әуе кемесінде болған адамдар қаза тапқан оқиға;

авиациялық оқиға – әуе кемесін ұшуға пайдаланумен байланысты әуе кемесінің бортындағы адамдардың қаза болуына (өлімге әкеп соққан дене жарақаты) және (немесе) осы әуе кемесінің жойылып кетуіне әкеп соқтырған авиациялық оқиға;

авария – адам шығындары болмаған авиациялық оқиға;

авиациялық инцидент – әуе кемесін ұшуға пайдаланумен байланысты, әуе кемесінің тұтастығына және (немесе) оның бортындағы адамдардың өміріне қатер туғызуы мүмкін немесе қатер туғызған, бірақ авиациялық оқиғамен аяқталмаған авиациялық оқиға;

авиациялық бөлім – мемлекеттік авиация әуе кемелерінің ұшуын ұйымдастыру мен орындауды, оларды пайдалануды және сақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме;

әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын ұшу аппараты;

Комиссия құрамының кезекші тобы – тексеру бойынша шұғыл іс-шараларды жүргізуге және Комиссия құрылғанға дейін оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға арналған кезекші топ. Комиссияны құру кезінде кезекші топтың мамандары Комиссия құрамына енгізіледі;

апат – адам шығындары болған авиациялық оқиға;

мемлекеттік авиацияны басқару органдары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер бас қолбасшылығы - Ішкі әскерлер комитеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі;

авиациялық оқиғаның немесе авиациялық инциденттің себептері (факторлары) – авиациялық оқиғаға немесе авиациялық инцидентке әкеп соқтырған іс-қимылдар, әрекетсіздік, мән-жайлар, жағдайлар немесе олардың үйлесуі;

авиациялық оқиғаны тексеру – қарастырылып отырған авиациялық оқиғаға қатысты фактілер, жағдайлар және мән-жайлар туралы ақпаратты анықтауды,

жинауды және зерделеуді, зерттеулерді, сараптамаларды және эксперименттерді, алынған деректерді қорытындылауды және талдауды, жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындыны және авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдар дайындауды қамтитын процесс;

елеулі авиациялық инцидент – күрделі немесе авариялық ұшу жағдайының туындауына байланысты немесе сол кезде әуе кемесінің бортында болған адамдардың ең болмаса біреуінің денсаулығына зиян келтірілген авиациялық инцидент;

әуе кемесі зақымданған елеулі авиациялық инцидент – мұндай авиациялық инцидент кезінде зақымданған әуе кемесін қалпына келтіру мүмкін және экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болады;

уәкілетті өкілдің кеңесшісі – тиісті біліктілігі бар және авиациялық оқиғаға тексеру жүргізуде уәкілетті өкілге көмек көрсететін адам;

өлімге әкеп соқтырған дене зақымы (тек статистикалық деректерді бірегейлендіру мақсатында пайдаланылады) – оқиға болған сәттен бастап отыз тәулік ішінде өлімге әкеп соқтырған дене зақымы;

мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және мемлекеттік авиация қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

уәкілетті өкіл – басқа мемлекет жүргізетін тексеруге қатысу үшін тиісті біліктілігінің болуына байланысты уәкілетті орган тағайындаған адам;

әуе кемесін жоғалту – мынадай жағдайда:

әуе кемесі толық бүлінгенде;

әуе кемесінің тұрған орны (оның сынықтары) анықталмағанда және оны ресми түрде іздестіру тоқтатылғанда;

әуе кемесінің алған зақымдарына қарамастан оны мәжбүрлі қону орнынан эвакуациялау мүмкін емес немесе орынсыз болғанда туындайтын авиациялық жағдай;

2) азаматтық (эксперименттік) авиация саласында:

авиациялық жағдай – кез келген кезеңде әуе кемесін пайдалануға, ұшуды қамтамасыз етуге және орындауға, сондай-ақ техникалық қызмет көрсетуге немесе оны сақтауға байланысты кез келген оқиға;

авиациялық оқиға – азаматтық әуе кемесін ұшу мақсатында пайдаланумен байланысты, ұшқыш басқаратын әуе кемесі жағдайында қандай да бір адам ұшу ниетімен бортқа кірген кезден бастап ұшу мақсатында бортта болған барлық адамдар әуе кемесін тастап шыққан кезге дейін орын алған немесе ұшқышсыз

әуе кемесінде әуе кемесі ұшу мақсатында қозғалуға дайын болған кезден бастап ұшуды аяқтап тоқтағанға және негізгі күш қондырғысын ажыратқанға дейін орын алған және оның барысында:

дене жарақатын табиғи себептер нәтижесінде алған, өзін-өзі жарақаттаған не басқа адамдар жарақаттаған немесе әдетте жолаушылар мен экипаж мүшелерінің кіруіне болатын аймақтан тыс жерде жасырынып қалған билетсіз жолаушы дене жарақатын салған жағдайларды қоспағанда, қандай да бір адамның осы әуе кемесінде болуы нәтижесінде өлімге әкеп соқтырған дереп жарақатын алған ( дене жарақатын алуына байланысты оқиға болған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қайтыс болған жағдайды қоса алғанда);

мыналарды:

бір ғана қозғалтқыш, оның капоттары немесе оның қосалқы агрегаттары бүлінген кездегі қозғалтқыштың істен шыққан немесе зақымданған;

тек қана әуе бұрандалары, күш түсетін бұрандалардың қалақтары, соңғы жағындағы бұранданың қалақтары, планердің күш түспейтін элементтері, ағыстатқыштар, қанатының ұштары, антенналар, датчиктер, қалақтар, пневматикалар, тежегіш құрылғылар, алдыңғы әйнектері, доңғалақтары зақымданған немесе шассилері, шассилердің ашылатын панельдері болымсыз зақымданған не қаптамада аздаған майысқан жерлер немесе ойықтар болған, оның ішінде бұршақтың немесе құстармен соқтығысудың салдарынан ( радиолакатор антеннасының ағыстатқышындағы ойықтарды қоса алғанда) аздаған зақымданған;

конструкцияның жалпы беріктігін бұзбайтын басқа да элементтер зақымданған;

егер бұл жағдайлар фюзеляждың (арқалықтардың) күш түсетін элементтерінің зақымдануына немесе бүлінуіне әкеп соқпаған болса, тірек және рульдік бұрандалар элементтерінің, тірек немесе рульдік бұранда төлкесінің, трансмиссияның зақымданған, желдеткіш қондырғының немесе редуктордың зақымданған, күш түсетін элементтерді зақымдамай фюзеляждың қаптамасының (арқалықтарының) зақымданған жағдайларын қоспағанда, әуе кемесі зақымданған немесе оның конструкциялары сынған, соның салдарынан әуе кемесі конструкциясының беріктігі бұзылатын, әуе кемесінің техникалық немесе ұшу сипаттамалары нашарлайтын, ірі жөндеу немесе зақымданған элементті ауыстыру қажет болатын;

әуе кемесі хабарсыз жоғалып кеткен немесе оған бару мүлдем мүмкін болмайтын жерде болған;

адамдар өлімі болған авиациялық оқиға (апат) – жолаушылардың немесе экипаж мүшелерінің біреуінің өліміне немесе хабарсыз жоғалып кетуіне әкеп соқтырған авиациялық оқиға.

Сондай-ақ, әуе кемесінен адамдарды авариялық эвакуациялау кезінде оның бортында болған адамдардың біреуінің қаза болуы да апатқа жатады;

адам шығынынсыз болған авиациялық оқиға (авария) – адам шығынынсыз болған немесе жолаушылардың немесе экипаж мүшелерінің біреуінің жоғалуына әкеп соқтырмаған авиациялық оқиға;

авиациялық инцидент – азаматтық әуе кемесін пайдаланумен байланысты, қандай да бір адам ұшу ниетімен бортқа кірген кезден бастап ұшу мақсатында бортта болған барлық адамдар әуе кемесін тастап шыққан кезге дейін орын алған және әуе кемесінің, экипаждың, ұшуды басқару және қамтамасыз ету қызметтерінің қалыпты жұмыс істеуден ауытқуына байланысты, ұшу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін сыртқы ортаның әсеріне байланысты болған, бірақ авиациялық оқиғамен аяқталмаған оқиға;

авиакомпания – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты бар заңды тұлға;

борттық өздігінен жазғыш құрал (борттық тіркеу құрылғысы) – авиациялық оқиғаларды тексеру үшін пайдаланылатын, ақпарат көзі ретінде әуе кемесінің бортында орналастырылған кез келген өздігінен жазатын аспап;

әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

жасаушы мемлекет – әуе кемесін түпкілікті жинау үшін жауапты ұйымғақатысты заңды құзыры бар мемлекет;

оқиға орнының мемлекеті – аумағында авиациялық оқиға немесе инцидент болған мемлекет;

әзірлеушінің мемлекеті – әуе кемесі үлгісінің конструкциясы үшін жауапты ұйымға қатысты заңды құзыры бар мемлекет;

тіркеу мемлекеті – тізіліміне әуе кемесі кіргізілген мемлекет;

пайдаланушының мемлекеті – пайдаланушының негізгі қызмет орны орналасқан мемлекет немесе егер пайдаланушының ондай қызмет орны болмаса, оның тұрақты болатын орны;

ең жоғары масса – әуе кемесінің пайдалану құжаттамасында көрсетілген сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу (қону) массасы;

қауіпті жақындасу – әуе кемелерінің өзара және басқа да материалдық объектілермен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың негізгі қағидасында белгіленген интервалдардың жартысынан кем интервалға байқаусыз және ұшу тапсырмасында көзделмеген жақындасуы, осының нәтижесінде олардың соқтығысуына қауіп төнеді;

азаматтық авиация ұйымы – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

әуе кемесінің жерде зақымдануы – пайдалану жағдайында жоюға болатын, әуе кемесінің күш элементтерін бұзбайтын, ұшу-техникалық сипаттамасын нашарлатпайтын зақымдар келтірілген әуе кемесіне қызмет көрсетуге, оны сақтауға және тасымалдауға байланысты оқиға;

авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссия – авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеруді ұйымдастыру және жүргізу мақсатында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тағайындайтын комиссия;

әуе кемесінің ұшуы – әуе кемесінің ұшып көтерілу кезіндегі екпін алудан (тік ұшып көтерілген кезде жер немесе су бетінен ажыраудан) бастап жүру аяқталғанға (ұшу-қону жолағын аялдамай босатқанға дейін) немесе тік қонған кезде жер (су) бетіне жанасқанға дейін әуе кемесінің жер (су) бетімен және әуе кеңістігінде қозғалуы;

алдын ала есеп – тексерудің бастапқы сатыларында алынған мәліметтерді дереу тарату үшін пайдаланылатын хабарлама;

тексеру – авиациялық оқиғаларды немесе инциденттерді болғызбау мақсатында жүргізілетін процесс, ол авиациялық оқиғалардың немесе инциденттердің болу себептерін және/немесе ілеспе факторларын анықтауды қоса алғанда, ақпарат жинауды және талдауды, қорытынды дайындауды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлеуді қамтиды;

кеңесші – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган осы мемлекеттің уәкілетті өкіліне көмек көрсету үшін онда тиісті біліктіліктің болуына байланысты тағайындайтын адам;

тексеру жөніндегі уәкілетті орган – авиациялық оқиғалар мен инциденттерге тексеруді ұйымдастыру және жүргізу мәселелерімен айналысатын мемлекеттік орган;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

уәкілетті өкіл – басқа мемлекет жүргізетін тексеруге қатысу үшін оның тиісті біліктілігінің болуына қарай азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік орган тағайындаған адам;

пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2013 N 274 қаулысымен.

## 2-бөлім. Мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру тәртібі

## 1. Авиациялық оқиғалар

### § 1. Авиациялық оқиға туралы хабар беру

10. Авиациялық оқиға жағдайында, сондай-ақ экипажбен радиобайланысты жоғалып, радиолокациялық станциялар индикаторларының экрандарында әуе кемесінің белгісі жоғалған кезде әуе кемесінің ұшуын басқаруды (басшылық жасауды) жүзеге асыратын әуе қозғалысын басқару органы кезекші ауысымның аға кезекшісі ол туралы жоғары тұрған командалық пункттің жедел кезекшісіне және авиация бөлімінің командиріне (әуе қозғалысына қызмет көрсету аймағының аға авиациялық бастығына) дереу баяндайды.

Әуе кемесімен болған авиациялық оқиға туралы ақпарат командалық пункттер арқылы осы әуе кемесі бекітілген авиациялық бөлімнің командиріне дереу жеткізіледі.

11. Авиациялық оқиға туралы басшы лауазымды адамдарға жедел хабарлау үшін авиациялық оқиға кезінде лауазымды адамдар әрекеттерінің тәртібін айқындайтын осы Қағида ескеріліп, басқару органының басшысы бекітетін нұсқаулық мемлекеттік авиация басқаруының әрбір органында әзірленеді.

12. Авиациялық бөлім командирі (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық оқиға туралы ауызша баяндаманы жоғары тұрған басқару органдарына және мемлекеттік авиациясы саласындағы уәкілетті органға дереу ұсынады.

13. Ауызша баяндамада мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) авиациялық оқиға болған күні, уақыты (Астана бойынша);

2) авиациялық оқиғаның түрі және оның салдары;

3) авиациялық оқиға ауданы (радиобайланыс жоғалған және радиолокациялық станция индикаторының экранынан әуе кемесінің белгісі жоғалған нүкте координаттары);

4) әуе кемесінің түрі және оның тиесілігі;

5) ұшып шығу әуеайлағы;

6) ұшу тапсырмасы, метеожағдайлар;

7) экипаж командирі, әуе кемесінің бортында жолаушылардың болуы туралы деректер;

8) әуе кемесінің бортында қауіпті жүктердің немесе оқ-дәрілердің болуы және олардың сипаттамалары;

9) іздестіру-құтқару жұмыстары туралы деректер және оларды жүргізуге қосымша көмек көрсету жөнінде ұсыныстар.

Көрсетілген мәліметтердің кейбіреулерінің болмауы баяндаманы кешіктіруге негіз болып табылмайды.

14. Әуе кеңістігін пайдаланушы мемлекеттік органдарға авиациялық оқиға туралы хабар беруді мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

15. Авиация бөлімінің командирі (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық оқиға туралы жазбаша баяндаманы бір тәулік ішінде мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ұсынады.

16. Жазбаша баяндамада мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) авиациялық оқиға болған күні, уақыты (Астана бойынша);

2) авиациялық оқиғаның түрі;

3) авиациялық оқиға болған аудан (радиобайланыс жоғалған және радиолокациялық станциядан әуе кемесінің белгісі жоғалған нүкте координаттары, әуе кемесі құлаған орынның координаттары);

4) әуе кемесінің түрі және оның тиесілігі;

5) ұшып шығу әуеайлағы;

6) ұшу тапсырмасы, метеожағдайлар;

7) экипаж және әуе кемесінің бортында болған жолаушылар туралы деректер;

8) әуе кемесінің бортында қауіпті жүктің немесе оқ-дәрілердің болуы туралы деректер;

9) экипаж мүшелері, әуе кемесінің жолаушылары және қоршаған орта үшін авиациялық оқиғаның салдары туралы ақпарат;

10) іздестіру-құтқару жұмыстары туралы деректер және оларды жүргізуге қажетті қосымша көмек көрсету туралы ұсыныстар;

11) хабарламаны ұсыну кезіне қарай авиациялық оқиға жөнінде белгілі болған басқа да нақты мәліметтер.

## § 2. Авиациялық оқиғаларға тексеруді ұйымдастыру

17. Авиациялық оқиғаны тексеру үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган авиациялық оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) тағайындайды.

Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия төрағасы болып ұшу мамандығы және тиісті біліктілігі бар лауазымды адам тағайындалады.

Авиациялық персонал қатарынан тиісті біліктілігі бар, арнайы даярлықтан өткен адамдар Комиссия мүшелері бола алады.

Комиссияның жұмыс органдары:

жұмысын Комиссия мүшелері басқаратын ұшу, инженерлік-техникалық және әкімшілік-штабтық кіші комиссиялар;

кіші комиссиялардың құрамына кірмеуі мүмкін есептік-талдау, жұмыс, зерттеу және сараптама топтары болып табылады. Топтардың жұмысын Комиссия мүшелері болып табылмайтын мамандар басқаруы мүмкін.

Жұмыс органдарын құру туралы шешімді Комиссия төрағасы қабылдайды.

Комиссия жұмысына Комиссия төрағасының шешімі бойынша мүдделі мемлекеттер мен мемлекеттік органдардың уәкілетті өкілдері, әуе кемесін әзірлеушінің, жасаушының, пайдаланушының, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері және басқа да мамандар тартылады.

Мыналар:

оқиға болған жер мемлекеті;

әуе кемесі тіркелген мемлекет;

әуе кемесін пайдаланушы мемлекет;

әуе кемесін (қозғалтқышты, жабдықты) әзірлеуші мемлекет;

әуе кемесін (қозғалтқышты, жабдықты) жасаушы мемлекет;

әуе кемесін (қозғалтқышты, жабдықты) жөндеуді жүзеге асырған мемлекет;

авиациялық оқиға кезінде азаматтары қаза болған немесе елеулі дене зақымдарын алған мемлекеттер мүделлі мемлекеттер болып табылады.

18. Комиссия авиациялық оқиғаларға тексеруді құқық қорғау органдарынан тәуелсіз жүргізеді.

19. Комиссияның:

авиациялық оқиғаға немесе инцидентке қатысты оқиға орнын, объектілерді және сынықтарды тексеруге;

ғылымның және техниканың тиісті салаларындағы білімді талап ететін міндеттерді шешу үшін ұйымдық-құқықтық нысандары және меншік нысанына қарамастан сарапшыларды, ұйымдардың қызметкерлерін тартуға;

авиациялық оқиғаға қатысы бар немесе қатысы болуы мүмкін авиациялық оқиғаны көрген адамдардан жауап алуға, құқық қорғау органдарынан қажетті ақпаратты алуға;

авиациялық оқиғаның немесе инциденттің және (немесе) ілеспе факторлардың себептерін анықтау үшін қажетті зерттеулерді және сынақтарды жүргізуді белгілеуге;

авиациялық оқиғаға немесе инцидентке ұшыраған әуе кемесін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, жасауға, пайдалануға және жөндеуге, авиациялық персонал қатарынан адамдарды дайындауға, әуе қозғалысын ұйымдастыруға, әуе кемесінің ұшуларын орындауға және қамтамасыз етуге қатысты барлық мәселелерді зерделеуге,

авиациялық оқиғаға немесе инцидентке ұшыраған әуе кемесін, оның құрамды бөліктерін, мүліктің тиесілігіне қарамастан, оның бортындағы мүлікті, сондай-ақ осы әуе кемесінің ұшуын қамтамасыз ететін құралдар мен объектілерді тексеруге ;

осы авиациялық оқиғаға байланысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

авиациялық оқиғаға немесе инцидентке ұшыраған әуе кемесі экипажы мүшелерінің, сондай-ақ авиациялық персонал қатарынан тиісті адамдардың психофизиологиялық жай-күйіне зерттеу жүргізуге;

ұқсас авиациялық оқиғалар немесе инциденттерді болдырмау немесе олардың салдарын азайту мақсатында ұсынымдар беруге өкілеттігі бар.

Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің өкілеттігі осы Қағидаға 1-қосымшада жазылған.

20. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, жеке және заңды тұлғалар авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияға жәрдем көрсетеді.

21. Комиссияның құрамында және оның жұмыс органдарында жұмыс істеуге тиісті басшылармен келісім бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, мемлекеттік органдардың өкілдері тартылуы мүмкін. Комиссия құрамында жұмыс істеу үшін кандидаттар туралы ақпарат одан сұрау алынғаннан кейін барынша қысқа мерзімде мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға беріледі.

22. Авиациялық техниканың істен шығуына (кемшілігіне) байланысты авиациялық оқиғаларды тексеруге қатысу үшін әуе кемесі (қозғалтқыш) соңғы жөндеуден өткен өнеркәсіп және жөндеу кәсіпорындарының уәкілетті өкілдері міндетті түрде тартылады. Әуе кемесі шетел мемлекетінде жасалған немесе жөнделген жағдайда осы мемлекеттердің уәкілетті өкілдері авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша мемлекеттік органның басшылары арқылы Комиссияның жұмысына тартылады.

23. Мүдделі мемлекеттер авиациялық оқиғаны тексеруге қатысу үшін өзінің уәкілетті өкілін тағайындайды.

Уәкілетті өкілдер авиациялық оқиғаны тексеруге қатысу үшін мамандарды ( кеңесшілерді, сарапшыларды) тартуы мүмкін.

24. Авиациялық оқиғаны тексеруге тексеру жүргізіліп отырған ұшуды ұйымдастыруға, орындауға, қамтамасыз етуге немесе қызмет көрсетуге қатысы болмаған адамдар қатысады.

Комиссия мүшелері және оның жұмыс органдарының мүшелері авиациялық оқиғаға қатысы бар заңды немесе жеке тұлғалар алдында қаржылық міндеттемелері бар сақтандыру компанияларының мүдделерін білдіре алмайды.

25. Егер Комиссияның жұмыс процесінде тексеріліп отырған авиациялық оқиғаға басқа мемлекеттік органның авиация персоналы тартылғаны туралы белгілі болса, Комиссия төрағасы одан әрі тексеру тәртібі туралы шешім қабылдау үшін ол туралы мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысына және авиация персоналы тексеріліп отырған авиациялық оқиғаға тартылған мемлекеттік органдардың басшыларына хабарлайды.

26. Авиациялық оқиғаларды тексеруді ұйымдастыру және жүргізу мәселелері жөнінде мүдделі мемлекеттік органдармен жедел өзара іс-қимылды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

27. Комиссияның жұмысын бақылауды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

28. Комиссия жұмысының ұзақтығы отыз тәуліктен аспайды.

Комиссия жұмысының басталуы Комиссия құрылған күн, аяқталуы – Комиссия төрағасы мен мүшелері авиациялық оқиғаны тексеру актісіне қол қойған күн есептеледі.

Егер оқиғаның себептерін анықтау үшін аяқталуы көрсетілген мерзімдерде мүмкін болмайтын арнайы зерттеулерді жүргізу қажет болса, онда Комиссия төрағасының өтініші бойынша оның жұмыс мерзімін мемлекеттік авиациясы саласындағы уәкілетті органның басшысы ұзартады.

Тексеру авиациялық оқиғаны тексеру актісі бекітілгеннен кейін аяқталған болып есептеледі.

Әуе кемесін эвакуациялаудың дұрыстығы туралы шешімді мемлекеттік органның (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) басшысы қабылдайды.

Апатқа ұшыраған әуе кемесін іздестіруді тоқтату туралы шешімді Комиссия төрағасы мемлекеттік органның басшысымен (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметінің басшысымен келісім бойынша қабылдайды.

Осындай шешім одан әрі іздестіру қолда бар іздестіру-құтқару күштерімен және құралдарымен әуе кемесін табуға әкелмейді және тірі қалған адамдарды құтқаруға ешқандай нақты үміт қалмады деп ойлауға жеткілікті негіздер болғанда ғана қабылданады.

Пайдалану процесінде зақымданған әуе кемесін қалпына келтірудің дұрыстығы туралы шешімді мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) қабылдайды.

29. Комиссия мүшелерін және тексеруге тартылатын адамдарды авиациялық оқиға орнына жеткізуді және кері қайтаруды авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесі қарамағында болатын мемлекеттік органның басшысы ұйымдастырады.

30. Авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты барлық жұмыстарды пайдаланушы қаржыландырады. Пайдаланушы тексеруге қатысушыларды оқиға орнында жұмыс жүргізу үшін арнайы киіммен және аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен, көлік және байланыс құралдарымен, қажетті құрал-саймандармен және шығын материалдарымен қамтамасыз етеді, оларға жұмыс істеу үшін қажетті жағдай жасайды, тексеру материалдарын сақтауды, көбейтуді және таратуды ұйымдастырады, демалуға орналасуын және тамақтануды қамтамасыз етеді.

31. Комиссия мүшелері мемлекеттік авиациясының әуе кемесін пайдалану кезінде тексеруді жүргізуге бұйрықтың көшірмесін және іссапар куәліктерін ұсынғаннан кейін әуе кемесі жолаушыларының тізіміне енгізіледі.

## § 3. Лауазымды адамдардың авиациялық оқиға кезіндегі іс-қимыл жасау тәртібі

32. Авиациялық оқиға болған сәттен бастап және Комиссия (Комиссия құрамының кезекші тобы) келгенге дейін авиациялық оқиға соның жауапкершілік аймағында болған аға авиациялық бастық, ал ол келгенге дейін әуе кемесінің командирі бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

33. Әуе кемесі апатқа ұшыраған экипаж мүшелерінің, жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар Комиссия келгенге дейін әуе кемесінің, оның құрамды бөліктері мен сынықтарының, объективті бақылаудың борттық құралдарының, осы әуе кемесінің бортында болған заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

34. Авиациялық оқиға, әуеайлақтан тыс жерге мәжбүрлі қонған жағдайда әуе кемесінің командирі экипаж мүшелерімен бірлесіп, әуе кемесін ұшуға пайдалану, жолаушыларды эвакуациялау және өртті сөндіру жөніндегі нұсқаулықта көзделген іс-әрекеттерді орындайды. Әуе кемесінде жанудың болмауына көзі жеткеннен кейін оқиға болған аумақтағы аға авиациялық бастығы келгенше әуе кемесінің командирі:

1) әуе кемесін жедел толық тоқсыздандырады (егер бұл эвакуация жүргізуге кедергі болмаса) және борттық өздігінен жазатын құралдардың сөндірілгеніне көз жеткізеді;

2) экипаж кабинасында басқару пульттарына және борттық өздігінен жазатын құралдарға тиіспеуді қамтамасыз етеді;

3) әуе кемесінің бортындағы заттарға тиіспеуді қамтамасыз етеді, отынды, майды және басқа да сұйықтарды ағызып тастауға тыйым салады;

4) есіктерді, люктарды, капоттарды жабады және мүмкіндігінше пломбалайды;

5) әуе кемесін және оқиға орнын күзетуді ұйымдастырады;

6) болған жағдай туралы жақын әскери бөлімге немесе жергілікті атқарушы органдарға мүмкіндігінше тез хабар беру үшін барлық ықтимал шараларды қолданады.

7) Егер әуе кемесінің командирі денсаулық жағдайы бойынша өз міндеттерін орындай алмаса, бұл әрекеттерді экипаждың басқа мүшелері орындайды.

35. Комиссия төрағасының рұқсатынсыз авиациялық оқиға болған жерде өрт сөндіру, жараланғандар мен қаза тапқандарды эвакуациялау, сондай-ақ жоғалуы мүмкін іздерді (мұз, күйе қабаттары, әуе кемесі қозғалысының топырақтағы іздері және т.б.) тіркеу бойынша жұмыстардан басқа, қандай да бір жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

36. Авиациялық оқиға жауапкершілігі аймағында болған аға авиациялық бастығы авиациялық оқиға болған жерге келгенде мынадай бастапқы іс-шараларды жүргізеді:

1) іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

2) әуе кемесін, жолаушылар мен экипаж мүшелерін құтқару, өртті сөндіру ( алдын алу), заттай айғақтарды сақтау жөніндегі қосымша шараларды қабылдау қажеттілігін белгілейді;

3) авиациялық оқиға болған орынды күзетуді ұйымдастыруға, оған бөгде адамдарды жіберуге тыйым салады, әуе кемесіне, оның ішіндегісіне немесе оның сынықтарына (сынықтар астынан зардап шеккендерді алып шығу қажет болған жағдайларды қоспағанда) тиіспеуді қамтамасыз етеді. Комиссия келгенге дейін әуе кемесінің немесе оның сынықтарының орнын ауыстыруға, егер олар көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысына немесе әуе кемелерінің қонуына кедергі жасаған жағдайларда ғана рұқсат етіледі. Осындай орын ауыстыру қажет болған кезде әуе кемесінің (оның сынықтарының) қалпын және жалпы жай-күйін, әуе кемесінің кабинасындағы құралдардың көрсеткіштерін, ауыстырып-қосқыштар мен басқару тұтқаларының қалпын тіркеу (фотоға түсіру, бейне түсіру, тексеру актісін, схемаларды жасау және т.б. жолмен) жөнінде шаралар қабылданады;

4) қажет болған кезде сынықтарды бөлшектеуді және зақымдауды болдырмай , әуе кемесінің негізгі бөліктеріне қатысты олардың орналасуын фотоға алдын ала түсіргеннен кейін және кестесін жасағаннан кейін қаза тапқандардың сүйектерін эвакуациялау туралы нұсқау береді;

5) объективті бақылаудың борттық құралдарын, авиациялық оқиға орнында болған құжаттарды сақтау жөнінде шаралар қабылдайды, авиациялық оқиға

болған орынға жанасатын жергілікті жердегі әуе кемесінің сынықтарын іздестіруді ұйымдастырады және олар табылған орындарда сақталуын қамтамасыз етеді. Егер объективті бақылаудың борттық құралдар агрессивтік сұйықтықтарда немесе өрт ошағында болса, оларды дереу алып шығу, ақпаратты сақтауға шара қабылдау, ұшу ақпаратын жинақтағыштарды алып қою және олардың сыртқы жай-күйі туралы акті жасау қажет. Басқа жағдайларда объективті бақылаудың борттық құралдарын Комиссия келгенге дейін алуға тыйым салынады;

6) әуе кемесінде радиоактивті элементтердің изотоптары бар агрегаттар мен оқ-дәрілер болған кезде авиациялық оқиға болған жерде радиация деңгейін тексеруді, осы агрегаттарды, сондай-ақ тиісті мамандарды тарта отырып, бар оқ-дәрілерді алуды ұйымдастырады;

7) жалпы мақсаттағы объективті бақылау материалдарын (ұшуларды басқару пункттеріндегі магнитофондардың дыбыс тасымалдағыш кассеталарын, авиациялық оқиға болған сәтте әуе кемесі солардың іс-қимылы аймағында болған радиолокациялық станциялар индикаторларының экрандарындағы бейне жазбасын тіркейтін фотокассеталарды, бейнекассеталарды) алуды және оларды мөрлеуді ұйымдастырады;

8) әуе кемесін ұшуға дайындау кезінде пайдаланылған аспапты, отынның бақылау сынамаларын, ұшуларды жерүсті қамтамасыз ету құралдарын мөрлеуді ұйымдастырады, май құюды тоқтату туралы және авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесіне май құю жүзеге асырылған ыдыстарды (отын құйғыштарды) мөрлеу туралы нұсқау береді;

9) авиациялық оқиғамен аяқталған әуе кемесінің ұшуына қатысы бар ұшу, техникалық және басқа да құжаттаманы (ұшулардың жоспарлы кестелерін, метеорологиялық құжаттаманы, экипаж мүшелерінің ұшу және медициналық кітапшаларын, ұшуға басшылық жасауды (оны басқаруды) жүзеге асыратын әуе қозғалысын басқару органының құжаттамасын, әуе кемесін дайындау формулярлары мен журналын, жанармайға, майға, арнайы сұйықтықтар мен газға арналған құжаттарды, объективті бақылаудың борттық құралдарымен тіркелетін параметрлердің соңғы градуирлеу материалдарын, аппараттық журналдарды) алуды және сақтауды ұйымдастырады;

10) әуеайлақтағы, ұшу бағдары бойынша және авиациялық оқиға болған жердегі метеорологиялық жағдайларды тіркеу жөнінде шара қабылдайды;

11) авиациялық оқиға болған әуе кемесі экипажының мүшелеріне, ұшуға басшылық жасауды және оған әуе кемесін тікелей дайындауды жүзеге асырған адамдарға медициналық тексеру жүргізуді, олардың әрекеттеріне жазбаша түсініктемелер алуды ұйымдастырады;

12) оқиға сәтіне жақын кезеңде авиациялық оқиға ауданында ұшуларды орындаған әуе кемелерін анықтауды ұйымдастырады және осы әуе кемелерінің объективті бақылау борттық құралдарындағы ақпаратты сақтау жөнінде шара қабылдайды;

13) авиациялық оқиғаны көрген адамдарды анықтайды және кейін Комиссияға ұсыну үшін олардан түсініктемелер алады;

14) авиациялық оқиға болар алдында әуе кемесін ұшуға дайындау және оны орындау туралы ақпараттың және тиісті құжаттардың сақталуы мақсатында авиациялық оқиға туралы әуе кемесі ұшып шыққан әуеайлақтың аға авиациялық бастығына хабарлайды;

15) Комиссия жұмысын қамтамасыз ету тобын құрады.

Бастапқы іс-шаралар нәтижесінде алынған барлық материалдар Комиссияға тапсырылады.

37. Жерүсті және борттық магнитофондарды ашуға және тыңдауға, борттық өздігінен жазу құралдарының кодын және шифрын ашуға, сондай-ақ ұшуға және оны қамтамасыз етуге қатысты құжаттамаға қандай да бір толықтырулар, өзгерістер немесе түзетулер енгізуге тыйым салынады. Жерүсті және объективті бақылаудың борттық құралдарымен жұмыс жасау Комиссия төрағасының нұсқауы бойынша ғана жүргізіледі.

38. Объективті бақылаудың жерүсті құралдарының материалдары қажет болған кезде іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Комиссия келгенге дейін пайдаланылуы мүмкін. Аға авиациялық бастығы ақпаратты сақтау жөнінде барлық шараларды қабылдайды және объективті бақылаудың жерүсті құралдарын алу және олардың сыртқы жай-күйі туралы актіні жасайды.

39. Авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін пайдалануды, жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді орындаған ұйымдардың басшылары авиациялық оқиға туралы ақпаратты алғаннан кейін тиісінше осы әуе кемесін сынақтан өткізуге, жөндеуге және пайдалануға және оның ұшуын қамтамасыз етуге қатысты құжаттаманың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды
.

## § 4. Авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия жұмысының тәртібі

40. Комиссияның (Комиссия құрамының кезекші тобының) жиналуы және авиациялық оқиға болған жерге кетуі тапсырма алынғаннан кейін төрт сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

41. Комиссия құрамының кезекші тобы авиациялық оқиға болған жерге келгеннен кейін шұғыл іс-шараларды және Комиссияның өкілеттіктерін жүзеге асырады.

Комиссия төрағасы авиациялық оқиға болған жерге келгеннен кейін мынадай іс-шараларды жүргізуді жүзеге асырады және ұйымдастырады:

1) отырыс өткізеді, онда Комиссия құрамын жариялайды, бастапқы іс-шараларды жүзеге асырған лауазымды адамдарды, оқиғаның жағдайлары және жасалған жұмыстар туралы мәліметтерді тыңдайды;

2) Комиссияның жұмыс органдарын құрайды, олардың басшыларын тағайындайды, жұмыстың негізгі бағыттарын белгілейді;

3) авиациялық оқиға болған жерді қарап тексереді және объективті бақылаудың борттық құралдарының материалдарын алуды ұйымдастырады;

4) авиациялық оқиғаны тексеру жоспарын және кіші комиссиялардың жұмыс жоспарларын бекітеді;

5) ұшуларды ұйымдастыру туралы деректер жинауды және зерделеуді жүзеге асырады;

6) экипаж, ұшуды басқару адамдары және жолаушылар туралы деректерді жинауды жүзеге асырады, сондай-ақ экипаж мүшелері мен жолаушылардың авиациялық оқиғадан кейінгі жай-күйін зерделейді;

7) тасымалданған жүктердің сипаты туралы деректер жинауды жүзеге асырады;

8) авиациялық техника туралы деректер жинауды жүзеге асырады;

9) метеорологиялық және орнитологиялық жағдай туралы деректер жинауды жүзеге асырады;

10) әуеайлақ, байланыс және ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары туралы деректер жинауды жүзеге асырады;

11) іздестіру-құтқару қызметінің іс-қимылдарын зерделейді;

12) эксперименттер, сараптамалар, талдамалық, зертханалық және басқа да зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

13) зерделенген материалдың, оқиғалар хронологиясының негізінде авиациялық оқиға жағдайларының себеп-салдарлық байланысын әзірлейді;

14) авиациялық оқиғаға әкеп соқтырған ұшуда ерекше жағдайдың туындауына және дамуына ықпал еткен кемшіліктер мен олқылықтарды зерделейді;

15) авиациялық оқиғаның себептері жазылатын қорытындыны дайындайды;

16) авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша осындай авиациялық оқиғаларды болдырмауға бағытталған ұсынымдарды әзірлейді;

17) авиациялық оқиғаның жағдайлары мен себептеріне талдау жүргізеді.

42. Комиссия төрағасы тексерудің барлық кезеңдерінде Комиссияның жұмысын ұйымдастырады, жүргізеді және бақылайды, барлық тексеруге қатысушылардың іс-қимылын үйлестіреді. Тексерудің негізгі ұйымдық және әдістемелік мәселелері жөніндегі шешімдерді Комиссия қабылдайды, бұл ретте Комиссия төрағасы соңғы шешімді қабылдау құқығына ие болады.

Қабылданған шешіммен келіспеген Комиссия мүшесі тексеру актісіне қоса берілетін ерекше пікірін жазбаша көрсетеді.

Талқыланатын мәселелер бойынша келіспеушіліктер болған кезде, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда Комиссия отырыстары хаттамалармен ресімделеді.

Хаттамаға отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Қажет болған кезде комиссия отырысының үнтаспалық жазбасы жүргізіледі, ол туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

43. Комиссияның және кіші комиссиялардың жұмысы Комиссия төрағасы бекіткен жоспарлар бойынша жүргізіледі.

Жұмыс органдарының құрамын Комиссия төрағасы бекітеді.

44. Комиссия эксперименттер, сараптамалар, талдамалық, зертханалық және басқа да зерттеулер жүргізу үшін объектілерді белгілейді, оларды авиациялық оқиға жағдайларының сипаттамасымен, қажетті құжаттамамен және зерттеулерді жүргізуге арналған техникалық тапсырмамен бірге ғылыми-зерттеу ұйымдарына жолдайды немесе ол авиациялық оқиға болған жерде жұмыс істеп жатқан жағдайда ұшатын зерттеу зертханасының бастығына береді.

45. Құспен соқтығысу белгілері бар әуе кемесінің бөлшектері және құс денесінің қалдықтары сараптамаға жіберіледі.

46. Авариялық авиациялық техниканы зерттеу жұмыс істеу үшін арнайы дайындалған орында немесе ұшатын зерттеу зертханасының бортында ұқсас әуе кемесі шығарылып, жүргізіледі.

47. Авариялық авиациялық техниканы зерттеу ғылыми-зерттеу ұйымдарында, сондай-ақ авиациялық оқиға болған жерде де әуе кемесін әзірлеуші ұйымдардың және жасаушы ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп жүргізіледі. Аталған өкілдер авиациялық оқиға болған сәттен бастап бес тәулік ішінде келмеген жағдайда зерттеулер олардың қатысуынсыз жүргізіледі.

48. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандары Комиссиядан зерттеу объектілері мен техникалық тапсырманы алғаннан кейін он тәулік ішінде қажетті жұмыстарды жүргізеді және қорытындыны мемлекеттік органның басшысына ( әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және Комисия төрағасына ұсынады.

49. Авариялық авиациялық техникаға жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша толық есеп материал зерттеуге келіп түскен күннен бастап отыз күн

ішінде жасалады, зерттеулерге қатысқан мамандар оған қол қояды, ғылыми-зерттеу ұйымының басшысы бекітеді және осы Қағиданың 62-тармағында көрсетілген адресаттарға таратылады.

50. Сарапшы (сараптама тобы) Комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес Комиссия (кіші комиссия) төрағасынан жауапты талап ететін сұрақтар тізбесімен жазбаша үлгіде техникалық тапсырма алады.

51 . Жұмыс нәтижелері сарапшы (сараптама тобының мүшелері) қол қоятын қорытынды түрінде ресімделеді, ол авиациялық оқиғаны тексеру ісіне қоса беріледі.

52. Кіші комиссиялар жұмысының нәтижелері есеп түрінде ресімделеді, олар Комиссия отырысында қаралғаннан кейін авиациялық оқиғаны тексеру ісіне қосылады.

53. Комиссия жұмысының қорытынды құжаты кіші комиссиялар мен жұмыс топтарының есептерінде жазылған материалдар мен қорытындылар, зерттеулер мен сараптамалар нәтижелері негізінде, сондай-ақ Комиссия қарауында болған басқа да материалдарды ескере отырып, жасалатын авиациялық оқиғаны тексеру актісі болып табылады.

54. Авиациялық оқиғаны тексеру актісінің әрбір данасына Комиссия мүшелері қол қояды.

55. Авиациялық оқиғаны тексеру актісінің мазмұнымен немесе қорытындыларымен келіспейтін Комиссия мүшесі бір тәулік ішінде негіздемесі және нақты ұсыныстары берілген ерекше пікірін жазбаша түрде Комиссия төрағасына ұсынады.

Комиссия ерекше пікірді қарау үшін арнайы топты құрады, ол осы пікір бойынша дәлелді қорытынды дайындайды. Егер Комиссия ерекше пікірді ескермесе, оны ұсынған Комиссия мүшесі "ерекше пікірмен" деген белгі қойып, авиациялық оқиғаны тексеру актісіне қол қояды. Ерекше пікір ол бойынша дәлелді қорытындымен бірге тексеру актісіне тіркеледі.

Ұқсас тәртіп кіші комиссиялар мен жұмыс топтарының есептерін жасау және оларға қол қою кезінде сақталады.

56. Авиациялық оқиғаны тексеру материалдары тексеру актісімен бірге мемлекеттік авиацияда авиациялық оқиғаны тексеру ісіне ресімделеді (осы Қағидаға 2-қосымша).

## § 5. Авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша құжаттарды ресімдеу тәртібі

57. Комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін Комиссия төрағасы мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) авиациялық

оқиғаны тексеру ісін қоса бере отырып, оның нәтижелері туралы баяндаманы ұсынады.

Баяндамада авиациялық оқиғаның мән-жайлары, оның себептері, тексеру барысында анықталған кемшіліктер және Комиссияның осындай авиациялық оқиғаларды болдырмау жөніндегі ұсынымдары көрсетіледі.

58. Авиациялық оқиғаны тексеру актісін Комиссияны тағайындаған мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы бекітеді.

59. Авиациялық оқиғаны тексеру актісін бекітетін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы, егер тексерудің нәтижелеріне ықпал еткен тексеру тәртібі мен ережелерін бұзу фактілері анықталған болса немесе Комиссияның тұжырымдары мен қорытындысы қате деп есептеуге негіз болса, Комиссияның авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындысын қайта қарау туралы шешім қабылдайды.

60. Комиссияның авиациялық оқиғаны тексеру актісіне қол қойған сәтінен бастап отыз күннен кешіктірмей ұсынылатын тексеру нәтижелерін қайта қарау туралы ұсыныста:

1) Комиссия қарамаған проблемалар;

2) осы проблемаларды қарау қажеттілігінің негіздемесі;

3) қосымша зерттеулер мен сараптамалар жүргізу жөніндегі ұсыныстар;

4) сараптама комиссиясының құрамы туралы көрсетіледі.

61. Авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындыны қайта қарау үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы сараптама комиссиясын құрады, ол авиациялық оқиғаны тергеген Комиссияның қорытындысын, жаңа мән-жайлар мен фактілерді ескере отырып, қосымша зерттеулер жүргізеді және авиациялық оқиғаны тексеру ісіне қосылатын сараптама қорытындысын дайындайды.

Авиациялық оқиғаны тексеру актісі мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысына бекітуге ұсынылады.

62. Авиациялық оқиғаны тексеру ісі бес данада жасалады және авиациялық оқиғаны тексеру актісі бекітілгеннен кейін он тәулік мерзімде:

авиациялық оқиғаны тексеру актісінің бірінші данасы бар біріншісі – мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға;

екіншісі – мемлекеттік орган басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша);

үшіншісі – мемлекеттік авиацияны басқару органына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша);

төртіншісі – авиация бөліміне (әуе кемесінің тиесілігі бойынша);

бесіншісі – әскери прокуратура органына жолданады.

63. Авиациялық оқиғаны тексеру ісінің мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органдағы данасы ұдайы сақтаудағы құжат болып табылады, қалған даналардың сақталу мерзімі – он жыл.

64. Авиациялық оқиғаны тексеру процесінде авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесі иелігінде тұрған мемлекеттік орган басшысының рұқсатымен осы авиациялық оқиға туралы нақты деректер ғана жариялануы мүмкін.

65. Авиациялық оқиғаны тексеру процесінде алынған және адамдардың кез келген мәлімдемелерінен, әуе кемесін пайдалануға қатысы бар адамдар арасындағы кез келген хат жазысудан, авиациялық оқиғаның қатысушыларына қатысты медициналық немесе құпия мәліметтерден, борттық өздігінен дыбыс жазғыштар жазбаларының шифрын ашудан тұратын ақпарат авиациялық оқиға фактісі бойынша алдын ала тексеруді жүзеге асыратын құқық қорғау органымен келісім бойынша жарияланады.

66. Авиациялық оқиғаның мән-жайларына қатысты ақпаратты осы оқиғаны тексеруге қатысушылар Комиссия төрағасына береді. Комиссия төрағасының келісімімен олар осы ақпаратты ұшулар қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау үшін пайдалануы мүмкін. Тексеру процесіне зиян келтірмеу үшін көрсетілген ақпарат қандай да болмасын жағдайда бөгде адамдарға берілмейді немесе олармен талқыланбайды.

67. Авиациялық оқиғаны тексеру аяқталғаннан кейін оқиға және оны тексеру нәтижелері туралы ресми ақпаратты мемлекеттік органның басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) немесе оның тапсырмасы бойынша басқа да адам жұртшылықтың, заңды тұлғалардың және азаматтардың назарына жеткізеді.

68. Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемесімен болған авиациялық оқиға басқа мемлекет аумағында болса, әуе кемесі қарамағында болған мемлекеттік органның басшысы тексеруге қатысу үшін уәкілетті өкілдерді тағайындайды. Уәкілетті өкілдердің құрамы туралы тиісті хабарлама Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ) арқылы аумағында авиациялық оқиға болған мемлекетке жолданады.

Уәкілетті өкілдердің шығуға құжаттарын ресімдеуді осы өкілдерді жіберетін тиісті мемлекеттік органдар немесе ұйымдар белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Аумағында авиациялық оқиға болған шетел мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері уәкілетті өкілдерге жәрдем көрсетеді және оларды жұмыс істеу үшін тиісті жағдаймен қамтамасыз етеді.

69. Басқа мемлекеттің аумағында орын алған Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру осы мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің талаптары ескеріліп жүргізіледі. Егер осы мемлекеттер арасында авиациялық оқиғаларды

тексерудің халықаралық ережелері белгіленсе, онда көрсетілген ережелер қолданылады.

70. Егер аумағында авиациялық оқиға болған мемлекет осы оқиғаны тексеру құқығын Қазақстан Республикасына беретін болса, онда осындай тексеру тиісті мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға, авиациялық оқиғаларды тексерудің халықаралық қағидаларына және оқиға болған мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

71. Авиациялық оқиғаны тексеру барысында туындайтын мәселелерді уәкілетті өкілдер Авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы арқылы шешеді.

Шетелдік ғылыми-зерттеу ұйымдарында арнайы зерттеулерді жүргізу қажет болған кезде уәкілетті өкілдер бұл туралы мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға хабарлайды.

72. Авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты жұмыстар аяқталғаннан кейін авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері жөніндегі уәкілетті өкіл баяндаманы мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның басшысына ұсынады.

## 2. Авиациялық инциденттер

### § 1. Авиациялық инцидент туралы хабар беру

73. Басқарушы лауазымды адамдарға авиациялық инцидент туралы хабар беру үшін әрбір авиациялық бөлімде, мемлекеттік авиацияның басқару органында осы Қағида ескеріліп, авиациялық инцидент кезінде лауазымды адамдар әрекеттерінің тәртібін белгілейтін хабар беру схемасы әзірленеді, оны мемлекеттік авиацияны басқару органының, авиация бөлімінің бірінші басшысы бекітеді.

74. Авиациялық инциденттер туралы хабар беру ұшулар аяқталғаннан кейін жедел кезекшілер тарапы бойынша жоғары тұрған командалық пунктке (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) жүзеге асырылады, онда олар осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авиациялық инциденттер туралы хабар беру журналдарында, сондай-ақ мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда есепке алынады.

75. Барлық елеулі инциденттер туралы авиациялық бөлім командирі мемлекеттік авиацияны басқару органының басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға дереу ауызша баяндайды. Баяндамада:

1) оқиға сипаттамасы, күні, тәулік уақыты және метеорологиялық жағдай;

2) авиациялық бөлім, әуеайлақ, әуе кемесінің үлгісі;

3) экипаж командирінің лауазымы, сыныбы, әскери атағы, тегі;

4) жаттығу нөмірі, ұшу тапсырмасының мазмұны және ұшу кезеңі;

5) белгілі мән-жайлар, ұшқыштың (экипаждың) және ұшуларды басқару тобының іс-әрекеттері;

6) әуе кемесі зақымдарының сипаты;

7) егер авиациялық инцидент авиациялық техниканың істен шығуына байланысты болса, авиациялық техника туралы деректер;

8) егер авиациялық инцидент ұшуларды басқару тобының персоналының іс-әрекетімен байланысты болса, ұшуларды басқару тобының персоналы туралы деректер;

9) елеулі авиациялық инцидентті тексеру тәртібі туралы ұсыныс (шешім) көрсетіледі.

Көрсетілген мәліметтердің кейбіреулерінің болмауы баяндаманы кешіктіруге негіз болып табылмауға тиіс. Баяндамада авиациялық инциденттің мән-жайлары мен себептері туралы болжамданатын ақпарат болмауға тиіс.

## § 2. Авиациялық инциденттерді анықтау және оларды тексеру тәртібі

76. Авиациялық инцидентті айқындауды ұшуларды дайындауға, жүргізуге және қамтамасыз етуге қатысатын барлық лауазымды адамдар, сондай-ақ оларды жүргізуді бақылайтын адамдар жүзеге асырады.

77. Авиациялық инциденттерді айқындау, оларды толық және объективті тексеру үшін, сондай-ақ оларды есепке алуды жүргізу үшін бақылауды аға авиациялық бастықтар және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның тиісті мамндары жүзеге асырады.

78. Авиациялық инциденттерді айқындау үшін:

1) ұшуларды ұйымдастыратын, орындайтын, қамтамасыз ететін және оларға қызмет көрсететін адамдардың жеке бақылаулары мен баяндамалары;

2) объективті бақылаудың материалдары;

3) ұшуларды бақылайтын адамдардың ақпараты мен баяндамалары;

4) ұшулардың басшысы мен ұшулардың аға инженерінің журналдарындағы жазбалар;

5) борттық және техникалық құжаттама;

6) көрген адамдардың куәлігі;

7) тексерілуге жататын авиациялық оқиғалар туралы мәліметі бар адамдардың өз еркімен хабарламасы пайдаланылады.

79. Әрбір авиациялық инцидент авиациялық оқиғаны тексерудің сол қағидаттарына негізделген және сол мақсатта жүргізілетін тексерілуге тиіс.

80. Қандай да бір авиациялық жағдайды авиациялық инцидентке жатқызу және оның жіктелуі туралы шешімді авиациялық бөлімнің командирі, аға

авиациялық бастық немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның тиісті мамандары қабылдайды.

Мемлекеттік авиацияда тексеруліге жататын авиациялық инциденттердің тізбесі осы Қағидаға 4-қосымшада келтірілген.

81. Авиациялық инциденттерді тексеруді мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган ұдайы негізде құрайтын комиссия (бұдан әрі – авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссия) жүргізеді.

82. Авиациялық инцидентті тексеру мерзімі авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияны құру туралы бұйрық шығарылған кезден бастап авиациялық инцидентті тексеру актісі бекітілгенге дейін болады, әдетте, егер қосымша зерттеу жүргізу қажет болмаса, бес тәуліктен, елеулі авиациялық инцидент үшін – он тәуліктен аспайды.

Уәкілетті орган комиссияның өтініші бойынша тексерудің белгіленген мерзімін ұзартады.

Арнайы зерттеуді жүргізуді талап ететін жағдайларда осы зерттеулердің нәтижелері туралы қорытынды алынғаннан кейін авиациялық инциденттің себептері туралы түпкілікті қорытынды жасалады.

83. Әуе кемесі зақымданған елеулі авиациялық инциденттерді тексеру кезінде тексеру жөніндегі комиссияның жұмысына әуе кемесін әзірлеуші ұйымдардың, жасаушы ұйымдардың және жөндеу кәсіпорнының өкілдері тартылуы мүмкін.

84. Авиациялық инцидентті немесе елеулі авиациялық инцидентті тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік авиацияда авиациялық инцидентті немесе елеулі авиациялық инцидентті тексеру актісі (осы Қағидаға 5-қосымша) жасалады, оны комиссияны тағайындаған лауазымды адам бекітеді. Авиациялық инцидентті немесе елеулі авиациялық инцидентті тексеру актісі мен материалдары авиациялық инцидентті тексеру ісінде жинақталады. Тексеру ісі даналарының санын комиссия төрағасы белгілейді. Авиациялық инцидентті немесе елеулі авиациялық инцидентті тексеру ісінің бірінші данасы авиация бөлімінде сақталады, екінші данасы мемлекеттік авиациясының басқару органына жіберіледі, үшіншісі – мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Авиациялық инцидент фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда авиациялық инцидентті тексеру ісінің бір данасы алдын ала тексеруді жүзеге асыратын органға жіберіледі.

85. Материалдық зиянға немесе адамдар денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтырған елеулі авиациялық инцидент болған жағдайда мемлекеттік авиацияны басқару органының басшысы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тексеру аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік органның басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) тексеру нәтижелері туралы

жазбаша баяндаманы, көшірмесін – мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Хабарламада елеулі авиациялық инциденттің сипаты, ұшқыш (экипаж), авиациялық техника (оның істен шығуына немесе зақымдануына байланысты болған жағдайда), тапсырма, авиациялық инциденттің мән-жайлары мен себебі туралы деректер, ұшқыш (экипаж) және ұшулар басшылығының тобы, әуе қозғалысын басқару органы іс-әрекетінің бағасы, материалдық зиян сипаты және адамдар денсаулығына зиян келтірген дәрежесі, ұқсас инциденттерді алдын алу жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі.

## 3. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болдырмау жөніндегі ұсынымдар мен іс-шаралар. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді жіктеу және есепке алу. Авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы деректерді ұсыну жүйесін құру тәртібі

### § 1. Авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру нәтижелері бойынша алдын алу іс-шараларын әзірлеу

86. Авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру барысында алынған ақпаратты талдау негізінде авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссия ұшу қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді. Ұсынымдарды әзірлеу кезінде барлық қауіпті, оның ішінде ұшуда ерекше жағдайдың туындауы мен дамуына тікелей ықпал етпеген, бірақ ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін факторлар ескеріледі.

87. Ұсынымдарға авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету, оны жөндеу және пайдалану жүйесін жетілдіру, ұйымдық-штаттық құрылымдарды жетілдіру, авиациялық персоналды кәсіби даярлау деңгейін арттыру, әуе қозғалысын және ұшуларды жерүстімен қамтамасыз етуді басқаруды жетілдіру, нормативтік құқықтық актілер жетілдіру мәселелері және авиациялық қызметтің басқа да аспектілері енгізілуі мүмкін.

88. Авиациялық оқиғаларды тексеру нәтижелері бойынша алдын алу іс-шараларын әзірлеуді мемлекеттік авиацияны басқару органы (авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесінің тиесілігі бойынша) және авиациялық өнеркәсіп өкілдері (егер авиациялық оқиға авиациялық техниканың істен шығуының, оның эргономикалық жетілдірілмеуі немесе оны пайдалану немесе жөндеу қағидаларын бұзу себебінен болса) жүзеге асырады.

89. Алдын алу іс-шараларын авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның ұсыныстары мен ұсынымдары негізінде әзірленеді және іс-шаралар жоспарлары түрінде (ведомствоішілік немесе ведомствоаралық) ресімделеді.

Авиациялық оқиғаларды тексеру нәтижелері бойынша алдын алу іс-шараларының ведомствоішілік жоспарлары авиациялық оқиғаны тексеру аяқталған күнінен бастап он бес тәулік ішінде, ал ведомствоаралық жоспарлар – отыз тәулік ішінде әзірленеді.

Авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу мерзімі ведомствоішілік жоспарлар үшін он тәулікті және ведомствоаралық жоспарлар үшін – жиырма тәулікті құрайды. Мерзім ұсынымдар алынған сәттен бастап есептеледі.

90. Жекелеген жағдайларда авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссиялардың ұсынымдары бойынша жедел іс-шаралар тексеру аяқталып, авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру актісі бекітілгенге дейін әзірленеді және енгізіледі.

Авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыруды бақылау мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға жүктеледі.

Авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдарын іске асыруды бақылау мемлекеттік авиацияның басқару органына жүктеледі.

91. Іс-шаралар жоспарын құру кезінде авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру комиссиясының барлық ұсынымдары орындалуға қабылдануға тиіс. Іс-шаралар жоспарлары немесе өзге де басқарушы құжаттар ұшу қауіпсіздігін арттыруға бағытталған алдын алу шараларын қабылдауды қарастыруға тиіс. Іс-шаралар жоспарына тексеру кезінде айқындалған, авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссия ұсынымдарында көрсетілмеген кемшіліктерді жоюға бағытталған қосымша шаралар енгізілуі мүмкін.

92. Алдын алу іс-шараларының жоспарын әзірлеуге басқа да мемлекеттік органдардың мамандары (басшымен келісім бойынша) тартылып, мемлекеттік органның (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) өкілдері қатысады.

93. Бірнеше авиациялық оқиғаларды тексеру нәтижелері жөніндегі алдын алу іс-шараларының бірлескен жоспарын әзірлеуге рұқсат етіледі.

94. Алдын алу іс-шараларының жоспарын авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия тағайындаған басшы бекітеді. Жоспардың көшірмелері орындаушыларға және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға жолданады.

95. Белгіленген мерзімдерде орындаушылар алдын алу іс-шараларын іске асыру туралы алдын алу іс-шараларының жоспарын бекіткен басшыға және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға баяндайды немесе белгіленген мерзім аяқталғанға дейін бес тәуліктен кешіктірмей іс-шараны орындамау себептері туралы жазбаша хабарламаны ұсынады.

96. Авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру аяқталғаннан кейін авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары авиациялық бөлімде тексеру нәтижесінде айқындалған мән-жайлар, себептер, қауіпті факторлар мен кемшіліктер туралы ақпаратты, сондай-ақ ұқсас авиациялық оқиғаларды болдырмау жөніндегі ұсынымдар мүдделі ұйымдар мен адамдарға жеткізу мақсатында талқылау жүргізеді.

97. Талқылауды жүргізу уақыты мен тәртібі туралы, сондай-ақ оған қатысуға тартылатын адамдар туралы шешімді аваициялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы қабылдайды.

98. Талқылауға қатысушылар тексеру нәтижелерінен туындаған және ұшу қауіпсіздігін арттыруға бағытталған өздерінің ұсыныстары мен ұсынымдарын жазбаша түрде ұсынуға, сұрақ қоюға құқылы.

## § 2. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді жіктеу және есепке алу

99. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді жіктеуді мемлекеттік авиация саласындағы уәкілеті орган жүзеге асырады.

100. Авиациялық оқиға олардың салдарына қарай апаттар мен аварияларға бөлінеді.

101. Инциденттер олардың қауіп дәрежесіне және салдарына қарай авиациялық инциденттерге, елеулі авиациялық инциденттерге және әуе кемесі зақымданған елеулі авиациялық инциденттерге бөлінеді.

Әуе кемесі зақымданған елеулі авиациялық инцидентке әуе кемесін техникалық пайдалану жөніндегі құжатта көзделмеген агрегаттарды ауыстыру жолымен жойылған және технологияларды қолдануды талап етпейтін бүлінулер жатпайды;

Әуе кемелерінің соқтығысуы нәтижесінде болған авиациялық оқиғалар бір оқиға ретінде тексеріледі, ал әрбір әуе кемесі үшін жеке жіктеледі және есепке алынады. Тексеру нәтижелері бойынша авиациялық оқиғаны тексерудің бір ісі ресімделеді.

102. Мемлекеттік авиациясында авиациялық оқиғалар мен инциденттерді есепке алуды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

103. Әрбір авиациялық оқиғаны мемлекеттік авиацияны басқару органы (әуе кемесінің тиесілігі бойынша), авиациялық бөлім мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда Мемлекеттік авиацияда авиациялық оқиғаларды есепке алу журналына (осы Қағидаға 6-қосымша) тіркеуге жатады. Авиациялық

бөлімнің және мемлекеттік авиацияның басқару органдарының командалық пункттерінде мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалар туралы жедел ақпаратты есепке алу журналы (осы Қағидаға 7-қосымша) жүргізіледі.

Авиациялық оқиғаларды есепке алу журналдары ұдайы сақтаудағы құжаттар болып табылады.

104. Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда, мемлекеттік авиацияны басқару органдарында (әуе кемесінің тиесілігі бойынша) дербес электрондық-есептеу машиналарын қолданып, авиациялық оқиғаларды автоматтандырылған түрде есепке алу үшін мемлекеттік авиацияда авиациялық оқиғаларды есепке алу карточкалары (осы Қағидаға 8-қосымша) жүргізіледі.

105. Авиациялық оқиғаларды есепке алу нақты авариялық жай-күйді айқындау, қауіпті факторлар туралы деректер жинақтау, алдын алу іс-шараларын уақтылы әзірлеу және олардың тиімділігін бағалау мақсатында мемлекеттік авиациядағы факторлар (себептер) топтары бойынша (осы Қағидаға 9-қосымша) жүргізіледі.

106. Авиациялық бөлімдерде барлық авиациялық инциденттерге белгіленген нысанда (осы Қағидаға 10-қосымша) мемлекеттік авиацияда авиациялық инцидентті есепке алу карточкасы құрылады. Аталған карточканың бір данасы ай сайын, әр айдың 10-на дейін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға жолданады.

Авиациялық техниканың істен шығуы себеп болған әрбір авиациялық инцидентке мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда және мемлекеттік авиацияның басқару органында авиациялық инцидентті есепке алу карточкасынан басқа, авиациялық техниканың істен шығуының белгіленген үлгідегі карточкасы ресімделеді.

107. Авиациялық бөлімшелерде авиациялық инциденттер, ұшқыштар құрамының (экипаждардың) бұзушылықтары мен қате әрекеттері мемлекеттік авиацияда авиациялық инциденттерді, ұшқыштар құрамының (экипаждардың) бұзушылықтары мен қате әрекеттерін есепке алу журналында (осы Қағидаға 11-қосымша) есепке алынады.

108. Авиациялық бөлімде авиациялық инциденттер мемлекеттік авиацияда авиациялық инциденттерді есепке алу журналында (осы Қағидаға 12-қосымша) есепке алынады.

109. Мемлекеттік авиацияның басқару органдарында авиациялық инциденттер осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік авиацияда авиациялық инциденттерді есепке алу журналында есепке алынды.

110. Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органда барлық авиациялық инциденттер есепке алынады.

## § 3. Авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы деректерді ұсыну жүйесін құру тәртібі

111. Авиациялық оқиғаларды болдырмау жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жыл сайын ұшу қауіпсіздігінің жай-күйіне талдау жүргізеді және жиырмасыншы ақпаннан кешіктірмей тиісті материалдарды мүдделі мемлекеттік органдарға ұсынады.

112. Ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін талдауға:

1) болған авиациялық оқиғалар мен инциденттердің саны, олардың жіктелуі мен себептері;

2) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі алдын алу жұмыстарының жай-күйін бағалау;

3) ұшу қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсынымдар енгізіледі.

113. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру материалдары, авиациялық бөлімдер мен мемлекеттік авиацияны басқару органдарының инспекциялық тексеру нәтижелері, авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болдырмау мақсатында жүргізілген алдын алау іс-шаралары талдау үшін бастапқы деректер болып табылады.

114. Барлық авиациялық инциденттер, ұшқыштар ауысымы және әуе қозғалысын басқару органдарының кезекшілік уақытындағы бұзушылықтар мен қате әрекеттер туралы авиациялық бөлімнің авиациялық персоналына хабарланады. Авиациялық инциденттерді тексеру аяқталғаннан кейін олардың қорытындылар туралы, ұқсас авиациялық инциденттерді болдырмау жөніндегі алдын алу іс-шаралары туралы ақпарат барлық мүдделі адамдардың назарына жеткізіледі.

115. Авиациялық бөлімде ай сайын (мемлекеттік авиацияны басқару органдарда тоқсан сайын) авиациялық инциденттерді, авиациялық персоналдың бұзушылықтары мен қате әрекеттерін талдау әзірленеді, оның нәтижелері есептік кезеңде жұмыс қорытындыларын жүргізу кезінде авиациялық бөлім командирінің (мемлекеттік авиацияны басқару органы басшысының) баяндамасында жеке бөлім түрінде енгізіледі.

116. Ұқсас себептер бойынша қауіпті факторларды айқындау, авиациялық оқиғаларды болдырмау бойынша ұсынымдарды әзірлеу және іс-шараларды жүргізу мақсатында авиациялық инциденттерге, жеке құрамның бұзушылықтары мен қате әрекеттеріне талдау жүргізіледі.

Авиациялық инциденттерді тексеру қорытындылары мен нәтижелері, инциденттерді есепке алу карточкалары, сондай-ақ тиісті басқару органдары

әзірлейтін талдамалық материалдар талдау үшін бастапқы материал қызметін атқарады.

117. Авиациялық инциденттерді талдау мынадай бөлімдерден тұрады:

1) авиациялық бөлімдердің күнделікті қызметінің жай-күйі мен жағдайларын бағалау тұжырымдары;

2) алға қойылған міндеттерді орындауды қиындатқан факторлар;

3) өткен айда (тоқсанда) авиациялық бөлімдермен шешкен міндеттердің сипаты мен ерекшеліктері, оларды орындаудың негізгі қорытындылары;

4) авиациялық оқиғалар мен авиациялық инциденттерді талдау, айқындалған қауіпті факторлар;

5) авиациялық персоналдың санаттары, сыныбы, ұшу кезеңдері, метеожағдай, басқа да өлшемдер бойынша ұшу қауіпсіздігінің жай-күйін егжей-тегжейлі талдау. Мемлекеттік авиацияны басқару органында әзірленетін талдауға авиациялық инциденттердің саны және әрбір авиациялық бөлімде әуе кемесінің үлгісі бойынша тоқсан ішіндегі ұшулар туралы қосымша ақпарат енгізіледі;

6) алдын алу жұмыстарының жай-күйі, авиациялық оқиғаларды болдырмау бағдарламаларын орындау тиімділігі, авиациялық инциденттердің, бірінші кезекте жеке құрамның дұрыс емес (қате) іс-әрекеттеріне, нормативтік құжаттардың талаптарын бұзуға байланысты қайталануының алдын алу бойынша шаралар қабылдау;

7) авиациялық инциденттерді есепке алудың жай-күйі, жасыру немесе дұрыс емес жіктеу фактілері, авиациялық оқиғаларды болдырмау бойынша жұмыстың оң үлгілері туралы тұжырымдар;

8) авиациялық оқиғаларды болдырмау бойынша нұсқаулар, ұсыныстар мен ұсынымдар;

118. Авиациялық инциденттерді талдау материалдарына мемлекеттік авиацияны басқару органының басшысы қол қояды және олар авиациялық персоналдың зерттеуі үшін бағынышты авиациялық бөлімдерге жіберіледі.

Талдау материалдарының бір данасы есептік тоқсаннан кейінгі келесі айдың онына дейін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

## 3-бөлім. Азаматтық (эксперименттік) авиациядағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру тәртібі

### 1. Авиациялық оқиғалар

### § 1. Авиациялық оқиға туралы хабар беру

119. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары экипажбен радиобайланысты жоғалтқан немесе радиолакатордың экранында әуе кемесінің белгісі жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе

кемелерінің қозғалысы туралы хабарламалар табеліне және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы хабар беру схемасына сәйкес болған жағдай туралы алғашқы хабарды береді.

120. Басшы лауазымды адамдарға авиациялық оқиға туралы жедел хабар беру үшін осы Қағида ескеріліп, авиациялық оқиға кезінде лауазымды адамдардың іс-әрекеттерінің тәртібін белгілейтін нұсқаулық азаматтық авиацияның әрбір ұйымында әзірленеді, оны ұйымның бірінші басшы бекітеді.

121. Авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін пайдаланушы (оның иесі) бір тәулік ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға, аумағында авиациялық оқиға болған жергілікті атқарушы органға, көлік прокуратурасына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ), Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – ТЖМ) және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) аумақтық органдарына бастапқы хабарламаны жібереді.

122. Бастапқы хабарламада мынадай ақпарат:

1) авиациялық оқиғаның түрі;

2) күні, уақыты (жергілікті және UTC);

3) әуе кемесінің үлгісі, мемлекеттік және тіркеу белгісі, сериялық (зауыттық) нөмірі;

4) әуе кемесін пайдаланушының (иесінің) атауы;

5) оқиға болған кездегі метеожағдай;

6) кеме командирінің тегі және экипаж мүшелері мен жолаушылардың азаматтығы;

7) ұшып шығудың бастапқы пункті және жеткізу пункті көрсетілген ұшу тапсырмасының сипаты;

8) экипаж мүшелері мен жолаушылар саны, оның ішінде қайтыс болғандар мен дене жарақаттарын алғандардың саны, сондай-ақ әуе кемесінің бортында болмаған қаза тапқан және жарақат алған адамдардың саны;

9) ұшудың соңғы пункті және белгіленген қону пункті;

10) әуе кемесінің қандай да бір тез анықтауға болатын географиялық пунктідегі, ендіктегі және бойлықтағы тұрған жері;

11) оқиға болған жердің физикалық-географиялық сипаттамасы;

12) авиациялық оқиғаның хабарламаны беру кезінде анық белгілі болған мән-жайлары;

13) әуе кемесінің зақымдану дәрежесі;

14) әуе кемесі құлауына (мәжбүрлі қонуына) байланысты жердің бетінде болған бүлінушіліктер (олар орын алған жағдайда);

15) іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу туралы деректер;

16) хабарлама беру сәтіне белгілі болған авиациялық оқиға бойынша басқа да накты мәліметтер;

17) бортта қауіпті жүктердің болуы және оның сипаты қамтылады.

Аталған мәліметтердің кейбіреулерінің болмауы бастапқы хабарламаны жіберуді кешіктірмеуге тиіс. Хабарламада оқиғаныңмән-жайлары мен себептері туралы болжамды мәліметтер болмауға тиіс.

123. Қазақстан Республикасының аумағында шетел мемлекетінің әуе кемесімен авиациялық оқиға болған кезде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган пайдаланушының өкілдігіне, сондай-ақ дипломатиялық арналар бойынша тіркеу мемлекеті мен пайдаланушы мемлекетіне хабарлама беретін СІМ-ге бастапқы хабарламаны жібереді.

124. Шетел мемлекетінің аумағында Қазақстан Республикасының әуе кемесімен болған авиациялық оқиға туралы бастапқы хабарды оқиға болған мемлекеттің авиациялық өкіметі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемелеріне, әуе кемесін пайдаланушының ( иесінің) өкілдігіне хабарлайды, олар өз кезегінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға хабарлайды.

125. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган авиациялық оқиға туралы хабарламаны:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарына;

2) әзірлеуші мемлекетке;

3) жасаушы мемлекетке;

4) егер әуе кемесінің ең үлкен массасы 2250 кг-дан асса немесе ол турбореактивті ұшақ болса Халықаралық азаматтық авиация ұйымына (ИКАО) жіберіледі.

Хабарламада, мүмкіндігінше, осы Қағиданың 122-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылады және толық ақпараттың болмауына байланысты ол кешіктірілмейді.

126. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган қаза болғандардың немесе ауыр дене жарақаттарын алғандардың ішінде олардың азаматтары бар болғандықтан, авиациялық оқиғаға ерекше мүдделі мемлекеттерге хабарлайды, сондай-ақ осы мемлекеттерге тексеруге көмек көрсетуге және қатысуға құқығы болатын сарапшыларды тағайындауға рұқсат береді.

## § 2. Авиациялық оқиғаларға тексеруді ұйымдастыру

127. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру Комиссияға жүктеледі, оның құрамына әуе кемесін пайдаланушының, азаматтық авиация ұйымдарының, әуе кемесін әзірлеушінің, жасаушының, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері кіруі мүмкін.

128. Комиссия құрамын қалыптастыру үшін тексеру жөніндегі уәкілетті орган азаматтық авиацияның ұйымдарына және мемлекеттік органдарға сұрау жібереді, олар сұрауды алған кезден бастап, үш тәулік ішінде Комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатураларды ұсынады.

129. Комиссия өзінің әрекеттерін прокуратура, ІІМ және ҰҚК өкілдерімен үйлестіріп, авиациялық оқиғаларды тексеруді құқық қорғау органдарынан тәуелсіз жүргізеді.

130. Комиссия мүшелері:

авиациялық оқиға жағдайын анықтау үшін апатқа ұшыраған әуе кемесінің бортына кедергісіз кіруге;

апатқа ұшыраған әуе кемесін, оның құрамды бөліктерін, апатқа ұшыраған әуе кемесінің бортындағы мүлікті, осы мүліктің тиесілігіне қарамастан, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ететін құралдар мен объектілерді тексеруге;

ғылым және техника салаларында тиісті білімді талап ететін міндеттерді шешу үшін олардың ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйым қызметкерлерін тартуға;

авиациялық оқиғаны көрген, авиациялық оқиғаға қатысы бар немесе қатысы болуы мүмкін адамдардан жауап алуға, құқық қорғау органдарынан қажетті ақпаратты алуға;

авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, өндіруге, пайдалануға және жөндеуге, авиациялық персонал қатарынан адамдарды дайындауға, әуе қозғалысын ұйымдастыруға, әуе кемелерінің ұшуларын орындауға және қамтамасыз етуге қатысты барлық мәселелерді зерделеуге;

осы авиациялық оқиғаға байланысты мәселелер бойынша құжаттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан сұратуға және алуға;

апатқа ұшыраған әуе кемесінің экипаж мүшелерінің, сондай-ақ авиациялық персонал қатарынан тиісті адамдардың психофизиологиялық жай-күйіне зерттеу жүргізуге өкілетті.

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеруге қатысушылардың өкілеттіктері осы Қағидаға 14-қосымшада жазылған.

131. Шет мемлекеттің аумағында Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесімен болған авиациялық оқиғаны тексеруді оқиға болған мемлекеттің тексеру жөніндегі уәкілетті органы сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүргізеді. Қазақстан Республикасы тексеруге қатысу үшін өзінің уәкілетті өкілін тағайындайды. Уәкілетті өкілге көмекші ретінде кеңесші (кеңесшілер) тағайындалуы мүмкін.

132. Тексеруге тартылатын мамандар тобының дербес құрамы туралы шешім қабылдау үшін СІМ арқылы авиациялық оқиға болған мемлекетке тиісті хабарлама жіберіледі.

133. Әуе кемесін пайдаланушы (иесі), оқиға болған мемлекеттегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі және консулдық мекемелері тексеру жөніндегі мамандардың тобына жан-жақты, оның ішінде көлікпен, байланыспен, жұмыс істеу және демалу бөлмелерімен, тамақтандырумен қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.

134. Уәкілетті өкілдер мен кеңесшілер оқиға болған мемлекеттің Комиссия төрағасының келісімі бойынша:

1) авиациялық оқиға немесе инцидент болған жерге барады;

2) әуе кемесін немесе оның бөлшектерін тексеріп қарайды;

3) куәгерлерден жауаптары қамтылған ақпаратты алады және оларға сұрақ қою тақырыптарын ұсынады;

4) іске қатысты заттай айғақтарға қол жеткізеді;

5) іске қатысты құжаттарды алады;

6) ұшу ақпаратының жазбаларын оқуға қатысады;

7) тексеру мақсатында агрегаттарды тексеру және зерттеу, техникалық консультацияларды, сынақтарды жүргізу және модель үлгілерін жасау сияқты авиациялық оқиға немесе инцидент болған жерден тыс жерлерде болатын тексеру іс-шараларына қатысады;

8) кеңестерге қатысады;

9) тексерудің әртүрлі аспектілеріне қатысты өтініштер жасайды.

135. Уәкілетті өкіл және оның кеңесшілері тексеруді жүргізіп отырған мемлекетке өздеріндегі барлық тиісті ақпаратты береді және тексеру барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты тексеруді жүргізіп жатқан мемлекеттің келісімінсіз тарата алмайды.

136. Егер әуе хабарламасы туралы үкіметаралық келісімде авиациялық оқиғаны тексерудің басқа ережелері белгіленбесе, келісімде көрсетілген ережелер қолданылады.

137. Уағдаласушы мемлекет болып табылмайтын шет мемлекеттің аумағында Қазақстан Республикасының әуе кемесімен авиациялық оқиға болған жағдайда, ондай мемлекет өзара уағдаластық немесе келісім бойынша тексеру жүргізуді

Қазақстан Республикасына толық немесе жартылай тапсыруы мүмкін. Қазақстан Республикасы өзінің тексеруге қатысатыны жөнінде аталған мемлекетке растау құжатын жібереді. Тексеру осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте оқиға болған мемлекет тексеру жүргізуге көмек көрсету үшін барлық құралдарды пайдаланады.

138. Егер Қазақстан Республикасының әуе кемесімен болған авиациялық оқиғаның қай мемлекеттің аумағында екенін нақты анықтау мүмкін болмаса, мұндай жағдайда Қазақстан Республикасы авиациялық оқиғаны тексеруді өзі жүргізеді немесе өзара уағдаластық бойынша тексеру жүргізуді толық немесе жартылай басқа мемлекетке тапсыруы мүмкін.

139. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттің азаматтық әуе кемесімен болған авиациялық оқиғаны тексеруді осы Қағидаға сәйкес Қазақстан Республикасының тексеру жөніндегі уәкілетті органы жүргізеді.

Әуе кемесін тіркеген, пайдаланған, әзірлеген, жасаған мемлекеттер тексеруге қатысу үшін өздерінің уәкілетті өкілдерін және кеңесшілерін тағайындай алады.

Басқа мүдделі мемлекеттер тексеруге қатысу үшін сарапшыларды тағайындай алады. Шет мемлекеттердің уәкілетті өкілдері, олардың кеңесшілері және сарапшылар, әдетте, комиссияның құрамына кірмейді.

140. Қазақстан Республикасы авиациялық оқиғаны тексеруді әуе кемесін пайдаланушы мемлекетке немесе әуе кемесін тіркеуші мемлекетке тапсыра алады. Мұндай жағдайда, Қазақстан Республикасы тексеруге қатысатын өзінің уәкілетті өкілін тағайындайды.

141. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тексеруге мамандарын жіберуді және объективті бақылау құралдарын қолдануды түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қоса есептегенде, тексеруге көмек көрсету өтінішімен Мемлекетаралық авиациялық комитетке немесе кез келген мемлекетке жүгіне алады.

142. Егер тіркеуші, пайдаланушы, әзірлеуші немесе жасаушы мемлекеттерден мемлекеттің уәкілетті өкілі тексеріп, қарағанға дейін әуе кемесіне тиіспеу туралы өтініш келіп түссе, онда осы өтінішті орындау үшін мүмкіндігінше барлық ықтимал шаралар қабылданады.

143. Қосымша мәліметтерді, жабдықты алу немесе сарапшыларды тарту қажеттілігі кезінде тексеруді тағайындаған орган тексеруді қамтамасыз ету үшін кез келген мемлекетке осындай мәліметтерді, жабдықты немесе сарапшыларды жіберу туралы тиісті сұрау жібереді.

Сұрау бойынша мәліметтерді, жабдықты немесе сарапшыларды жіберетін мемлекет авиациялық оқиғаны тексеруге қатысу үшін өзінің уәкілетті өкілін тағайындай алады. Егер мемлекет тіркеуші, пайдаланушы, әзірлеуші, жасаушы мемлекет болып табылмаса, ондай мемлекеттің уәкілетті өкілінің немесе сарапшыларының тексеруге қатысу дәрежесі олар тексеруге тартылған

мәселелермен ғана шектеледі. Әрбір жеке оқиға бойынша өкілдердің қатысу дәрежесін Комиссия төрағасы белгілейді.

144. Егер шет мемлекет аумағында болған авиациялық оқиға кезінде қаза болғандардың немесе ауыр дене жарақаттарын алғандардың ішінде Қазақстанның азаматтары болса, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган авиациялық оқиғаны тексеру үшін сарапшыны тағайындайды, ол:

1) авиациялық оқиға болған жерге баруға;

2) тексеру жүргізіп отырған мемлекеттің жариялауы үшін бекітілген тиісті ақпаратына және тексеру барысы туралы ақпаратқа қол жеткізуге;

3) түпкілікті есептің данасын алуға өкілетті.

145. Авиациялық оқиғаға ұшыраған әуе кемесін пайдаланушы (иесі) және оқиға болған жердің азаматтық авиация ұйымы авиациялық оқиғаны тексеруге қатысады және Комиссияның жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті атқарушы органдармен іс-қимылды үйлестіруді жүзеге асырады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, жеке және заңды тұлғалар Комиссияға жан-жақты көмек көрсетеді.

146. Комиссия құрылған сәттен бастап авиациялық оқиғаларды тексеру нәтижелері бойынша түпкілікті есепті бекіту күніне дейінгі авиациялық оқиғаны тексеру ұзақтығы, әдетте, егер қосымша зерттеулер қажет болмаса, отыз тәуліктен аспайды.

Егер авиациялық техниканы зерттеуді және сынақтан өткізуді жүргізу тексеру үшін белгіленген мерзімі ішінде мүмкін болмаса, Комиссия төрағасының өтініші бойынша тексеру мерзімі зерттеуді жүргізу аяғына дейін ұзартылады.

147. Жергілікті атқарушы органдар, азаматтық авиация ұйымдары Комиссия мүшелеріне және тексеруге тартылатын мамандарға авиациялық оқиға болған жерде жұмыс жүргізу үшін барлық қажетті жағдайды жасайды, оның ішінде тиісті киіммен, аяқ киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен, көлік және байланыс құралдарымен, қажетті керек-жарақтармен, шығын материалдарымен, тұратын орынмен және ақысыз тамақпен қамтамасыз етеді.

148. Авиациялық оқиға болған жерде жүргізілетін тексеруге байланысты барлық жұмыстарды пайдаланушы қаржыландырады.

Ғылыми зерттеу, конструкторлық, жөндеу және өнеркәсіптік ұйымдар жүргізетін авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты зерттеулер мен сынақтарды осы ұйымдар қаржыландырады, кейіннен олардың шығындарын пайдаланушы өтейді.

149. Комиссия мүшелері, ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, қазақстандық авиакомпаниялардың әуе кемелерін пайдалану кезінде, тексеру жүргізуге бұйрықтың көшірмесін және іссапар

куәлігін ұсынғаннан кейін әуе кемесінің кабинасында немесе салонында болу құқығы беріліп, ұшуға тапсырмаға енгізіледі.

## § 3. Авиациялық оқиға кезіндегі лауазымды адамдардың іс-қимыл жасау тәртібі

150. Авиациялық оқиға болған сәттен бастап Комиссия келгенге дейін авиациялық оқиға болған ауданда және аумақта, азаматтық авиация ұйымының басшысы, ал ол келгенге дейін әуе кемесінің командирі авиациялық оқиға болған жерде алғашқы әрекеттерді жүргізеді.

151. Апатқа ұшыраған әуе кемесі экипажының мүшелері, жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар Комиссия келгенге дейін әуе кемесінің, оның бөлшектері мен сынықтарының, объективті бақылаудың борттық және жердегі құралдарының, осы әуе кемесінің бортындағы заттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

152. Авиациялық оқиға болған, әуеайлақтан тыс жерде қонуға мәжбүр болған жағдайда әуе кемесінің командирі экипаж мүшелерімен бірлесіп, әуе кемесін ұшуға пайдалану, жолаушыларды эвакуациялау және өртті сөндіру жөніндегі нұсқаулықта қарастырылған әрекеттерді орындайды. Әуе кемесінде жанудың болмауына көз жеткізгеннен кейін әуе кемесінің командирі авиациялық оқиға болған аумақтың жауапты өкілі келгенге дейін:

1) әуе кемесін жедел түрде толық тоқсыздандыруға (егер бұл эвакуациялауға кедергі болмаса) және борттық өздігінен жазатын құралдардың өшірілгенін тексереді;

2) экипаж кабинасындағы басқару пульттеріне және борттық өздігінен жазатын құралдарға тиіспеуді қамтамасыз етеді;

3) әуе кемесінің бортындағы коммерциялық тиеуге және басқа да заттарға тиіспеуді қамтамасыз етеді, отын, май және басқа да сұйықтарды төгіп тастауға тыйым салады;

4) есіктерді, люктерді, капоттарды жабады және, мүмкіндігінше, пломбалап тастайды;

5) әуе кемесіне және оқиға болған жерге күзетті ұйымдастырады;

6) жақын орналасқан азаматтық авиация ұйымын немесе жергілікті атқарушы органдарға болған оқиға туралы барынша жедел хабарлау үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

Егер әуе кемесінің командирі денсаулығына байланысты өз міндеттерін орындай алмаса, осы әрекеттерді экипаж мүшесі болып табылатын екінші пилот жүзеге асырады.

153. Азаматтық авиация ұйымының басшысы авиациялық оқиға болған жерге келгеннен кейін әуе кемесінің, оның ішіндегі заттар мен оқиға болған жердегі заттай айғақтардың одан әрі сақталуын ТЖМ, ІІМ және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен өзара іс-қимылда қамтамасыз етеді:

1) жолаушыларды және экипаж мүшелерін құтқару, өрт сөндіру (немесе оны болдырмау), заттай айғақтарды сақтау жөнінде қосымша шараларды қабылдау қажеттілігін белгілейді;

2) қажет болған жағдайда өзара іс-қимыл жасайтын ведомстволарды тартып, іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастырады;

3) ішкі істер органдарының өкілдерімен, қажет болған жағдайда осы ауданда орналасқан әскери бөлімдермен бірлесіп, әуе кемесіне және оның ішіндегі заттарға тиіспеуді (зардап шеккендерді сынықтардан алып шығу қажет болған жағдайларды есептемегенде) қамтамасыз етіп, авиациялық оқиға болған жерге бөтен адамдардың қол жеткізуін болдырмау үшін шаралар қабылдайды;

4) қаза болғандардың сүйектерін фотосуретке түсіргеннен кейін және әуе кемесінің негізгі бөліктеріне қатысты сызба жасалғаннан кейін қажеттілігіне қарай эвакуациялау туралы нұсқау береді;

5) экипаж және қажет болған жағдайда қозғалыс қызметі диспетчерлері және авиация персоналының басқа да адамдары денсаулығының жай-күйіне медициналық бақылау жүргізуді ұйымдастырады;

6) экипаж мүшелерінен және ұшуды дайындау және қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалардан түсініктеме жазбаларды алады;

7) оқиға болған жердің аумағынан борттық өздігінен жазатын құралдарды және әуе кемесінің сынықтарын іздеуді ұйымдастырады және тауып алған жағдайда олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

8) оқиға болған жерден табылған әуе кемесінің құжаттарын және борттық өздігінен жазатын құралдарды сақтау үшін қажетті шаралар қабылдайды. Егер борттық өздігінен жазатын құралдар ащы сұйықтың немесе жанып жатқан оттың ішінде жатса, оларды жедел алып шығып, ақпаратты сақтап қалу үшін шаралар қабылдау қажет, одан кейін алып шыққандары жөнінде және оның сыртқы жай-күйі туралы акт жасалады. Басқа жағдайларда өздігінен жазатын құралдарды алып шығуға тыйым салынады;

9) авиациялық оқиғаның куәгерлерлін табуды, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарын жүзеге асыратын адамдарды, Комиссияға және құқық қорғау органдарына ұсыну үшін олардың тізімдерін дайындауды қамтамасыз етеді;

10) ұшу, техникалық және диспетчерлік құжаттарды алуды ұйымдастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

11) сыртқы ортаның әсерінен (әуе кемесінің копотында мұздың қатып қалуынан, әуе кемесінің үстіндегі күйе, әуе кемесінің жүруіне тән іздер, ҰҚЖ

және тағы сол сияқты) жоғалып кетуі мүмкін белгілерді құжат ретінде ( фотосуретке түсіру, бейнежазба немесе сызба жасау жолымен) белгілеуді ұйымдастырады;

12) авиациялық оқиға болған жердің жоспарын алдын ала жасайды;

13) ауа райын кезектен тыс бақылауды ұйымдастырады, ал егер авиациялық оқиға әуеайлақтан тыс жерде болса жақын орналасқан метеостанциялардан метеодеректер жинауды қамтамасыз етеді;

14) қажет болған жағдайда, авиациялық оқиға болған жерде радиологиялық, химиялық және бактериологиялық бақылауды жүргізуді үйлестіреді;

15) авиациялық оқиға болған әуе кемесінің отын құятын ыдысына (отын құйғыш) отын құюды тоқтату және ыдысты белгі қойып, жауып тастау туралы нұсқау береді;

16) құпия белгісі бар арнайы жабдықтың және әуе кемесінің бортындағы ұшу құжатының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) диспетчерлік магнитофондардың, радиоалмасудың аппараттық журналдың және радиотехникалық құралдардың, ұшу кітапшаларының, экипаж мүшелерінің ұшу кезіндегі істерінің және медициналық кітапшалардың, әуе кемелері формулярларының, қозғалтқыштар мен агрегаттардың, ақаулық ведомостарының және техникалық қызмет көрсетудің, аспаптардың, әуе кемесін ұшуға дайындаған кезде немесе ұшу алдында кемшіліктерді жою үшін пайдаланылған бақылау аппаратурасының, ұшу алаңын сипаттайтын құжаттардың жұмыс уақытын, құйылған жанар-жағар материалдардың саны мен сапасын, оқиға болған ауданның, әуеайлақтың және ұшу бағытының метеожағдайын сипаттайтын метеоқұжаттарды есепке алу жазбаларын (магнитті таспа) алуды және белгілеуді ұйымдастырады;

18) оқиға болған кезде, оқиға болар алдында авиациялық оқиға болған ауданда ұшуды орындаған әуе кемелерінің борттық нөмірлерін белгілейді және тексеру барысында одан әрі пайдалану үшін осы әуе кемелерінің бақылауын өздігінен жазатын борттық құралдардағы ақпаратты сақтау үшін шаралар қабылдайды;

19) қажет болған жағдайда, құқық қорғау органдарының келісімі бойынша бұзылған әуе кемесін орналастырады. Егер әуе кемесі темір жолға, тас жолға, су магистральына немесе әуеайлаққа құласа және көлік және ұшу қозғалысына кедергі жасаса ғана Комиссия келгенге дейін оны орналастыруға рұқсат етіледі. Ауыстыру барысында әуе кемесін (оның сынықтарын) оқиға болған жердегі қалпында сақтау үшін шаралар қолданылады. Мұндай жағдайларда ауыстырғанға дейін әуе кемесінің немесе оның сынықтарының орналасуы мен жағдайы болжамды және деректі фотосуретке немесе бейнежазбаға жердегі қалпын түсіру, қажет болса аспаннан жан-жақты түсіру жолымен белгіленеді,

оқиға болған жерді тексеру актісі жасалады, әуе кемесінің немесе оның сынықтарының жалпы жағдайы және орналасу қалпы, жерге құлаған бұрышы ( жермен соқтығысуы), аспаптар көрсеткіштерінің көмегімен, жағып-сөндіргіштердің, жүргізу тұтқа саптарының жағдайы экипаж кабинасында суретке түсіріледі немесе белгіленеді;

20) қажет болған жағдайда әуе кемесінің экипажын, әуе кемесін ұшуға дайындайтын, ұшуды қамтамасыз ететін және әуе қозғалысын басқаратын жердегі қызметтің қызметкерлерін міндеттерін орындаудан босату бойынша шаралар қолданады. Аталған тұлғаларға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның шешімімен Комиссия төрағасының келісімі бойынша міндеттерін орындауға рұқсат етіледі;

21) әуе қозғалысын басқару органы, әуе кемесі соңғы рет ұшып шыққан жердегі әуеайлақ қызметі әуе кемесінің ұшуын орындау және қамтамасыз ету бойынша авиациялық оқиға болар алдындағы ақпараттардың және тиесілі құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, авиациялық оқиғаның фактілері туралы әуе кемесінің иесіне (пайдаланушыға) әуе кемесінің ұшу бағыты жөнінде ақпарат береді;

22) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, зардап шеккендерге және олардың туысқандарына көмек көрсететін топ және Комиссия жұмысын қамтамасыз ететін топ құрады.

Авиациялық оқиға барысындағы лауазымды адамдардың алғашқы әрекеттері нәтижесінде алынған барлық материалдар Комиссияға тапсырылады.

154. Жердегі және борттағы магнитофондарды ашу және тыңдау, сондай-ақ борттық өздігінен жазатын құралдардың жазуын ашу және тексеру Комиссия төрағасының шешімі бойынша жүргізіледі.

155. Әуе кемесін пайдаланушылардың (иесінің), апатқа ұшыраған әуе кемесін әзірлеуші, жасаушы ұйымдардың, жөндейді орындаған ұйымның, әуе қозғалысын басқаруды жүзеге асырған, техникалық және әуеайлақтық қызмет көрсекен ұйымдар басшылары авиациялық оқиға туралы ақпарат алғаннан кейін аталған әуе кемесін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, жасауға, жөндеуге, пайдалануға және ұшуын қамтамасыз етуге қатысты құжаттаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

156. Комиссияның жұмысын қамтамасыз ету үшін тексеру жұмыстары жүргізіліп отырған азаматтық авиация ұйымының басшысы бұйрықпен материалдық-техникалық қамтамасыз ету тобын тағайындайды, оған:

1) Комиссияны материалдық-техникалық, тұрмыстық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2) жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдарымен Комиссия жұмысын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

3) жүк алушымен және жүк жіберушімен өзара іс-қимыл жасау;

4) тексеру мақсатында оқиға болған жерден әуе кемесін және оның құрамды бөліктерін эвакуациялау, сондай-ақ Комиссияның тапсырмасы бойынша тиісті ұйымдарға зерттеу үшін авариялық техниканы (құрамды бөліктерін) жөнелту;

5) Комиссия жұмысын қамтамасыз ету және тексеруге байланысты шығындарды өтеу мәселелері бойынша әуе кемесі тиесілі болатын азаматтық авиация ұйымымен өзара іс-қимыл жасау;

6) азаматтық оқиғаны тексеру мүддесінде басқа да жұмыстарды орындау жүктеледі.

## § 4. Тексеру жөніндегі комиссия жұмысының тәртібі

157. Авиациялық оқиға болған жерге Комиссия келгеннен кейін Комиссия төрағасы ол туралы атқарушы билік органына хабарлайды, ұйымдастыру отырысын өткізеді, онда комиссия тағайындау туралы бұйрықты оқиды, авиациялық оқиға болған жерде алғашқы әрекет жасаған лауазымды адамдарды тыңдайды, кіші комиссияларды құрады және олардың төрағаларын тағайындайды, тексерудің бастапқы кезеңіндегі жұмыстардың негізгі бағыттарын белгілейді және қажетті жедел нұсқаулар береді. Комиссия төрағасы тексерудің барлық кезеңдерін ұйымдастырады, барлық тексеруге қатысушылардың әрекеттерін үйлестіреді.

158. Комиссия төрағасының авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты мәселелер бойынша нұсқаулары авиациялық тексеруге және Комиссия жұмысын қамтамасыз етуге байланысты барлық лауазымдық адамдар үшін орындауға міндетті болып табылады.

159. Комиссия төрағасының шешімі бойынша жұмыстың негізгі бағыттары бойынша Комиссияның ішінде ұшу, инженерлік-техникалық, әкімшілік кіші комиссиялар және штаб құрылады. Кіші комиссияларда жұмыс топтары құрылады.

160. Оқиға болған жердің схемасын (сұлба) жасайтын топ және Комиссия төрағасының шешімі бойынша сұрау жүргізу тобы Комиссия төрағасының шешімі бойынша ұшу және инженерлік-техникалық кіші топтардың құрамдарына кіреді немесе Комиссия төрағасының немесе оның орынбасарының басшылық етуімен жеке жұмыс істейді.

Оқиға болған жердің схемасын (сұлба) жасайтын топтың функциялары осы Қағидаға 15-қосымшада белгіленген.

Сұрау жүргізу тобының функциялары, сондай-ақ сұрау хаттамасының нысаны осы Қағидаға 16-қосымшада белгіленген.

161. Іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарының тобы Комиссия төрағасына тікелей бағынады. Адамдардың қаза болуына байланысты емес жағдайларда, бұл топ әкімшілік кіші комиссияның құрамына енгізілуі мүмкін.

Іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстары тобының функциялары осы Қағидаға 17-қосымшада белгіленген.

162. Комиссияда есептеу және талдау тобы құрылады, ол кіші комиссиялардың құрамына кірмейді және Комиссия төрағасына тікелей бағынады.

Есептеу және талдау тобының функциялары осы Қағидаға 18-қосымшада белгіленген.

163. Тексеруге тартылатын мамандар олардың мамандандырылуына қарай кіші комиссиялардың немесе жұмыс топтарының құрамына кіреді немесе жекелеген мәселелер бойынша сарапшылар ретінде жұмыс пайдаланылады.

Кіші комиссиялардың құрамын, олардың жұмыс жоспарларын, сондай-ақ жұмыс топтарының құрамын Комиссия төрағасы бекітеді.

164. Комиссия жұмысы жоспар бойынша жүзеге асырылады, оның жобасы төраға бекіткенге дейін Комиссия отырысында қаралады және талданады. Жоспарда Комиссия қызметінің негізгі бағыттары, жұмысты орындау кезегі, зерттеулер, сондай-ақ олардың мерзімдері көрсетіліп, жұмыстарды жүргізу үшін жауаптылар қарастырылады.

Бір күннен бірнеше күнге дейінгі кезеңге жасалатын және кіші комиссиялардың төрағалары бекітетін Комиссия жұмысының жоспары кіші комиссиялардың және жұмыс топтарының жедел жоспарларында нақтыланады.

165. Комиссия жұмысының жоспары бекітілгенге дейін оқиға болған жерде, сырттай тексеруді, жоғалып кетуі мүмкін іздерді белгілеуді (мұздардың, күйенің және тағы сол сияқты болуы, әуе кемесі жылжуының іздері), жаралыларды және қаза болғандарды эвакуациялауды және борттық өздігінен жазатын құралдарды алуды есептемегенде, қандай да бір жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

Комиссия және кіші комиссиялар жұмысының жоспары нақты деректерге байланысты тексеру барысында түзетіледі және толықтырылады.

166. Авиациялық техниканың объектілерін зерттеу (олардың жұмыс істеу қалпын тексеру), Комиссияның жұмыс орнында эксперимент жасау жұмыстары алдын ала жасалған жоспар (бағдарлама) бойынша жүргізіледі, бұл жоспарларға (бағдарламаларға) тексеруге қатысатын тараптардың өкілдері қол қояды, Комиссия төрағасы бекітеді және тексеру материалдарына қоса тіркеледі.

167. Комиссия отырыстарына пайдаланушының (иесінің), әзірлеушінің, жасаушының, Мемлекетаралық авиациялық комитеттің, прокуратураның, ТЖМ, ІІМ, ҰҚК өкілдері қатыса алады.

Комиссия төрағасының келісімі бойынша Комиссия мүшелері тексеруге қатысатын басқа да мамандарды Комиссия отырысына шақыра алады.

168. Авиациялық оқиға болған жерге келген сәттен бастап үш тәулік ішінде, Комиссия төрағасы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға келесі ақпаратты жібереді, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) күні, уақыты (жергілікті және UTC), оқиғаның орны, түрі, әуе кемесінің үлгісі, оның мемлекеттік және тіркеу айыратын белгілері, тиесілігі, иесі ( пайдаланушы) туралы мәліметтер, әуе кемесінің (қозғалтқыштардың) зауыттық нөмірі, әуе кемесін (қозғалтқыштарын) пайдаланудың басынан бастап ұшуы, жөндеулер саны, соңғы рет жөнделген күні және орны, одан кейінгі ұшулар;

2) авиациялық оқиға болған сәтке жақын уақыттағы метеожағдайлар (ауа райы, жердегі желдің жылдамдығы мен бағыты, бұлттардың саны, нысаны және биіктігі, қауіпті метеожағдайлардың болуы);

3) әуе кемесі командирінің (тексерушінің, оның лауазымы) тегі, аты, әкесінің аты, сыныбы, ауа-райының минимумы, жалпы ұшуы, оның ішінде осы типтес әуе кемесіндегі (оның ішінде командир ретінде) ұшуы;

4) экипаждың құрамы (лауазымдары, тектері, аттары мен әкелерінің аттары);

5) ұшу және жеткізу пункті бойынша соңғы әуежайы көрсетілген тапсырмалар сипаты, ұшу бағыты;

6) борттағы жолаушылар саны және олардың азаматтығы;

7) оқиғаның салдары (қаза болғандардың саны, олардың азаматтығы, ауыр дене жарақаттарын алған адамдардың саны);

8) жүктің сипаты мен салмағы;

9) авиациялық оқиға жағдайларының қысқаша сипаттамасы;

10) әуе кемесінің бүліну дәрежесі;

11) тексеру барысында белгілі болған қызығушылық тудыратын фактілер;

12) жедел профилактикалық шаралар жүргізу бойынша ұсыныстар.

169. Негізгі әдістемелік және ұйымдық мәселелер бойынша шешімдерді Комиссия қабылдайды, бұл ретте Комиссия төрағасы түпкілікті шешім шығарады. Қабылданған шешіммен келіспеген Комиссия мүшелері кез келген нысанда өзінің ойын білдіре алады.

170. Комиссияның және кіші комиссиялардың отырыстары хаттамалармен ресімделеді, оларда талқыланатын мәселелер, қабылданған шешімдер, төрағаның нұсқаулары толық көрсетіледі. Талқыланатын мәселелер бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда тараптардың ұстанымдары міндетті түрде хаттамада көрсетіледі. Хаттамаларға Комиссия төрағасы мен Комиссия штабының (кіші комиссия) бастығы қол қояды.

Қажет болған жағдайда Комиссия отырысы магнитофонға жазылады, ол туралы хаттамаға тиісті жазбалар енгізіледі.

171. Ұшу жөніндегі кіші комиссия жүргізген жұмыстардың нәтижелері есептермен ресімделеді, ол Комиссия отырыстарында талқыланады.

Ұшу жөніндегі кіші комиссиялардың негізгі міндеттері мен есептеу нысандары осы Қағидаға 19-қосымшада белгіленген.

172. Инженерлік-техникалық кіші комиссиясы жүргізген жұмыстардың нәтижелері есептермен ресімделеді, Комиссия отырыстарында талқыланады.

Борттық өздігінен жазатын құралды (магнитофонды) табу және алу бойынша негізгі міндеттер, есептің нысаны және актінің нысаны осы Қағидаға 20-қосымшада қарастырылған.

173. Әкімшілік кіші комиссияның жүргізген жұмыстарының нәтижелері есептермен ресімделеді, олар Комиссия отырыстарында талқыланады.

Әкімшілік кіші комиссиялардың негізгі міндеттері, есептің нысаны, сондай-ақ әкімшілік кіші комиссияның өзге де құжаттары осы Қағидаға 21-қосымшада белгіленген.

174. Комиссия мүшелері кіші комиссиялардың жасаған жұмыстарымен және олардың нәтижелерінде алынған нақты деректермен келіскен жағдайда, есептер назарға қабылданады және тексеру материалдарымен қоса тігіледі. Керісінше жағдайда кіші комиссияға (жұмыс тобына) пысықтауға қайтарылады.

## § 5. Авиациялық оқиғаларды тексеру кезінде зерттеулер жүргізу

175. Арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігін Комиссия белгілейді.

Авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты зерттеулерді Комиссия белгілейтін зерттеулерді орындаушы ұйым жүргізеді және қажет болған жағдайда бірлесіп орындаушы мүдделі ұйымдардың қатысуымен жүргізеді.

Ғылыми-зерттеу ұйымдары, авиациялық техниканы әзірлеуші, жасаушы және пайдаланушы, жөндеу ұйымдары және басқа да мүдделі ұйымдар зерттеулерді орындаушы ұйым, сондай-ақ бірлесіп орындаушы ұйым болуы мүмкін.

176. Егер тексеруді қажет ететін әуе кемелері және оның агрегаттары басқа мемлекетте жасалған болса және сол мемлекетте зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындаған жағдайда, мұндай зерттеулерді жүргізу туралы шешімді әуе кемесін пайдаланушы, тіркеуші, жасаушы, әзірлеуші мемлекеттердің уәкілетті өкілдерімен келісе отырып, Комиссия қабылдайды.

177. Басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан орындаушы ұйымдардағы авиациялық техниканың объектілерін зерттеуді міндетті түрде Комиссияның өкілетті өкілдерінің қатысуымен орындалады. Мұндай зерттеулерді ұйымдастыру тиісті мемлекеттің тексеру саласындағы уәкілетті органының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

178. Комиссияның техникалық тапсырмасы зерттеу жүргізуге негіз болып табылады, мұнда зерттеу жүргізудің мақсаты толық көрсетіледі, қажет болған жағдайда бірлесіп орындаушы ұйымдардың қатысуымен зерттеу жүргізілуі мүмкін.

Техникалық тапсырмаға авиациялық оқиғаның мән-жайлары қысқаша баяндалған анықтама, әуе кемесі және зерттеу объектісі, оларды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету туралы деректер қоса беріледі.

179. Зерттеуге жататын объектілер зерттеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап он бес күннен кешіктірілмей орындаушы ұйымның мекенжайына жіберіледі.

Зерттеу жүргізу мерзімі:

1) жекелеген бөлшектер мен агрегаттар бойынша – қырық бес тәуліктен;

2) қозғалтқыштар және кешенді зерттеулер бойынша – алпыс тәуліктен аспауға тиіс.

Орындаушы ұйым зерттеу жүргізу үшін объектіні алғаннан кейін зерттеу басталатын күнді белгілейді және зерттеуге қатысуға шақырып, ол туралы бірлесіп орындаушы ұйымдарға хабарлама жібереді.

180. Зерттеудің басталу мерзімі бірлесіп орындаушы ұйымдардың өкілдерінің келу мүмкіндігі ескеріліп, белгіленуге және объектіні алған сәттен бастап бес тәуліктен аспауға тиіс.

Бірлесіп орындаушы ұйымдардың өкілдері көрсетілген мерзімде келмеген жағдайда орындаушы ұйым зерттеуді дербес жүргізеді.

Зерттеулер бірлесіп орындаушы ұйымдардың өкілдерімен келісіліп, Комиссия мүшесінің бақылауымен Комиссияға мәлімет үшін ұсынылатын жоспарлар (бағдарламалар) және әдістемелер бойынша жүргізіледі.

Зерттеуге қатысатын бірлесіп орындаушы ұйымдардың мамандары:

1) зерттеу жүргізу тәртібі, әдістемесі және көлемі бойынша өздерінің ұсыныстарын айтады;

2) зерттеу жүргізуге қатысады және оларға қатысты барлық материалдармен танысады;

3) зерттеу барысын және олардың нәтижелерін талдауға қатысады;

4) есепке қол қояды немесе қорытындының ажырамас бөлігі болып табылатын өзінің дәлелді пікірін оған қоса береді.

182. Орындаушы ұйым қажет болған жағдайда, қажетті материалдарды, құжаттарды немесе консультацияларды алу үшін зерттеуге ғылыми-зерттеу ұйымдарының, өнеркәсіптің, жөндеу және пайдалану ұйымдарының мамандарын қосымша тартады.

183. Егер орындаушы ұйымның зерттеу бағдарламасының жекелеген тармақтары бойынша жұмыстарды орындау үшін техникалық мүмкіндіктер

болмаса, аталған жұмыстарды оның өтінімі бойынша зерттеуді орындаушы ұйым өкілдерінің қатысуымен олардың базасында басқа ұйымдар жүргізе алады.

Зерттеу жүргізу көлемін, орны мен мерзімін келісу бұл жағдайда зерттеуді орындаушы ұйымға жүктеледі.

184. Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық оқиғаға ұшыраған Қазақстан Республикасының әуе кемелерімен және шетелдік әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаларды тексеру кезінде авиациялық техника объектілерін зерттеуді және объективтік бақылау құралдарының мағынасын ашуды аталған жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар тиісті азаматтық авиация ұйымдары жүргізеді. Қазақстан Республикасында осындай жұмыстарды жүргізуге техникалық мүмкіндіктер болмаған кезде объективтік бақылау құралдарының мағынасын ашу азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның сұрауы бойынша Мемлекетаралық авиациялық комитетте жүргізілуі мүмкін.

185. Объективтік бақылау құралдарының мағынасын ашу Комиссияның өкілетті өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен аталған әуе кемесі әуе кемесін тіркеу мемлекетінде немесе пайдаланушы мемлекетінде жүргізілуі мүмкін.

Мағынасын ашу бойынша жұмыстар тиісті мемлекеттің авиациялық оқиғаларды тексеру саласындағы уәкілетті органымен келісіліп, жүзеге асырылады.

186. Зерттеу нәтижелері бойынша есеп жасалады. Зерттеу нәтижелері бойынша есеп нысаны және зерттеуге арналған объектілерді сұрыптау және орау бойынша әдістемелік ұсыныстар осы Қағидаға 22-қосымшада белгіленген.

Зерттеу нәтижелері бойынша есеп жасалады, оған зерттеуге қатысушылар қол қояды, оны орындаушы ұйымның басшысы бекітеді және Комиссияға жіберіледі. Есеп зерттеу материалдарының ажырамас бөлігі болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша Қорытынды есеп зерттеу нәтижелері аяқталғаннан кейін, алынған нәтижелер ескеріліп, жасалады. Қорытынды есепті зерттеу нәтижелері бойынша есепті алғанға дейін бекітуге және жариялауға болмайды.

187. Комиссияның техникалық тапсырмасына енетін, зерттеулердің барлық материалдарын, жүргізу бағдарламасын, арнайы әзірленген әдістемелерді және барлық жұмыс материалдарын (сынаулар, өлшемдер, зертханалық талдаулардың хаттамалары және т.б.) қамтылған барлық зерттеу материалдары зерттеуді орындаушы-ұйымда сақталатын есепке қоса беріледі.

Ұйым зерттеуді сапалы және объективті жүргізеді.

188. Зерттеуден өткен авиациялық техника объектілері, борттық өздігінен жазғыш құралдардың ұшу ақпаратын таратушылар Қорытынды есеп бекітілгеннен кейін үш ай ішінде зерттеулерді орындаушы-ұйымда сақталады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін авиациялық оқиғаға қатысы бар объектілер бойынша әуе кемесінің иесіне объектілерді жою туралы сұраныс жіберіледі.

189. Әуе кемесін пайдаланушы (иесі) құқық қорғау органдарымен объектіні жою мәселесін келіседі және қабылданған шешім туралы зерттеуді орындаушы ұйымға хабарлайды.

Авиациялық оқиғаға қатысы бар және зерттеуден өткен объектілерді жоюды әуе кемесі иесінің рұқсатынсыз жүзеге асыруға тыйым салынады.

Таратушылардағы борттық өздігінен жазғыш құралдардағы ұшу ақпараты тұрақты түрде зерттеулерді орындаушы-ұйымда сақталады.

190. Егер авиациялық техникаға зерттеулер мен сынақтарды жүргізу тексерудің қырдағы кезеңі аяқталған сәтте аяқталмаса, Комиссия төрағасы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша оқиға болған жерде барлық қажетті әрекеттер аяқталғаннан кейін Комиссия жұмысын тексеруді тағайындаған басқа ұйымның немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның базасына ауыстырады.

## § 6. Авиациялық оқиғалар туралы есепті ұсыну

191. Алдын ала есепті Комиссия орыс немесе ағылшын тілдерінде әзірлейді және авиациялық оқиға болған сәттен бастап отыз күн ішінде ИКАО, қажет болған жағдайда егер әуе кемесінің ең жоғарғы массасы 2250 кг асса немесе ол турбореактивті ұшақ болып табылса мүдделі мемлекеттерге жіберіледі.

Егер оны мерзімі өтіп кеткен сәтте берген кезде тексеру аяқталса алдын ала есепті ИКАО тапсырмауға болады және ақпараттық есеп дайындау және жіберу мүмкіндігі болады.

192. Авиациялық оқиға туралы ақпараттық есеп тексеру нәтижелері туралы ИКАО жедел түрде хабарлау мақсатында жасалады. Есеп тексеру аяқталғаннан кейін орыс немесе ағылшын тілдерінде жасалады және мүмкіндігінше қысқа мерзімде ИКАО жіберіледі.

Алдын ала және ақпараттық есепті жасау бойынша нұсқаушы материал авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы деректерді ұсыну бойынша ИКАО басшылығында (Doc 9156-AN/900) қамтылған.

193. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган басқа мемлекеттің сұранымы бойынша авиациялық оқиға туралы ақпараттық есепте қамтылған ақпаратқа қосымша тиісті ақпаратты ұсына алады.

194. Егер тексеру барысында авиациялық оқиғаларды болдырмау бойынша жедел шараларды қабылдау үшін пайдалы болуы мүмкін ақпарат алынған болса,

аталған ақпаратты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттерге жібереді.

Егер тексеру барысында заңсыз араласу актісі орын алғаны белгілі болса немесе күдік туғызса, ондай ақпаратты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттің (мемлекеттердің) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдарына беріледі.

## § 7. Тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды қайта қарау немесе өзгерту

195. Аяқталған авиациялық оқиғаны тексеру оқиға жағдайларына қатысты жаңа мәліметтер анықталған (немесе ұсынылған) жағдайда қайта басталуы мүмкін. Тексеруді қайта бастау туралы шешім Комиссияның және Комиссия қорытындысының қате екенін куәландыратын жаңа дәлелдер ұсынған тексеру нәтижелеріне тікелей қатысы бар пайдаланушының немесе жеке тұлғалардың өтініші бойынша тексеруге қатысқан басқа да ұйымдардың бірлесіп шешуімен қабылданады. Тексеру нәтижелерін қайта қарау туралы өтініш жазбаша түрде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға беріледі.

196. Өтініште бұған дейін қаралмаған жаңа мәселе, сондай-ақ тексеру жөніндегі комиссия жұмысының барысында мәселенің қаралмау себептері көрсетіледі.

Егер бар болса өтінішке аталған мәселені шешуге және тексеруді қайта бастауға негіз болып табылатын құжаттар мен есептердің немесе зерттеулердің нәтижелері қоса беріледі.

## § 8. Түпкілікті есеп дайындау және шығару

197. Азаматтық (эксперименттік) авиацияда авиациялық оқиғаны тексеру нәтижесі бойынша түпкілікті есеп (бұдан әрі – Түпкілікті есеп) тексеру жөніндегі комиссияның қорытынды құжаты болып табылады, бұл есеп кіші комиссиялардың, жұмыс топтарының материалдарын, тексеру және сараптама нәтижелерін, сондай-ақ Комиссияның иелігінде болған басқа да ақпарат ескеріліп жасалады. Түпкілікті есептің нысаны осы Қағидаға 23-қосымшада белгіленген.

198. Қосымша материалдар олар авиациялық оқиғанының талдауына қатысы болса ғана Түпкілікті есепке немесе оның қосымшасына енгізіледі. Мұндай талдауға қатысы жоқ жазбалардың бір бөлігі жарияланбайды.

199. Түпкілікті есептің жобасын Комиссия төрағасы комиссия мүшелеріне талдауға ұсынады. Мазмұны бойынша келіспеушіліктер болса, Түпкілікті есеп Комиссия төрағасы ұсынатын редакцияда дайындалады Түпкілікті есептің

мазмұнымен келіспеген комиссия мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде жазып жеткізеді.

Ол өз ойында келіспеуінің нақты себептерін және олардың негіздемесін, сондай-ақ ұсынып отырған тұжырымын көрсетеді. Оның ерекше пікірін міндетті түрде хаттамада ресімдеп, комиссия мүшелері қарайды.

Түпкілікті есепке Комиссия төрағасы және оның мүшелері қол қояды.

200. Егер қарау нәтижесінде ерекше пікір Түпкілікті есепке енгізілмесе, оны ұсынған Комиссия мүшесі "Ерекше пікір" белгісімен есепке қол қояды.

Мұндай тәртіп кіші комиссиялар мен жұмыс топтары есеп жасағанда және оған қол қойғанда да сақталады.

Кез келген жағдайда ерекше пікір Комиссияның, кіші комиссияның, жұмыс тобының Түпкілікті есебіне қоса беріледі.

Түпкілікті есеппен бір уақытта Комиссия төрағасы және комиссия штабының бастығы тексеру материалдарына қоса берілетін құжаттар тізбесіне қол қояды.

201. Комиссия отырысының хаттамасында ерекше пікірдің мәні бойынша Комиссия (кіші комиссия) мүшелерінің әрқайсысының пікірі көрсетіледі. Кез келген жағдайда ерекше есеп кіші комиссияның (жұмыс тобының) есебіне қоса беріледі.

Келіспеушілікті жою мүмкін болмаған кезде Түпкілікті есепті бекітетін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымдық тұлғасы ерекше пікір мен бірлескен хаттама қоса берілген Түпкілікті есепті қарайды.

202. Комиссия төрағасы Түпкілікті есепті бекіту үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұсынады. Түпкілікті есепті бекіту күні тексерудің аяқталу күні болып есептеледі.

203. Түпкілікті есепті бекіткеннен кейін тексеру жөніндегі уәкілетті орган бес күн ішінде авиациялық оқиғаны тексеру материалдарын және оған қоса берілетін құжаттарды:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға;

2) әуе кемесін пайдаланушыға (иесіне);

3) алдын ала тексеруді жүргізетін құқық қорғау органына (сұрау бойынша) жібереді.

204. Қосымшалары қоса берілмеген Түпкілікті есеп:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне (авиациялық оқиғаны бірлескен комиссия тексерген кезде);

2) СІМ-ге (сұрау бойынша, Қазақстан Республикасының аумағында шетел әуе кемесімен болған авиациялық оқиғаны тексерген жағдайда);

3) Мемлекетаралық авиациялық комитетке;

4) ИКАО-ға (егер авиациялық оқиға салмағы 5700 кг-дан асатын әуе кемесімен болса) жіберіледі.

205. Егер авиациялық оқиға салмағы 2250 кг-ден асатын әуе кемесімен болса немесе ол турбореактивті ұшақ болып есептелсе, ақпараттық есеп ИКАО-ға жіберіледі. Авиациялық оқиғалар туралы ақпаратты кодпен хабарлау бойынша ақпараттық есептің тәртібі мен ережелері ИКАО-ның қолданыстағы құжаттарымен айқындалады.

206. Түпкілікті есепті уақытында таратуды жауапкершілігі авиациялық оқиға болған жердегі авиакомпания (пайдаланушы) жүзеге асырады (сұрау бойынша).

207. Қазақстан Республикасының аумағында шетел әуе кемесімен болған авиациялық оқиғаны тексеру барысында Түпкілікті есептің жобасы қысқа мерзім ішінде өздерінің нақты және негізді ескертулері көрсетілген ұсыныстарымен тексеруді бастаған мемлекетке, тіркеуші мемлекетке, пайдаланушы мемлекетке, әзірлеуші мемлекетке, жасаушы мемлекетке, тексеруге қатысқан мемлекетке мүмкіндігінше қысқа мерзімде жіберіледі. Жобасы жіберілген сәттен бастап 60 күн ішінде мемлекеттердің келіп түскен барлық ескертулерін Комиссия қарайды.

Есептің мәтініне енгізу орынсыз болып танылған ескертулер, есептің түпкілікті нұсқасына қоса беріледі.

208. Белгіленген тәртіппен бекітілген Түпкілікті есеп осы Қағиданың 207-тармағында көрсетілген мемлекеттерге, сондай-ақ азаматтары қаза болған немесе ауыр дене жарақаттарын алған мемлекетке және тиісті ақпаратты, негізгі жабдықтарды және сарапшыларды берген мемлекетке жедел жіберіледі.

209. Тексеруге қатысқан адамдар толық және сапалы тексеру жүргізеді, негізді және объективті тұжырымдар жасайды, сондай-ақ материалдарды сапалы ресімдейді.

210. Авиациялық оқиғаларды болдырмау мақсатында авиациялық оқиғаға тексеру жүргізетін мемлекет, барынша тез арада, мүмкін болса он екі айдың ішінде Түпкілікті есепті жариялайды.

Егер Түпкілікті есепті он екі айдың ішінде жариялана алмайтын болса, тексеруді жүргізетін мемлекет оқиғаның әр жылдығына орай тексеру барысын толық көрсете отырып, оның ішінде ұшу қауіпсіздігіне қатысты кез келген мәселелер туралы ақпаратты қоса алғанда, аралық хабарламаны жариялап отырады.

211. Тексеру барысында авиациялық оқиға туралы ақпарат нақты деректермен ғана шектеледі. Мынадай ақпарат:

1) тексеру барысында алған адамдардың кез келген мәлімдемелері;

2) әуе кемесін пайдалануға қатысы бар адамдар арасындағы барлық хат жазысу;

3) авиациялық оқиғаға немесе инцидентке қатысқан адамдарға қатысты медициналық немесе құпиялы мәліметтер;

4) борттық өздігінен жазатын құралдардың жазбалары және мұндай жазбалардың мағынасын ашу;

5) әуе қозғалысын басқару органдарының жазбалары және олардың мағынасын ашу;

6) экипаж кабинасындағы борттық тіркегіштердің жазбалары және ондай жазбалардың немесе кез келген бөлігінің мағынасын ашу;

7) ақпаратты талдау кезіндегі айтылған пікірлер, оның ішінде борттық өздігінен жазатын құралдардың жазбалары, алдын ала тексеру жүргізетін құқық қорғау органы авиациялық оқиғаның фактілері бойынша шешім қабылдаған жағдайда және егер бұл ақпараттың жариялануы тексеруге немесе алдағы болатын тексерулерге залал келтірмесе ғана жариялануы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат Түпкілікті есепке енгізіледі немесе авиациялық оқиғаның немесе инциденттің талдауына қатысы болған жағдайда ғана оған толықтыруларға енгізіледі.

212. Тексеруге қатысушылар авиациялық оқиғаның мән-жайларына қатысты барлық ақпаратты ұшу қауіпсіздігін арттыруға бағытталған түзету шараларын немесе әрекеттерді өткізу мақсатында пайдалана алады. Тексеру процесіне зиян келтірмеу үшін ешқашан бұл ақпаратты уәкілетті емес тұлғаларға беруге немесе олармен талқылауға болмайды.

213. Тексеру нәтижелері бойынша авиациялық оқиға туралы ақпаратты осы авиациялық оқиғаны тексерген Комиссия төрағасы немесе тексеруді тағайындаған азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жұртшылықтың, заңды тұлғалардың және азаматтардың назарына жеткізе алады.

214. Авиациялық оқиғаны тексеру барысында борттық өздігінен жазатын құралдың дыбыстық жазбаларын оқуды және мағынасын ашуды Комиссия белгіленген мамандар орындайды.

Тексеру процесін орындаумен байланысы жоқ тұлғаларға борттық өздігінен жазатын құралдың дыбыстық жазбасын оқуға және мағынасын ашуға рұқсат берілмейді.

Борттық өздігінен жазатын құралдың дыбыстық жазбасындағы ақпаратты авиациялық оқиғаны тексеруге жатпайтын мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

215. Авиациялық оқиғаны тексеру барысында жауап алынған адамдардың өз еркімен берген ақпараттын тәртіптік, азаматтық, әкімшілік талқылау мақсаттары үшін пайдалануға болмайды.

## 2. Авиациялық инциденттер

### § 1. Авиациялық инцидент туралы хабар беру

216. Авиациялық инцидент туралы хабар беруді Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемелерінің қозғалысы туралы хабарлау табеліне және Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органы бекітетін авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы хабарлау сызбасына сәйкес әуе қозғалысын басқару ұйымы жүзеге асырады.

217. Басшылық ететін лауазымды адамдарға авиациялық инцидент туралы жедел түрде хабарлау үшін азаматтық авиацияның әр ұйымында осы Қағида ескеріліп, авиациялық инцидент кезінде лауазымды адамдардың әрекеттерінің тәртібі белгіленетін ұйымның бірінші басшысы бекітетін нұсқаулық әзірленуге тиіс.

218. Авиациялық инцидент болған әуе кемесін пайдаланушының (иесінің) басшысы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органға және көлік прокуратурасына бастапқы хабарламаны бір тәулік ішінде жеткізеді.

219. Бастапқы хабарламада мынадай ақпарат:

1) оқиға түрі;

2) авиациялық инциденттің күні, уақыты (жергілікті және UTC), орны;

3) үлгісі, әуе кемесінің мемлекеттік және тіркеу танылым белгілері мен тиесілігі;

4) авиациялық инцидент болған сәттегі метеожағдай;

5) әуе кемесі командирінің және экипаж мүшелерінің тектері;

6) тапсырманың сипаты, рейс нөмірі;

7) хабарламаны берген кездегі авиациялық инциденттің нақты анықталған мән-жайлары;

8) әуе кемесінің зақымдану дәрежесі қамтылады.

9) Көрсетілген мәліметтердің ішінен қандай да бір мәліметтің болмауы бастапқы хабарламаны жеткізуді кешіктірмеуге тиіс. Хабарламада авиациялық инциденттің мән-жайлары мен себептері туралы болжамды мәліметтер болмауға тиіс.

220. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесімен шетел мемлекетінің аумағында, сондай-ақ шетел мемлекетінің азаматтық әуе кемесімен Қазақстан Республикасының аумағында болған авиациялық инцидент туралы хабарлау тәртібі, авиациялық оқиға үшін көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

221. Егер инцидент авиациялық техниканың конструктивті-өндірістік кемшіліктеріне байланысты болса, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган әуе кемесін (қозғалтқышты) әзірлеуші ұйымның немесе жасаушы ұйымның өкілдеріне бастапқы хабарламаны жібереді, олар хабарламаны алған сәттен бастап он екі сағат ішінде Комиссияның жұмысына өздерінің қатысатындары туралы хабарлайды.

222. Егер авиациялық инцидент қанағаттанарлықсыз метеоқамтамасыз етуге байланысты болса, Комиссия құрамына метеоқызметтердің өкілдері тартылуы мүмкін, олар хабарламаны алған сәттен бастап он екі сағат ішінде өздерінің қатысатындары туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға хабарлайды.

223. Осы ұйымдар өкілдерінің тексеруге қатысу туралы хабарлама екі тәулік ішінде алынбаған жағдайда немесе бастапқы хабарламаны алған сәттен бастап үш тәулік ішінде көрсетілген өкілдер осы хабарламаны алып, бірақ келмеген жағдайда тексеру олардың қатысуынсыз жүргізіледі.

224. Егер авиациялық инцидент әуе кемесіне жерде техникалық, коммерциялық қызмет көрсету кезінде орын алса немесе анықталса, бастапқы хабарламаны осы жағдай анықталған кезде әуе кемесі оның басқаруында болған азаматтық авиация ұйымының басшысы береді.

## § 2. Авиациялық инцидентті тексеруді ұйымдастыру

225. Авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның жұмыс істеу тәртібі осы Қағиданың 157-174-тармақтарында белгіленген. Комиссия құруға авиациялық инцидент туралы бастапқы хабарлама негіз болып табылады.

226. Азаматтық (эксперименттік) авиацияда тіркелуге жататын инциденттер мен елеулі инциденттердің тізбесі осы Қағидаға 24-қосымшада белгіленген.

227. Комиссия құрамына әуе кемесін пайдаланушының (иесінің), азаматтық авиация ұйымдарының өкілдері, қажет болған кезде әуе кемесін әзірлеушінің, жасаушының және мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері тартылады.

Авиациялық инцидентті тексеру кезінде кіші комиссиялар мен жұмыс топтарын құрмауға рұқсат етіледі.

228. Егер инцидент болған әуе кемесін пайдаланушыдан (иесінен) ақаулықты пайдаланушының/әуежайдың осындай жұмыстарды жүргізуге рұқсат берілген инженерлік-авиациялық қызметінің күшімен жоюға болады деген ақпарат келіп түссе, тексеру жөніндегі уәкілетті орган осындай жұмыстарды жүргізуге рұқсат береді. Әуе кемесін іске қосуды инженерлік-авиациялық қызмет белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Әуе кемесінің ұшуына рұқсатты инженерлік-авиациялық қызмет берген әуе кемесіне ұшуға рұқсат ету туралы актінің негізінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган береді.

229. Авиациялық инцидентті тексеру кезінде Комиссия мүшелері:

1) авиациялық инцидент мән-жайларын анықтау үшін әуе кемесінің бортына еш кедергісіз өте алады;

2) әуе кемесін, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін құралдар мен объектілерді тексере алады;

3) авиациялық инцидентті тексеруге байланысты зерттеулер мен жұмыстарды жүргізуге олардың ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларға тапсыра алады;

4) ғылым мен техниканың тиісті салаларында білімді талап ететін тапсырмаларды шешу үшін олардың ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың жұмыскерлерін тарта алады;

5) жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан аталған инцидентке қатысты мәселелер бойынша құжаттар мен материалдарды сұрата алады және ала алады;

6) әуе кемесі экипажы мүшелерінің, сондай-ақ авиациялық персонал ішінен тиісті адамдардың психофизиологиялық жай-күйіне зерттеу жүргізе алады.

230. Комиссияны тағайындау туралы бұйрық шыққан сәттен бастап авиациялық инцидентті тексеру нәтижелері бойынша есеп бекітілгенге дейін авиациялық инцидентті тексеру мерзімі, әдетте, он тәуліктен, қосымша зерттеулерді жүргізу қажет болмаса, елеулі авиациялық инцидент он бес тәуліктен аспайды.

Тексеру мерзімін ұзартуға Комиссия төрағасының сұрауы бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның рұқсатымен жол беріледі.

Комиссия авиациялық инцидентті сапалы және объективті тексереді.

231. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесімен шетел мемлекетінің аумағында, сондай-ақ шетел мемлекетінің азаматтық әуе кемесімен Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық инцидент, оның ішінде елеулі авиациялық инцидент болған жағдайда мамандардың тексеруге қатысуы авиациялық оқиға үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

232. Авиациялық инцидент туралы хабарламаны алғаннан кейін тексеру жөніндегі уәкілетті орган аталған инцидентке қатыстырылған ұшу экипажы мен әуе кемесіне қатысты қолда бар ақпаратты, сондай-ақ тексеру үшін уәкілетті өкілдің тағайындалғаны туралы, оның тегін, оқиға орын алған мемлекетке келу болжанып отырған күні мен уақытын хабарлайды.

233. Уәкілетті өкілге көмекке кеңесшілер тағайындалуы мүмкін. Уәкілетті өкілдің және кеңесшілердің өкілеттіктері осы Қағиданың 134-тармағында белгіленген.

Әуе кемесін қалпына келтіру бойынша жұмыстарға қатысу үшін әуе кемесін пайдаланушы (иесі) мамандар тобын құрайды.

234. Оқиға орын алған мемлекеттегі дипломатиялық өкілдіктер, консулдық мекемелер мен Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ әуе кемесі иесінің (пайдаланушының) өкілдері тексеруге

қатысатын мамандар тобына барлық жағынан жәрдем етеуге, оның ішінде көлікпен, байланыспен, жұмысқа және демалуға арналған үй-жайлармен, тамақпен және т.б. қамтамасыз етеді.

235. Егер оқиға орын алған мемлекет авиациялық инцидентті тексеруді Қазақстан тарапына берсе, ондай тексеру осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі.

236. Комиссия жұмысының барысында пайдаланушы (иесі) Комиссияға барлық жағынан ықпал етеді, оның ішінде қажетті күштер мен құралдарды бөледі, авиациялық инцидент болған орынды күзетуді қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды, тексеру барысында тасымалдауды және қажетті жұмыстарды жүргізеді және авиациялық техниканы зерттеуді қамтамасыз етеді, Комиссия жұмысын қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы органдармен және азаматтық авиация ұйымдарымен әрекеттерді үйлестіруді жүзеге асырады.

237. Әуе кемесін қалпына келтіру бойынша жұмыстарды өз мамандарын тарта отырып және оқиға орын алған мемлекет әуежайының инженерлік-авиациялық қызметімен келісім бойынша әуе кемесін пайдаланушы ( иесі) жүргізеді.

Оқиға орын алған мемлекет әуежайында әуе кемесін қалпына келтіргеннен кейін әуе кемесінің Қазақстан Республикасына ұшып келуі бойынша барлық мәселелерді оқиға орын алған мемлекеттің авиациялық әкімшілігімен бірлесе отырып, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган шешеді.

## § 3. Авиациялық инцидент кезінде лауазымды адамдардың іс-қимыл жасау тәртібі

238. Авиациялық инцидент орын алған сәттен бастап Комиссия келгенге дейін авиациялық инцидент болған орында бастапқы әрекеттерді жүзеге асыру бойынша авиациялық инцидент орын алған жауапкершілік ауданында және аумағында әуе кемесін пайдаланушыға (иесіне), азаматтық авиация ұйымының басшысына, ал ол келгенге дейін әуе кемесінің командиріне жүктеледі.

239. Авиациялық инцидент орын алған жерге Комиссия келгеннен кейін тексеруді одан әрі ұйымдастыру Комиссия төрағасына жүктеледі. Комиссия төрағасы қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды, ұйымдық отырысты өткізеді, онда Комиссияны тағайындау туралы бұйрық оқылады, авиациялық инцидент орнында бастапқы әрекеттерді жүзеге асырған лауазымды тұлғалар тыңдалады, оқиғаның мән-жайлары және орындалған жұмыстар туралы айтылады.

240. Комиссия төрағасы тексерудің барлық кезеңдерін ұйымдастырады, жүргізеді және бақылайды, барлық тексеруге қатысушылардың әрекеттерін үйлестіреді.

Авиациялық инцидентті тексеруге байланысты мәселелер бойынша Комиссия төрағасының нұсқаулары авиациялық инцидентті тексеруге қатысы бар барлық лауазымды адамдардың орындау үшін міндетті болып табылады.

241. Комиссияға авиациялық инцидентті тексеруді жүргізуде тәуелсіздік беріледі. Комиссияның жұмысы Комиссия төрағасы бекіткен жоспар бойынша жүзеге асырылады.

242. Егер тексеру барысында Комиссия ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қауіпті ауытқушылықтарды анықтаса, Комиссия төрағасы жедел түрде шараларды қабылдау үшін тиісті ақпарат пен ұсыныстар қамтылған ол туралы хабарлама жібереді. Хабарлама азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және азаматтық авиация ұйымына жіберіледі.

243. Авиациялық инцидентті тексеру кезінде авиациялық техника объектілерін зерттеу әуе кемесі иесінің ұйымы базасында жүргізіледі, ал арнайы зерттеулер аталған зерттеулерді орындау мүмкіндігі бар азаматтық авиация ұйымдарында жүргізіледі.

Авиациялық техника объектілерін зерттеу (олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру), Комиссия жұмысының орнында жүргізілетін сараптамалар алдын ала жасалған жоспарлар (бағдарламалар) бойынша жүргізіледі. Жоспарға тексеруге қатысатын тараптардың өкілдері қол қояды, Комиссия төрағасы бекітеді және тексеру материалдарына тіркеледі.

244. Комиссия төрағасы істен шыққан агрегатты (бөлшектерді) ауыстыруға және егер тексеру барысында авиациялық инциденттің орын алу себебі істен шыққан агрегатты (бөлшектерді) ауыстырғанда қалпына келуі мүмкін авиациялық техниканың істен шығуынан болып табылады деп анықталса, әуе кемесін әзірлеушінің және/немесе жасаушының, жөндеу ұйымының және әуе кемесі иесінің өкілдері келгенге дейін белгіленген тәртіпте іске қосуға рұқсат бере алады. Істен шыққан агрегат (бөлшектер) тексеруге қатысатын мүдделі ұйымдардың өкілдері келгенге дейін қозғалмаған күйінде сақталады.

245. Ерекше жағдайларда, Комиссия шешімі бойынша инцидентті тексеру аяқталғанға дейін базалық әуеайлаққа әуе кемесінің орнын ауыстыруға рұқсат етіледі. Сонымен қатар қауіпсіз ұшып-қону мүмкіндігі және ұшып-қону талаптары мен қауіпсіздік шаралары қамтылған әуе кемесінің жағдайы туралы техникалық акті жасалады. Техникалық актіге әуе кемесін қалпына келтіру бойынша топ мүшелері қол қояды және оны Комиссия құрамына кіретін топ басшысы бекітеді.

246. Негізгі әдістемелік және ұйымдық мәселелер бойынша шешімді Комиссия қабылдайды, бұл ретте Комиссия төрағасы түпкілікті шешім қабылдайды. Қабылданған шешіммен келіспейтін Комиссия мүшелері кез келген қабылдауға болатын нысанда өз пікірін білдіре алады.

Объективті бақылау құралдарын алып қоюға және сақтауға беру бойынша Комиссия мүшелерінің әрекеттері, егер ондай жағдай орын алса алдын ала тексеру жүргізетін құқық қорғау органының рұқсатымен жүзеге асырылады.

247. Азаматтық (эсперименттік) авиациядағы авиациялық инцидентті тексеру нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі - Есеп) Комиссия жұмысының қорытынды құжаты болып табылады, оның нысаны осы Қағидаға 25-қосымшада белгіленген.

Комиссия төрағасы Есеп жобасын талқылау үшін Комиссия мүшелеріне ұсынады. Есептің мазмұны бойынша келіспеушіліктер пайда болған жағдайда Есеп Комиссия төрағасы ұсынған редакцияда жасалады. Есеп мазмұнымен келіспейтін Комиссия мүшесі ерекше пікірін жазбаша түрде ұсынады.

Ерекше пікірде келіспеушіліктің нақты себептері мен олардың негіздемесі, сондай-ақ ұсынатын тұжырымдары көрсетіледі. Ерекше пікірді міндетті түрде хаттама ресімдей отырып, Комиссия мүшелері қарайды.

Есепке Комиссия төрағасы және оның барлық мүшелері қол қояды.

248. Егер қарау нәтижесінде ерекше пікір Есепте ескерілмеген болса, оны ұсынған Комиссия мүшесі оған "Ерекше пікірмен" деген белгімен қол қояды.

Ерекше пікір Комиссия Есебіне қосымша тіркеледі.

Хаттамада ерекше пікірдің мәні бойынша Комиссияның әр мүшесінің пікірі көрсетіледі.

249. Комиссия төрағасы Есепті авиациялық инцидентті тексеруді тағайындаған азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға бекітуге береді.

Есепке мына материалдар:

1) ұшу параметрлерін, авиатехника жұмысының кемшіліктері анықталғанға дейін, оларды жойғанға дейін немесе ұшу аяқталғанға дейін 1 минут ішінде экипаждардың әрекеттерін сипаттайтын барлық тіркеуші арналар бойынша қажетті тарирлендірілген деректері бар борттық тіркеуші жазбаларының осциллограммалары;

2) авиатехниканы зерттеу нәтижелері;

3) борттағы және жердегі магнитофон жазбаларынан үзінді;

4) түсіндірме жазбалар және сұрау хаттамалары;

5) ұшақты іске қосуға арналған техникалық акті;

6) шығындар туралы мәлімет қоса беріледі.

7) Комиссияның кез келген мүшесінің талабы бойынша есепке басқа да құжаттар қоса берілуі мүмкін.

250. Тексеру жөніндегі уәкілетті орган төменде көретілген қосымшалармен бірге бекітілген Есепті:

1) базасында тексеру жүргізілген әуе кемесін пайдаланушыға (иесіне);

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға;

3) егер авиациялық инцидент авиациялық техниканың істен шығуына байланысты болса, әуе кемесін әзірлеушіге/жасаушыға;

4) көлік прокуратурасына (сұрау бойынша) жіберіледі.

Елеулі инциденттерді тексеру кезінде тексеру материалдары Қазақстан Республикасының көлік прокуратурасына жіберіледі.

Ең жоғары ұшу салмаңы 5700 кг-дан артық әуе кемесімен болған елеулі инцидентті тексеру кезінде ақпараттық есеп ИКАО-ға жіберіледі.

251. Есепті және тексеру материалдарын уақытында таратуды әуе кемесін пайдаланушы (иесі) жүзеге асырады.

252. Тексеруге қатысатын адамдар негізді және объективті тұжырымдарды жасайды, сондай-ақ материалдарды сапалы ресімдейді.

## § 4. Авиациялық инцидентті тексеру кезінде зерттеулер жүргізу

253. Авиациялық инцидентті тексеру кезінде авиациялық техника объектілерін зерттеуді Комиссия азаматтық авиация ұйымдарының базасында орындайды. Істен шығу себебі конструктивті-өндірістік кемшілік немесе қанағаттанарлықсыз жөндеу деп ұйғарылса, авиациялық техника объектілерін бөлшектеу және зерттеу тиісінше өнеркәсіптің немесе жөндеу ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жүргізілуге тиіс.

Бұл ретте аталған өкілдерге зерттеулерді қажетті техникалық құжаттамамен, пайдаланатын бөлімшелерде жоқ арнайы құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету жүктеледі.

254. Арнайы зерттеулерді жүргізу қажеттілігін Комиссия белгілейді.

Зерттеулер жүргізу туралы Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді. Зерттеулерді орындаушы ұйымды Комиссия анықтайды.

Егер тексеруге ұсынылған әуе кемесі және оның агрегаттары басқа мемлекетте жасалса және сол мемлекеттің ұйымдарында зерттеулер жүргізу қажет болса, онда мұндай зерттеулерді жүргізу туралы шешімді жасаушы, әзірлеуші, тіркеуші немесе пайдаланушы мемлекеттің уәкілетті өкілімен келісім бойынша Комиссия қабылдайды.

255. Басқа мемлекеттердің аумағында орналасқан орындаушы ұйымдарда авиациялық техника объектілерін зерттеу авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі комиссияның өкілетті өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен орындалады. Мұндай зерттеулерді ұйымдастыру тиісті мемлекеттің уәкілетті органымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

256. Зерттеу жүргізуге Комиссияның зерттеу жүргізу мақсаты, қажет болған жағдайда бірлесіп орындаушы ұйымдар толық көрсетілген техникалық тапсырмасы негіз болып табылады.

Техникалық тапсырмаға авиациялық инцидент жағдайларының қажетті көлемі, әуе кемесі және зерттеу объектісі, оларды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету туралы деректерді баяндай отырып, анықтама, сондай-ақ жүргізілген жұмыстар және олардың нәтижелерін көрсете отырып, Техникалық акті қоса беріледі.

257. Зерттеуге жататын объектілер зерттеу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей орындаушы ұйымның мекенжайына жіберіледі.

Азаматтық авиация және авиациялық өнеркәсіп ұйымдарында авиациялық техниканың бас тартылған объектілеріне зерттеу жүргізу тәртібі осы Қағиданың талаптары ескеріліп, анықталады, бұл ретте аталған зерттеу жүргізу мерзімдері төмендегі мерзімдерден:

1) жекелеген бөлшектер мен агрегаттар бойынша – қырық бес тәуліктен;

2) қозғалтқыштарды зерттеу бойынша және кешенді зерттеулер бойынша - алпыс тәуліктен аспауға тиіс.

258. Орындаушы ұйым зерттеулерді жүргізу үшін объектіні алғаннан кейін зерттеуді бастау күнін белгілейді және қажет болған кезде зерттеулерге қатысуға шақырып, бірлесіп орындаушы ұйымдарға сол туралы хабарлама жібереді.

Зерттеуді бастау мерзімі бірлесіп орындаушы ұйым өкілдерінің келу мүмкіндігі ескеріліп, анықталады. Аталған мерзім объектіні алған сәттен бастап бес тәуліктен аспайды.

Көрсетілген мерзімде бірлесіп орындаушы ұйымның өкілдері келмеген жағдайда, орындаушы ұйым зерттеуді өзі жүргізеді.

Зерттеулер мәлімет үшін комиссияға ұсынылатын бірлесіп орындаушы ұйымдардың өкілдерімен келісілген жоспарлар (бағдарламалар) және әдістемелер бойынша Комиссия өкілінің бақылауында жүргізіледі.

259. Авиациялық техника объектілерінің ұшу туралы ақпаратын зерттеуді және объективтік бақылау құралдарының мағынасын ашуды, оның ішінде шетел мемлекетінің әуе кемелерімен болған авиациялық инциденттерді тексеру кезіндегі зерттеу осы жұмыстарды жүргізуге рұқсаты бар азаматтық авиация ұйымдарының базасында жүргізіледі.

Қазақстанда осындай жұмыстарды жүзеге асыруға техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда, олар Комиссияның өкілетті өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен, келісім бойынша Мемлекетаралық авиациялық комитетте немесе басқа мемлекеттерде орындалуы мүмкін.

260. Зерттеу нәтижелері бойынша есеп жасалады, оған зерттеуге қатысушылар қол қояды, орындаушы ұйымның басшысы бекітеді және Комиссияға жіберіледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша Есеп тексеру материалдарының ажырамас бөлігі болып табылады. Тексеру бойынша есеп тексеру нәтижелері аяқталғаннан кейін, зерттеу нәтижелері ескеріліп, жасалады. Инцидентті тексеру бойынша Есепті зерттеу нәтижелері бойынша есепті алғанға дейін бекітуге және жариялауға рұқсат етілмейді.

261. Зерттеуден өткен авиациялық техника объектілері, оның ішінде градуирленген деректерімен бірге борттық өздігінен жазылатын ұшу ақпаратын таратушылар тексеру нәтижелері бойынша Есеп бекітілгеннен кейін 3 ай зерттеуді орындаушының бас ұйымында сақталады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін әуе кемесінің иесіне объектілерді жою туралы сұрау жіберіледі.

262. Инцидент фактісі бойынша тексеру жұмыстары жүргізілген жағдайда, әуе кемесін пайдаланушы (иесі) құқық қорғау органдарымен объектіні жою мәселесін келіседі және қабылданған шешім туралы зерттеуді орындаушы ұйымға хабарлайды.

Зерттеуден өткен объектілерді жою әуе кемесі иесінің рұқсатымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

## 3. Қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты авиациялық оқиғалар мен инциденттер

### § 1. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезіндегі авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру

263. Қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Қағиданың 3-бөлімінің 1 және 2 -тарауларында белгіленген авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

264. Қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты әуе кемесімен болған авиациялық оқиға және инцидент туралы бастапқы хабарлама ашық мәтінмен беріледі және онда төмендегі ақпарат:

1) авиациялық оқиғаның немесе инциденттің күні және уақыты;

2) әуе кемесін пайдаланушы авиакомпанияның атауы;

3) қауіпті жүкті жөнелтушінің атауы;

4) тиісті қауіпті жүктердің сипаттамасы;

5) авиациялық оқиғаның немесе инциденттің қысқаша сипаттамасы;

6) өлімге әкеп соқтырған немесе ауыр дене жарақаттарын алған азаматтардың саны және мүліктің бүліну дәрежесі;

7) оқиғаның нәтижесінде қауіпсіздік, денсаулық немесе қоршаған орта үшін сақталатын кез келген қауіп туралы ақпарат;

8) Қазақстан Республикасы тексеруді қандай дәрежеде жүргізеді немесе басқа мемлекетке беруді жоспарлағаны туралы ақпарат;

9) хабарлама шығарған органның атауы қамтылуға тиіс.

10) Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының әуежайынан ұшып шыққан қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты Қазақстан Республикасының әуе кемесімен немесе шетел мемлекетінің әуе кемесімен болған авиациялық оқиға немесе инцидент туралы хабарлама алған кезде, тез арада аталған әуе кемесі тасымалдайтын қауіпті жүктер туралы қолда бар кез келген ақпаратты оқиға орын алған мемлекетке хабарлайды.

266. Егер Қазақстан Республикасының аумағында болған авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру кезінде, авиациялық оқиғаның немесе инциденттің себебі қауіпті жүктер екені анықталса, тексеру жөніндегі уәкілетті орган Комиссия құрамына қауіпті жүктермен байланысты жағдайларды тексерумен айналысуға тиіс маманды енгізеді.

267. Қажет болған кезде қауіпті жүктермен байланысты жағдайлар мен факторларды тексеру үшін жұмыс тобы немесе кіші комиссия құрылады. Оның жұмысының нәтижелері бойынша еркін түрде есеп жасалады, ол авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексерудің құрамдас бөлігі болып табылады және тексеру нәтижелері бойынша Түпкілікті есепке қоса беріледі.

268. Радиоактивті материалдарды тасымалдаған әуе кемесімен авиациялық оқиға орын алған жағдайда, тез арада оқиға орнына жақын орналасқан жерде жұмыс істейтін адамдарға зиян келтірілгенге дейін білікті мамандардың оларды жоюы бойынша шараларды қолдану керек. Оқиға орнын тексеруге радиация деңгейін өлшеу жүргізілгеннен кейін және оқиға орны қауіпсіз деп жарияланғаннан кейін ғана кіріскен жөн.

269. Қауіпті жүктермен байланысты авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша Тексеру жөніндегі комиссия осы Қағидаға 23-қосымшада белгіленген нысан бойынша Түпкілікті есеп жасайды.

Қауіпті жүктермен байланысты авиациялық инцидентті тексеру нәтижелері бойынша Тексеру жөніндегі комиссия осы Қағидаға 24-қосымшада белгіленген нысан бойынша Түпкілікті есеп жасайды.

270. Қауіпті жүктермен байланысты авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру нәтижелері бойынша Есеп осы Қағидаға белгіленген тәртіпке сәйкес таратылады, сондай-ақ қауіпті жүкті жөнелтуші мемлекеттің авиациялық әкімшілігінің мекенжайына қосымша жіберіледі.

Егер тексеру нәтижелері әуеде қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау бойынша Техникалық нұсқаулықтардың талаптары (Doc 9284 AN/985 ИКАО) бойынша кемшіліктер туралы куәландырса, аталған ақпарат Түпкілікті есепте көрсетіледі.

## 4. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болдырмау жөніндегі ұсынымдар мен іс-шаралар. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді жіктеу және есепке алу. Авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы деректерді ұсыну жүйесін құру тәртібі

### § 1. Авиациялық оқиғалар немесе инциденттерді тексеру нәтижелері жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу

271. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру жөніндегі Комиссия тексеру барысында алынған ақпаратты талдау негізінде, ұқсас себептер бойынша басқа да авиациялық оқиғалар мен инциденттерді болдырмау мақсатында немесе осындай авиациялық оқиғалар мен инциденттердің салдарын азайту мақсатында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды әзірлейді.

272. Ұсынымдарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және авиациялық техниканы пайдалану жүйесін жетілдіру, ұшу және жердегі құрамның кәсіби дайындық деңгейін жақсарту, әуе қозғалысын басқаруды және ұшуларды жерде қамтамасыз етуді жетілдіру, нормативтік құқықтық актілерді және басқа да авиациялық қызметтің аспектілерін жетілдіру мәселелері енгізілуі мүмкін.

273. Құзыретіне Комиссия ұсыныстарының қатысы бар азаматтық авиация ұйымдары Түпкілікті есепті алғаннан кейін азаматтық авиация ұйымының деңгейінде профилактикалық шараларды қабылдауды қарастыратын іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді. Бекітілген іс-шаралар жоспары үш тәулік ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

274. Іс-шаралар жоспарын жасаған кезде Комиссияның барлық ұсыныстары орындауға қабылдануға тиіс. Іс-шаралар жоспары немесе басқа да өкімдік құжаттар ұшу қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған профилактикалық шараларды қабылдауды қарастырады. Іс-шаралар жоспарына Комиссия ұсыныстарында көрсетілмеген, тексеру кезінде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған қосымша шаралар енгізілуі мүмкін.

275. Қауіпсіздік бойынша ұсынымдарды іске асыру бойынша бақылау азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

276. Ұсыныстарды іске асыру бойынша ведомствоаралық іс-шаралардың жоспарын орындаушылар бірлесіп орындаушылармен бірге әзірлейді. Жұмыстарды бірлесіп орындаушылар қарауға іс-шаралар жоспарының жобасын

алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оны келісулері немесе өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша түрде ұсынады. Даулы мәселелер бойынша шешімді іс-шаралар жоспарын бекітетін басшылар қабылдайды.

277. Авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі Комиссияның ұсыныстарын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу мерзімі ішкі ведомстволық жоспарларға он бес тәулікті және ведомствоаралық жоспарларға отыз тәулікті құрайды.

278. Авиациялық инцидентті тексеру жөніндегі Комиссияның ұсыныстарын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу мерзімі ішкі ведомстволық жоспарларға он тәулікті және ведомствоаралық жоспарларға жиырма тәулікті құрайды.

Мерзім ұсынымдарды алған сәттен бастап есептеледі.

279. Комиссия авиациялық оқиға мен инцидентті тексерудің кез келген кезеңінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ кез келген мүдделі мемлекеттерге ұшу қауіпсіздігін жақсарту үшін қажетті алдын алу шараларын жүзеге асыруға ұсыныс жасауы мүмкін.

Егер қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар ИКАО қолданыстағы құжаттарының ережелеріне қатысты болса, онда олар сол ұйымға жіберіледі.

280. Тексеру жүргізген мемлекеттен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы ұсыныс алған жағдайда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган оны алған сәттен бастап тоқсан тәулік ішінде сол мемлекетке қабылданған немесе қараудағы алдын алу шаралары туралы немесе қандай да бір шаралардың қабылданбау себептері туралы хабарлайды.

281. Жеке жағдайларда Комиссия ұсыныстары бойынша жедел іс-шаралар тексеру аяқталғанға дейін және Түпкілікті есеп бекітілгенге дейін әзірленеді және енгізіледі.

Комиссия ұсынысын іске асыруды бақылау азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жүктеледі.

282. Авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру аяқталғаннан кейін Комиссия төрағасы немесе оның орнындағы тұлға авиациялық оқиға немесе инцидент болған азаматтық авиация ұйымында талқылау өткізеді. Талқылаудың мақсаты пайдаланушыға авиациялық оқиға немесе инциденттің жағдайын, себептері мен әсер ететін факторларын, сондай-ақ алдағы уақытта олардың алдын алу бойынша ұсыныстарды жеткізу болып табылады. Ашық жариялауға арналмаған материалдар қаралған кезде талқылау жабық болуы мүмкін.

## § 2. Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді жіктеу және есепке алу

283. Авиациялық оқиғалар болған жеріне, мән-жайларына және туындаған салдарының ауырлығына байланысты төмендегідей жіктеледі:

1) авиациялық оқиғалар;

2) авиациялық инциденттер;

284. Туындаған салдардың ауырлығына қарай авиациялық оқиғалар төмендегідей бөлінеді:

1) адам шығындары болған авиациялық оқиғалар (апаттар);

2) адам шығындары болмаған авиациялық оқиғалар (авариялар).

285. Авиациялық инциденттер туындаған салдарының ауырлығына қарай төмендегідей бөлінеді:

1) авиациялық инцидент, оның мән-жайлары әуе кемесін ұшуды жасау ниетімен пайдалануға байланысты авиациялық оқиғаның жоғары ықтимал болғанын көрсетеді;

2) дене жарақаттары болған елеулі авиациялық инцидент, онда адамның денсаулығына ауыр және қауіпті зиян келтіріледі, сондай-ақ салдары бойынша өмірі үшін қауіпті емес денсаулыққа ауыр болып табылатын зиян келтіріледі, ол:

жарақат алған сәттен бастап жеті күн ішінде екі тәуліктен асатын уақытқа госпитальге жатқызу қажеттілігін талап етеді;

кез келген сүйегінің сынуына (қол, аяқ саусақтарының немесе мұрнының сынуын есептемегенде), ірі буын және омыртқа шеттерінің сынуына және жұмсақ еттерінің езіліп кетуіне әкелді;

қатты қан кетуіне, биологиялық тамырының үзіліп кетуіне, жүйке тамырының, бұлшық еттері мен сіңірінің үзілуіне байланысты;

кез келген ішкі органының бұзылуына, сондай-ақ көзінің көрмей қалуына әкелуі мүмкін, көзінің шырыны қатты жаралануына әкелген;

денесінің немесе сыртқы тыныс алу жолдары терісінің 5%-дан аса күйіп кеткен кез келген жері термиялық, химиялық және басқа да екінші және үшінші дәрежелі күйік алуымен, есінен тандыруы мүмкін электр тоғының әрекет етуімен , дем алуының нашарлауымен, сондай-ақ үшінші және төртінші дәрежелі үсіп кетуімен немесе ағзаның жалпы салқындауымен байланысты;

инфекциялық, уландыру заттарының немесе радиацияның әсер ету фактілерінің расталуымен байланысты;

бас және арқа миының орта және ауыр дәрежелі шайқалуына, жарақат алуына байланысты ішкі бас сүйекке қан кетуіне әкелген;

жүктілікті тоқтату салдарынан болған ауыр дене жарақаты.

286. Екі немесе бірнеше әуе кемесінің соқтығысуы (қауіпті жақындауы) бір оқиға ретінде тексеріледі және болған жағдайға сәйкес құжаттар әр әуе кемесіне бөлек-бөлек жинақталады. Тексеру нәтижесі бойынша әр әуе кемесіне бөлек-бөлек нақты жалпы есеп және ақпараттық есеп ресімделеді.

Бірнеше әуе кемелерімен болған оқиғаға қатыстыру кезінде, осы Қағиданың 9 -тармағында көрсетілген анықтамаларға сәйкес олардың әрқайсысы үшін бөлек-бөлек жинақталуы тиіс.

287. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен болған авиациялық оқиға мен инцидент міндетті түрде есепке алуынуға тиіс. Есепке алуды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, авиациялық оқиға мен инциденттерді тексеру жөніндегі уәкілетті орган, әуе кемелерін пайдаланушылар (иелері) жүзеге асырады.

288. Әрбір авиациялық оқиға мен инцидент оған нақты тұлғалардың, азаматтық авиация және басқа да ұйымдар қызметтерінің қатысы барын анықтау үшін тексеру барысында анықталған себептер мен әсер етуші факторлар бойынша жіктелуге тиіс.

Нақты авиациялық оқиға мен инцидентті жіктеу бойынша түпкілікті шешімді авиациялық оқиға мен инциденттерді тексеру жөніндегі комиссия қабылдайды.

289. Барлық авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру нәтижелері бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган тоқсанға, жартыжылдыққа, бір жылға ұшу қауіпсіздігі бойынша талдау жасайды, оған:

1) орын алған авиациялық оқиғалар мен инциденттердің саны, олардың жіктелуі мен себептері;

2) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша профилактикалық жұмыстардың жағдайын бағалау;

3) ұшу қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсынымдар кіреді.

4) Авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру материалдары, әуе кемелерін және азаматтық авиация ұйымдарын пайдаланушылардың инспекциялық тексеру нәтижелері, авиациялық оқиғалар мен инциденттердің алдын алу мақсатында жүргізілген профилактикалық іс-шаралар талдауға арналған бастапқы материалдар болып табылады.

Талдау мақсаттары ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін қауіпті факторларды анықтау, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеу, сондай-ақ бұдан бұрын қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау болып табылады.

291. Егер авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру барысында басқа мемлекеттердің мүддесін қорғайтын және ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін мәселелер анықталса, онда мұндай ақпарат сол мемлекеттерге де жіберіледі.

## § 3. Авиациялық оқиғалар немесе инциденттер туралы деректерді ұсыну тәртібі

292. Авиациялық оқиғалар немесе инциденттер туралы деректерді ұсыну жүйесі ақпараттарды жинауға қатысу үшін азаматтық авиацияны пайдаланушылардың құрылымдарында құрылады.

293. Авиациялық оқиғалар немесе инциденттер туралы деректерді ұсыну жүйесі жаза қолдануға және ақпарат көздерін қорғауды қарастыруға бағытталған. Инциденттер туралы ақпаратты ұсынған адамдар инцидент туралы өз еркімен ұсынылған кез келген ақпарат оларға қарсы қолданылмайтынына сенімді болуға тиіс.

294. Авиациялық оқиғаларды немесе инциденттерді болдырмау жөніндегі өздерінің бағдарламалары шеңберінде инциденттер туралы ерікті баяндамаларды пайдаланатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, авиакомпаниялар (пайдаланушылар) алынған ақпаратты келешекте авиациялық оқиғаларды немесе инциденттерді болдырмау мақсатында пайдаланады.

295. Адамдар авиациялық оқиғалар немесе инциденттер туралы өз еркімен берген әрбір ақпарат азаматтық авиация салаындағы уәкілетті органның, оның ішінде болжамды авиациялық оқиға болған орынға барып, тексеруіне жатады.

Барлық авиациялық оқиғаларды уәкілетті орган қарайды және олардың қайсысы тексеруді қажет ететіні, қайсысы қажет етпейтіні туралы шешім қабылдайды. Аталған шешімнің өлшемдері ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін авариялық факторларды айқындау мүмкіндігі болуға тиіс.

Авиациялық оқиғалар мен
авиациялық инциденттерді тексеру
қағидасына
1-қосымша

## Мемлекеттік авиациясының әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің өкілеттілігі

### 1. Комиссия төрағасы

1. Комиссия төрағасы авиациялық оқиғаны тексеруді ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және авиациялық оқиғаның себептерін объективті түрде белгілеу үшін жауапкершілік көтереді. Комиссия төрағасының тексеруге қатысты өкімдері мен нұсқауларын авиациялық оқиғаны тексеруге қатысатын барлық адамдар міндетті түрде орындауға тиіс.

2. Комиссия төрағасы:

1) Комиссия мүшелеріне авиациялық оқиға болған жерде жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау береді;

2) авиациялық оқиға болған жерді қарап тексеруге және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша лауазымды адамдардың іс-қимылдарына баға береді;

3) объективті бақылау құралдарын өңдеу орны туралы шешім қабылдайды;

4) авиациялық оқиғаны тексеру жоспарын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

5) Комиссияның жұмыс органдарын құрады;

6) кіші комиссиялар мен жұмыс топтарының құрамын бекітеді;

7) Комиссия жұмысын осы Қағиданың талаптарына және тексеру жоспарына сәйкес ұйымдастырады;

8) Комиссия мүшелерінің жұмысында келісушілікті, тексеру барысында олардың іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

9) Комиссия отырыстарын жүйелі түрде өткізеді, оларда Комиссия мүшелері жүргізген жұмыстардың нәтижелері туралы баяндамаларды тыңдайды және осыған сәйкес тексеру бойынша одан әрі жұмысты үйлестіреді;

10) мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі орган басшысына және мемлекеттік орган басшысына (әуе кемесінің тиесілігі бойынша ) тексеру барысы туралы кезең-кезеңімен хабарлайды;

11) мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі орган, уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар басшыларына осы органдардың авиация персоналын авиациялық оқиғаға тарту фактілерінің анықталғаны туралы дереу баяндайды;

12) авиациялық оқиғаны тексерудің толықтығын, уақтылығын, жан-жақтылығы мен объективтілігін және тексеру құжаттарын дұрыс ресімдеуді бақылауды жүзеге асырады;

13) тексеру барысында алынған деректерді талдайды және Комиссияның қорытынды отырысында авиациялық оқиғаның себептері туралы қорытындылар жасайды;

14) белгіленген мерзімде авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері туралы баяндама мен актіні дайындайды;

15) авиация бөлімінің басшылық құрамымен авиациялық оқиғаның жағдайларына талдау жүргізеді;

16) осы Қағиданың 57-тармағына сәйкес тексеру нәтижелері туралы баяндайды;

17) авиациялық оқиға болған орынға ұшатын ғылыми-зерттеу зертханасын шақыру, тексеруге қатысу үшін немесе сарапшыларға консультация беру үшін әскери өкілдіктердің, ғылыми-зерттеу ұйымдарының және мемлекеттік органдардың әскери білім беру мекемелерінің мамандарын белгіленген тәртіппен тарту тралы шешім қабылдайды;

18) тексерудің негізгі бағыттары бойынша кіші комиссиялар мен жұмыс топтарын құрады, олардың құрамын айқындайды, кіші комиссиялар мен топ жетекшілерінің төрағаларын тағайындайды;

19) Комиссия мүшелеріне және тексеруге тартылған сарапшылар мен мамандардың орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

20) зерттеулер мен сараптамаларды жүргізу туралы шешім қабылдайды;

21) авиациялық оқиғаға қатысты қажетті құжаттаманы лауазымды адамдардан белгіленген тәртіппен сұратады;

22) объективті бақылаудың борттық және жерүсті құралдарының материалдарын, апатқа ұшыраған әуе кемесінің бөлшектері мен агрегаттарын және авиациялық оқиғаға байланысты басқа да объектілерді талдамалық, зертханалық және басқа да зерттеулерді жүргізу үшін ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарға жібереді;

23) авиациялық оқиғаға қатысы бар барлық адамдардан түсініктемелер алады;

24) қажеттілігі тексеру процесінде айқындалған авиациялық оқиғаларды болдырмау жөніндегі шұғыл іс-шараларды авиация бөлімдерінде жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді.

3. Комиссия төрағасының орынбасары Комиссия төрағасының нұсқауы бойынша тексеру жоспарына сәйкес оның жұмысын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысады, төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарады.

## 2. Кіші комиссияның төрағасы (жұмыс тобының жетекшісі)

4. Авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі кіші комиссияның төрағасы ( жұмыс тобының жетекшісі):

1) кіші комиссияның (жұмыс тобының) жұмысын Комиссия төрағасы бекіткен жұмыс жоспарға сәйкес ұйымдастырады;

2) тексерудің толықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді;

3) кіші комиссияның (жұмыс тобының) жұмысындағы анықтық пен келісімділікті және басқа кіші комиссиялармен (жұмыс топтарымен) бірлескен іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді;

4) Комиссия төрағасына тексеру барысы туралы баяндайды;

5) белгіленген мерзімде жүргізілген зерттеулер туралы есеп беруді ұсынады;

6) кіші комиссия (жұмыс тобы) құрамына кіретін мамандарға өкімдер мен нұсқаулар береді және олардың орындалуын бақылайды;

7) Комиссия төрағасы арқылы лауазымды адамдардан тексеруге қатысты қажетті материалдарды сұратады;

8) сараптама тобының құрамына қажетті мамандарды қосады;

9) кіші комиссия (жұмыс тобы) жұмысына қатысуға олардың төрағаларымен ( жұмыс топтарының жетекшілерімен) келісім бойынша басқа кіші комиссиялардың (жұмыс топтарының) мамандары мен сарапшыларын тартады.

## 3. Комиссия мүшесі, маман, сарапшы

5. Комиссия мүшесі:

1) Комиссия жұмысының жоспарына сәйкес өз мамандығының бейіні бойынша авиациялық оқиғаның жағдайлары мен факторларына толық және объективті зерттеуді жүргізеді;

2) Комиссия төрағасына (кіші комиссия төрағасына, жұмыс тобының жетекшісіне) жүргізілген зерттеулердің нәтижелері туралы баяндайды және тиісті ұсыныстар енгізеді;

3) авиациялық оқиғаны тексеру материалдарын қарайды және тексеру актісін талқылауға қатысады;

4) Комиссия жұмысын жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді;

5) мамандар мен сарапшыларды шақыру туралы, тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарды сұрату туралы, зерттеу объектілері мен мақсаттарын көрсете отырып, ғылыми-зерттеу ұйымдарында қосымша зерттеу жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді;

6) Комиссия (кіші комиссия) қорытындыларымен келіспеген кезде Комиссия ұсынатын қорытындыларды қабылдауға болмайтынын растайтын дәлелдер мен фактілерді мазмұндай отырып, жазбаша түрде Комиссия төрағасына авиациялық оқиғаның себептері туралы ерекше пікірін ұсынады және авиациялық оқиғаның себептері туралы өз пікірін айтады;

7) авиациялық оқиғаның жағдайларын анықтау үшін апатқа ұшыраған әуе кемесінің бортына кедергісіз өтеді;

8) апатқа ұшыраған әуе кемесін, оның құрамдас бөліктерін, осы мүліктің тиесілігіне қарамастан, осы әуе кемесінің бортындағы немесе сырт жақтан авиациялық оқиғаға тартылған мүлікті, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету құралдары мен объектілерін тексереді;

9) ұйымдарға олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты зерттеулер мен жұмыстар жүргізуді тапсырады;

10) ғылым мен техниканың тиісті салаларында білімді қажет ететін міндеттерді шешу үшін олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, ұйым қызметкерлерін тартады;

11) авиациялық оқиғаны көрген, авиациялық оқиғаға қатысы бар немесе қатысы болуы мүмкін адамдардан жауап алады, құқық қорғау органдарынан қажетті ақпарат алады;

12) апатқа ұшыраған әуе кемесін жасаудың, сынақтан өткізудің, жасаудың, пайдалану мен жөндеудің, авиация персоналы қатарынан адамдарды даярлаудың,

әуе қозғалысын ұйымдастырудың, әуе кемелерінің ұшуларын орындау мен қамтамасыз етудің барлық мәселелерін зерделейді;

13) тиісті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардан авиациялық оқиғаға байланысты мәселелер бойынша құжаттар мен материалдарды сұратады;

14) апатқа ұшыраған әуе кемесі экипажы мүшелерінің, сондай-ақ авиация персоналы қатарынан тиісті адамдардың психологиялық-физиологиялық жай-күйіне зерттеу жүргізеді.

6. Мамандар мен сарапшылар:

1) Комиссия (кіші комиссия) төрағасының жұмыс жоспарына және тапсырмасына сәйкес барлық материалдарға толық және объективті зерттеу жүргізеді;

2) зерттеулердің объектілері мен міндеттерін айқындауға, оларды жүргізу бағдарламаларын пысықтауға қатысады, сараптамаға шығарылатын мәселелер бойынша ұсыныстар береді;

3) Комиссия (кіші комиссия) төрағасының өкімдері мен нұсқауларын орындайды, тексеру нәтижелері бойынша қажетті құжаттаманы пысықтайды;

4) Комиссия (кіші комиссия) төрағасына жүргізілген зерттеулер ( сараптамалар) бойынша қорытындыны уақтылы ұсынады.

Авиациялық оқиғалар мен авиациялық
инциденттерді тексеру қағидасына
2-қосымша

## Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғаны тексеру ісі

______________________ ұшақты (тікұшақты) ______________, пилоттайтын
(авиациялық оқиғаның түрі) (үлгісі)

___________________________________________________________________
__,
(экипаж командирнің лауазымы, біліктілігі, әскери атағы, тегі және аты-жөні)

болған ____________________________________________________________
__
(оқиға күні мен орны)

Тексеруді ___________________________________ _____ № ________________,
(комиссия тағайындаған лауазымды адам) (күні)

тағайындаған комиссия мына құрамда жүргізген:

төраға ____________________________________________________________
_,

(лауазымы, әскери атағы, тегі және аты-жөні)
Комиссия
мүшелері ________________________________________________________________
_
(тексеру актісіне қол қойылған күн)
Комиссия жұмысының мерзімі:
Басталуы ________________________________________________________________
__
(авиациялық оқиға күні)
аяқталуы ________________________________________________________________
__
(тексеру актісіне қол қойылған күн)
Тексеруге:
_________________________________________________________________________
___
(мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен
_________________________________________________________________________
___
кәсіпорындардың мамандары лауазымы, әскери атағы мен
_____________________________________________________ өкілдері қатысты
тегі және аты-жөні көрсетіліп тізбеленеді)

Авиациялық оқиғаларды тексеру ісіне кіретін материалдар мен құжаттар тізімі:

1) авиациялық оқиғаларды тексеру актісі;

2) тексеру актісіне қосымша;

оларды пысықтау нәтижелері бойынша қорытындыларды сипаттаумен авиациялық оқиғалар хабары;

әуе кемесінің құлаған орнындағы кроктар;

әуе кемесі құлаған орнын тексеру хаттамасы мен авариялық детальдар;

объективті бақылау материалдарының талдау деректері:

әуе кемесі экипаж мүшелері арасында радиоалмасу хаттамасы;

әуе кемесі экипаждарымен ӘҚБ органдары және ұшулар басшылығы топтары адамдарының сөйлесу хаттамасы;

авиациялық оқиға болған әуе кемесінің радиолокациялық желісінің фототүсірілімі;

авиациялық оқиға болған әуе кемесінің калька желісінің көшірмесі;

ұшу (ұшудың авариялы телімі) кестесі (траектория);

ұшуда ерекше жағдайдың даму мен туындау моделы;

себептік-тексеру байланыстар моделы;

басқа авиациялық оқиғалардың себептері туралы ұсыныстарымен және негіздеумен авиациялық оқиғалардың себептері туралы комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері;

комиссия отырысының тексеру сұрақтары бойынша түсінбеушілік туындаған хаттамасы;

3) кіші комиссияның қосымшасымен есебі;

4) арнайы зерттеулер бойынша есептер;

5) қызметтік ақпарат;

6) сараптама қорытындылары;

7) авиациялық оқиғалар туралы мәлімдеме және оның тексеру нәтижелері;

8) авиациялық оқиғаларды тексеру нәтижелері бойынша бұйрықтар көшірмесі;

9) авиациялық оқиғаларды тексеру нәтижелері бойынша алдын-алу іс-шаралары;

10) алдын-алу іс-шаралар жоспарларын орындау туралы баяндамалар мен ашылған кемшіліктерді жою;

Тексеру ісінің барлық материалдары мен құжаттары оған түскен шамасы бойынша және белгіленген сақтау мерзімін қамтамасыз ететін мұқабаға тігіледі.

БЕКІТЕМІН

____________________________________

(тексеру актісін бекітетін лауазымды
адамның лауазымы, әскери атағы,
тегі және аты-жөні)
20___ жылғы "____" ___________________

## АВИАЦИЯЛЫҚ ОҚИҒАНЫ ТЕКСЕРУ АКТІСІ

_____________________________________________________________________

((авиациялық оқиғаның түрі, әуе кемесінің үлгісі)

_____________________________________________________________________

(авиациялық бөлімнің,

_____________________________________________________________________

мемлекеттік органның атауы

_____________________________________________________________________

(оқиға болған күні, апта күні, тәулік уақыты, оқиға уақыты: Астана/Гринвич бойынша)

___________________________________________________________________

(авиациялық оқиғаның орны, оның географиялық координаттары)

## 1. Нақты ақпарат

### 1) ұшуды ұйымдастыру туралы деректер

Ұшуды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың толықтығы мен уақтылығы. Ұшуды ұйымдастырудың нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы тұжырымдар .

### 2) экипаж туралы деректер

| Р/с № | Штаттық лауазымы | Әскери атағы | Тегі, аты, әкесінің аты | Біліктілік сыныбы және оны алған жылы | Экипаж үшін салдар (қаза тапты, жарақаттанды, сау, жоғалып кетті) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |

Экипаждың кәсіби дайындығына баға беріледі және ұшу тапсырмасына оның дайындық деңгейінің сәйкестігі туралы тұжырым жасалады.

### 3) ұшуды басқаратын адамдар (ұшуға басшылық тобы, ӘҚБ органы) туралы деректер

| Р/с № | Штаттық лауазымы | Әскери атағы | Тегі, аты, әкесінің аты | Біліктілік сыныбы және оны берген жылы | Басқару өтілі және соңғы 12 айға ұшуды басқару саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |

Ұшуды басқаратын адамдардың кәсіби дайындығына және ерекше жағдай туындаған және өрістеген кезіндегі олардың іс-әрекеттеріне баға беріледі

### 4) жолаушылар туралы деректер

| № р/с | Тегі, аты, әкесінің аты | Әскери қызметке қатысы, лауазымы, жұмыс орны | Берілген әуе кемесінде ұшу үшін негіздеме | Жолаушылар үшін салдар (қаза тапты, жарақаттанды, сау, жоғалып кетті) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |

Тізімделген адамдарды әуеде тасымалдауда берілген рұқсаттың негізділігіне баға беріледі.

## 5) тасымалдайтын жүктердің сипаты туралы деректер

| Р/с № | Тасымалдайтын жүктің атауы | Габариттер (м) | | | Салмағы ( кг) | Жүктерді әуеде тасымалдау кімнің мүддесінде орындалды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұзындығы | ені | биіктігі | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| Жүктің жалпы салмағы | | | | | | |
| Центровка | | | | | | |

Ұшу салмағының сәйкестігі туралы және әуе кемесін ұшуда пайдалану бойынша басшы талаптарын центровкалауда қорытынды құрылады және белгіленген тәртіпте жүктерді әуеде тасымалдауға жіберілгенге сәйкес баға беріледі.

## 6) авиациялық техника туралы деректер

Әуе кемесі туралы деректер: үлгісі, зауыттық номері, зауыт-әзірлеуші, шығару күні, пайдалануды бастаудағы ұшулары, қонулар және жөндеулер саны, соңғы жөндеу күні, одан кейінгі ұшулар мен қонулар саны.

Қозғалтқыш (қозғалтқыштар) туралы деректер: үлгісі, зауыттық нөмірі, зауыт-әзірлеуші, шығару күні, пайдалануды бастаудағы өңдеу, жөндеулер саны және соңғы жөндеу күні, соңғы жөндеуден кейінгі өңдеу.

Белгіленген талапта әуе кемесін техникалық пайдалану сәйкесітігіне баға беріледі.

## 7) метеорологиялық және орнитологиялық ақпарат

Авиациялық оқиға орнында және ұшу маршруты бойынша, әуеайлақтарда ұшуда және қонуда накты метеорологиялық және орнитологиялық және ауа-райы туралы деректер келтіріледі.

Ұшуды метеорологиялық және орнитологиялық қамтамасыз етуге қысқаша баға беріледі.

## 8) әуеайлақ туралы деректер

Әуеайлақ сыныбы және ұшу-қону жолағы туралы деректер келтіріледі.

Әуеайлақтың техникалық және пайдалану жай-күйіне қысқаша баға беріледі.

**9) ұшуды байланыс және радиотехникалық құралдармен қамтамасыз ету туралы деректер**

Авиациялық оқиға болған барысында әуе кемелерінің ұшу үдерісінде ӘҚБ және қонулар, навигациялар, байланыс құралдарын пайдалану туралы деректер келтіріледі.

Белгіленген талапта ұшуларды байланыс және радиотехникалық құралдармен қамтамасыз етуде техникалық пайдалану сәйкестігіне қысқаша баға беріледі.

**10) іздестіру-құтқару қызметінің іс-әрекеті**

Іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартылатын күштер мен құралдардың саны, оларды дайындыққа дер кезінде әкелу, іздестіру-құтқару жұмыстарының нәтижелері келтіріледі.

Өткізілген іздестіру-құтқару жұмыстарына және авиациялық оқиғалардың салдарларын жою бойынша жұмыстарға қысқаша баға беріледі.

**11) авиациялық оқиғадан кейінгі экипаж мүшелерінің және жолаушылардың жай-күйі**

Әуе кемесінің бортындағы адамдардың қаза болуының себептері анықталады. Дене жарақаттарын алған адамдардың саны көрсетіледі.

**12) басқа ақпарат**

Басқа көздерден алынған авиациялық оқиғаның мән-жайларын айқындау және осы оқиғаның себептері туралы қорытындыны жасау үшін барлық дәйекті ақпарат келтіріледі.

**2. Авиациялық оқиғаның мән-жайлары**

Оқиғалар хронологиясы сақталып (мүмкіндігінше) мыналар көрсетіледі:

1) ұшу тапсырмасы, авиация түрінің жауынгерлік дайындық курс жаттығуының нөмірі (ұшу, оқу-ұшуы және т.с.с.), кезегі бойынша нешінші, ұшу ауысымының қай сағатында және қандай жағдайда ұшу орындалды;

2) тәулік уақыты, уақыт (жергілікті/Астана/Гринвич бойынша) және ұшу әуеайлағы;

3) ерекше оқиға ұшқаннан кейін қай уақыт өткеннен кейін, қандай орында ( пункттің атауы, оқиға қай жерде болды, немесе азимут және бағдар сипатынан

арақашықтық), ұшудың қай кезеңінде, кімнің жауапкершілік аймағында, қандай биіктікте және ұшу жылдамдығында, қандай жағдай кезінде туындады және қалай өрбіді;

4) ерекше жағдайда экипаждың іс-әрекеттері, ұшудың нәтижесіне осы іс-әрекеттердің әсер ету деңгейі;

5) ерекше жағдайда ұшу басшысының (топ командирінің және ұшуы басқарған басқа да адамдардың) іс-әрекеттері;

6) әуе кемесінің құлау (қону) сипаты (әуе кемесінің қалпы, құлау бұрышы, жер (су) үсті және басқалар туралы соққанға дейін ұшу траекториясы.);

7) экипаждың құтқару құралдарын қолдану жағдайы (жылдамдығы, ұшу биіктігі, әуе кемесінің қалпы, құтқару жүйесі автоматикасының іске қосылуы және т.б.), сондай-ақ құтқару құралдарын қолданбау немесе оларды кеш қолдану себептері;

8) экипаж мүшелері (жолаушылар) үшін салдар;

9) әуе кемесі үшін салдар;

10) авиациялық оқиға орнындағы қоршаған орта үшін салдар.

## 3. Авиациялық оқиғаны тексеру кезінде айқындалған кемшіліктер мен қателіктер, олардың ерекше оқиғаның туындауына, дамуы мен ұшу нәтижесіне әсері

Қашан және кім қателік жібергені көрсетіліп, өткізілген зерттеу бағыты бойынша авиациялық жүйелердің жұмыс істеуінде:

1) ұшуларды ұйымдастыруда;

2) әуе қозғалысын басқаруда (ұшуларды басқаруда);

3) экипаж іс-әрекеттерінде;

4) ұшуларды қамтамасыз етуде;

5) авиациялық техниканы жобалауда, жасауда және жөндеуде;

6) авиациялық техниканы сынақтан өткізуде және ұшу жұмыстарын реттеуде;

7) ұшуларды қамтамасыз ету құралдарын жобалауда, жасауда және жөндеуде барлық ауытқулар;

8) басқа кемшіліктер мен қателіктер көрсетіледі;

Ерекше оқиғаның туындауына және дамуына және ұшудың нәтижелеріне кемшіліктер мен қателіктердің ықпалы етуі туралы қорытындылар.

## 4. Қорытынды

Авиациялық оқиғаның себептері еркін нысанда мазмұндалады.

Себептерді тұжырымдауда оларды екітүрлі түсіну болмауға тиіс.

**5. Авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның ұсынымдары мен ұсыныстары**

Тексеру кезінде айқындалған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсынымдар мен ұсыныстар келтіріледі.

Комиссия төрағасы ___________________________________________________
__

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Комиссия төрағасының орынбасары _____________________________________
__

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Комиссия мүшелері ___________________________________________________
__

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

**6. Авиациялық оқиғаның себептері туралы түпкілікті қорытынды**

Мемлекеттік авиациясы ұшуларының қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі органның басшысы авиациялық оқиғаның себептері туралы Комиссия тұжырымдарын өзгерту негіздемесін көрсетіп, авиациялық оқиға себептері туралы түпкілікті қорытынды береді.

Комиссияның
20___ жылғы "_____" ____________
отырысында қаралған
№ ____ хаттама

**Ұшу кіші комиссиясының тексеруге байланысты өткізілген жұмыстардың нәтижелері жөніндегі ЕСЕБІ**

____________________________________ ұшақтың(тікұшақтың)_____________
_,

(авиациялық оқиғаның түрі) (үлгісі)

болған _________________________________________________________________
_________

(оқиға күні және орны)

___________________________________________________________________
___

(авиациялық бөлімнің атауы

___________________________________________________________________

___

мемлекеттік органның атауы)

20___ жылғы ________-дан _______ дейін кезеңінде авиациялық оқиғаны тексеру барысында кіші комиссия мыналарды анықтады:

## 1. Ұшуды ұйымдастыру туралы деректер

1. Ұшуды ұйымдастыру туралы шешім қабылдау үшін негіздеме (шешімді қабылдау күні, кіммен қабылданған, қандай тапсырмаларды қабылдау үшін, ұшуларды қамтамасыз ететін авиациялық бөлімнің және бөлімшенің командирлеріне, авиациялық бөлімнің басшылық құрамына қашан және қандай үлгіде тапсырма қойылды).

2. Ұшуларды өткізу туралы қабылданған шешім негіздемеге авиациялық бөлім штабымен өткізілген іс-шаралардың толықтығы (ұшуларға дер кезінде өтінім беру және олардың қамтамасыз етілуі, әуе кеңістігін, полигондарды пайдалану бойынша ұсыныстар даярлау, жоспарлы кестелерді әзірлеу).

3. Ұшуларды жоспарлау (ұшуларды өткізу пікіріне жоспарланған жаттығулардың сәйкестігі, жоспарланған жаттығулардың әдістемелік бірізділігін сақтау, жауынгерлік даярлық курсы белгілеген авиация тегін сақтау (ұшу даярлық курсы және т.с.с), жоспарланған ұшулардың саны бойынша нормасы және ұшу ауысымда экипаждың ұшулары, уақытты сақтау, қайталанатын ұшуларға әуе кемесін дайындау үшін қажеттіліктер, экипаж-барлаушыларды және экипаж-барлаушылар ауа-райын, іздестіру-құтқару әуе кемелер экипаждарын анықтау, резервтегі әуе кемелерінің бары, жедел объективті бақылауды жоспарлау, ұшулар нұсқасы бойынша әзірленген кестелер саны және қажетті басқа деректер)

4. Ұшуларға экипаждарды даярлау:

1) жалпы даярлау: өткізу күні, кіммен ұйымдастырған және кіммен өткізілген , өткізу толықтығы;

2) алдын ала даярлау: өткізген күні, ұшуларға тапсырмаларды кіммен қойылған және олардың толықтығы, өздігінен даярлықты өткізу сапасы, тренажерларда жаттығулар (әуе кемелердің кабиналарында), ұшуларға дайындауды бақылау;

3) ұшу алдындағы даярлық: медициналық бақылауды өту, ұшу алдындағы нұсқаулар толықтығы, ұшулардың нақты жағдай үшін қажетті есептеулерді орындау, авиациялық техникаларды қабылдау, сақтау жабдықтарын дайындау және тексеру, алдағы ұшу тапсырмаларына әуе кемесінің кабиналар жұмыс орындарын тексеру.

5. Ауа-райын барлау:

1) ауа-райына радиолокациялық барлаудың дер кезінде өткізу және толықтығы;

2) ауа-райының әуе барлау деректер, қауіпті ауа-райы құбылысының бары.

6. Нормативтік талаптарға ұшуларды ұйымдастыру толықтығы және сәйкестігі туралы қорытындылар.

## 2. Ұйымдастыруға қатысатын негізгі адамдар, ұшуларды орындау және оған қызмет көрсету туралы деректер

7. Авиациялық бөлім командирі туралы деректер:

1) әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы, жалпы және әскери білімі (қашан және қандай оқу орындарын бітірді);

2) лауазымға тағайындалған күні;

3) негізгі лауазымдарда қызмет өткеру мерзімі;

4) берілген бөлімге қашан келді;

5) оған бағынысты авиациялық бөлімшеде, бөлімде бұрын авиациялық оқиғалар болды ма, олардың себептері;

6) берілген авиациялық оқиға сәтінде орналасқан жері мен іс-әрекеті.

8. Экипаж командирі туралы деректер (нұсқаушы және ұшқышқа шығаруды немесе бақылау ұшуларды орындау жағдайында деректер толтырылады, ал топтық ұшуларды орындау кезінде – жетекші және бастаушыға, егер олардың іс-әрекеті ерекше оқиғаның дамуына және аяқталуына әсер көрсетсе) және экипаж мүшелері, ерекше оқиғаның туындауына және дамуына кімнің іс-әрекеті әсер көрсетті) (лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, айы және жылы, жалпы және әскери білімі, берілген сыныптық біліктілігі, (күні, бұйрық нөмірі, қандай әуе кемесінің үлгісінде), ұшу лауазым қызметте өту мерзімі, берілген әуе кемесі үлгісінде қай уақыттан ұшады, берілген әуе кемесі үлгісін қайта меңгеруді қашан және қайда өтті).

Қосымша берілген кестеге сәйкес ұшулар туралы деректер (жауынгерлік және оқу-жауынгерлік әуе кемелері үшін бөлек):

| Әуе кемесінің үлгісі | Ұшу сағаты | | | | | | | | | | | Қону жүйе(с… кіру) саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жалпы | Күндіз | Сонымен қатар | | | | түнде | Сонымен қатар | | | | күндіз | |
| | | | Пердеше астында | СМУ | бұлттарда | Теңіз үстінде | | Пердеше астында | СМУ | бұлттарда | Теңіз үстінде | барлығы | АМ… ке… |

Барлығы:

Сонымен қатар соңғы 12 айда

Соңғы 5 жылда жылдар бойынша жалпы ұшулар ______________________

Соңғы 12 айда ұшуларда жаттыққаны туралы деректер (айлар бойынша бөлініп):

| | |
|---|---|
| Күні, метеожағдай, ұшуды шартты белгілеу, жаттығу нөмірі | |
| Ұшу (сағ. мин.): күндіз, түнде, барлығы, сонымен қатар жаттықтырылған | |

## Тренаж өткізу туралы деректер

| Тренажерде | | | | Әуе кемесінің кабиналарында | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы ұшу ( сағат, мин.) | Ұшулар саны | Авиациялық оқиғаларға байланысты ерекше оқиғалар бойынша ( саны, соңғы тренажер күні) | Ерекше оқиға бойынша соңғы тренажер | Ұшуларда (саны) ерекше оқиғалар бойынша | Авиациялық оқиғаларға байланысты ерекше оқиғалар бойынша ( саны, соңғы тренажер күні) | Ұшулар басшылық топтарымен экипаж қарым-қатынасын пысықтау бойынша ( саны, соңғы тренажер күні) |
| | | | | | | |

Соңғы 12 айда ұшуларда тексеру белгіленген минималды мерзімдердің сақталуы (жауынгерлік курсына (ұшу, оқу-ұшу) сәйкес авиация тегін даярлауы, күні, тәулік уақыты, метеорологиялық жағдайы туралы деректер, тексеруді кім жүзеге асырды, бағалау):

1) пилоттау техникасы бойынша;

2) жауынгерлік қолдану бойынша;

3) әуе навигациясы бойынша;

4) нұсқаушылар үшін – сынақ-әдістемелік ұшулар;

5) жетекші үшін (жетекші) – саптық пилоттау техникаларын тексеру үшін бақылау ұшулары;

Парашюттік даярлық бойынша деректер:

1) парашютпен оқу-жаттығу секірулер: саны (жалпы/соңғы 12 айда), соңғы секіру күні;

2) жердегі катапульттеу: саны, соңғы жаттығу күні;

3) арнайы тренажерлердегі тренаж: тренажер үлгісі, жаттығулар саны, соңғы тренажер күні;

4) құтқару құралдарын пайдалану бойынша кешенді тренаж: тренаж түрі, саны, соңғы тренаж күні.

Авиациялық оқиға кезінде ұшу даярлық түрі бойынша ұшуларда үзілістерден кейін сапқа енгізу әдістемесін сақтау деректері (соңғы 12 айға).

Нормативтік құқықтық актілер, құжаттар, және әдістемелік құралдар талаптарына сәйкес ұшуларға даярлық бойынша деректер. Ұшуларға экипаждың дайындығын қашан және кім бақылады.

Ұшуларға тапсырмалардың толық орындалуы туралы, пилоттау техникаларда ауытқулар туралы және ұшу пайдалануы бойынша басшылық (экипажға

нұсқаулық) талаптарынан және борттық деректер бойынша авиация тегін даярлау жауынгерлік курстарының нормативтерінен және авиациялық техникаларды және өткен 10 ұшуларда объективті бақылаудың жерүсті құралдарын пайдалану деректері.

Соңғы 12 айда экипажда мыналардың болуы:

1) авиациялық оқиғалар, олардың себептері;

2) авиациялық инциденттер, олардың себептері;

3) тәртіптік жазалар, қандай және не үшін;

4) Отбасылық жағдайы, балалар саны, олардың жасы.

Тұрғын-үй жағдайы.

Күні және дәрігерлік-ұшу комиссияның қорытындысы және соңғы кезеңдік тексеру. Комиссия аралық кезеңде басынан кешірген ауруы.

Ұшу алдындағы медициналық бақылау нәтижелері: өткізу күні, тамыр соғысы, күретамыр қысымы, температурасы, ұшуларға жіберу туралы қорытынды.

Уақыт және кезекті демалысты өткізу орны және соңғы екі жылда профилактикалық демалысы туралы деректер.

Денсаулық жағдайының қысқаша сипаттамасы және ұшулар күні және қарсаңында эмоционалдық жай-күйі, еңбек режимі және рухани шыдамдылығы, жеке тұлға ретінде ерекшелік сипаты.

Қысқаша ұшу мінездемесі.

Ұшу даярлық деңгейі туралы қысқаша қорытынды және оның ұшулар тапсырмаларына сәйкестігі.

9. Ұшулар басшылық топтарының адамдары туралы деректер (барлық жағдайлардағы, басқалар туралы – егер ерекше жағдайдың туындауына және дамуына олардың іс-әрекетіне әсер етсе, ұшулар басшысы туралы):

1) лауазымы, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы, сынып біліктілігі (нөмірі және оны берген бұйрық күні туралы);

2) білімі (қашан және не бітірді);

3) негізгі лауазымдарда қызмет өткеру мерзімі;

4) ұшу жұмыстарын қашан бітірді (жыл және әуе кемесінің қай үлгісінде);

5) ұшулар басшылығына даярлықты қашан және қайда өтті;

6) ұшулар басшылығына кім, қашан және қандай рұқсаттама берді (қандай құраммен, қандай метеожағдайда, күндіз, түнде);

7) қашан және кіммен, қандай жағдайда соңғы 12 айда ұшулар басшылығы практикасында тексерілген, тексеру толықтығы мен оның сапасы;

8) ұшулар басшылығында командирмен (бастықпен) белгіленген жіберілетін үзілістер;

9) шегінен жіберілген ұшулар басшылығында үзілістер кезінде сапқа қалай енгізілді;

10) соңғы 12 айда ұшулар басшылығының жүйелігі (айлар бойынша):

| Ай | Күні | Күн/түн | Метеожағдай | Әуе кемелерінің саны |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

11) ұшулар басшылығында даярлық ереженің сақталуы: кім және қашан тапсырма қойды, даярлықты ұйымдастырды және бақылауды жүзеге асырды;

12)ұшулар басшылығының тұрған орны және ұшуларда ерекше жағдай туындаған сәтте оның іс-әрекеті;

13) бұрын ұшуларды басқару кезінде авиациялық инциденттерді жіберді ме, олардың себептері;

14) өткен ұшуларды басқару кезінде уақытта авиациялық оқиғалары бар ма, олардың себептері;

15) ұшуларды басқару алдында медициналық тексеру деректері (тамыр соғысы, күретамыр қысымы, температурасы, ұшуларды басқаруға жіберу туралы қорытынды);

16) денсаулық жағдайының қысқаша сипаттамасы және ұшулар күні және қарсаңында эмоционалдық жай-күйі, еңбек және демалыс режимі;

17) кәсіби даярлық деңгейі туралы қысқаша қорытынды.

## 3. Нақты ақпарат

10. Ұшу тапсырмасының мазмұны, оның экипажды дайындау деңгейіне сәйкестігі және ұшуларды орындау жағдайы.

11. Ерекше жағдай туындаған кезеңде ұшулар ауданында әуе және навигациялық жағдай.

12. Ұшуларда ерекше жағдай туындаған кезеңінде нақты метеорологиялық, гидрологиялық және орнитологиялық (қажет кезде) жағдай.

13. Ұшуларды байланыс құралдары және радиотехникалық қамтамасыз етуде бары туралы және авиациялық оқиға болған уақыт кезіндегі ұшулар үдерісінде пайдаланылғаны туралы деректер.

14. Ұшулар жағдайында туындау қиындау сипаттамасы. Күрделі жағдайда олардың қайта өрбуіне әсер еткен қандай факторлар (қиындатылған жағдай ұшудан кейін қандай уақытта пайда болды, ұшудың қай кезеңінде, әуе кемесі қозғалысының қандай параметрлері кезінде, экипаждың ұшулар басшылық топтары адамдарының немесе осы жағдайда әуе қозғалысын басқару органдарының іс-әрекеті, бұл немен расталады).

15. Күрделі жағдай сипаттамасы. Аварияда оның өрбуіне қандай факторлар әсер етті (пайда болу уақыты, ұшудың қай кезеңінде, әуе кемесі қозғалысының қандай параметрлері кезінде, экипаждың ұшулар басшылық топтары адамдарының немесе осы жағдайда әуе қозғалысын басқару органдарының іс-әрекеті, бұл немен расталады).

16. Авариялық жағдай сипаттамасы. Оның өрбу сипаттамасы (пайда болу уақыты, ұшудың қай кезеңінде, әуе кемесі қозғалысының қандай параметрлері кезінде, экипаждың ұшулар басшылық топтары адамдарының немесе осы жағдайда әуе қозғалысын басқару органдарының іс-әрекеті, бұл немен расталады ).

17. Апатты жағдайдың сипаттамасы. Пайда болу уақыты, ұшудың қай кезеңінде, әуе кемесі қозғалысының қандай параметрлері кезінде ол өрбіді, осы жағдайда экипаждың ұшулар басшылық топтары адамдарының немесе осы жағдайда әуе қозғалысын басқару органдарының іс-әрекеті, бұл немен расталады ).

18. Ұшудың аяқталуы:

1) экипаж үшін салдар (кім қаза тапқаны, жараланғаны, табылмағаны, сау екені көрсетіледі, немен расталады);

2) жолаушылар үшін салдар (қаза тапқандар, жараланғандар, табылмағандар, сау болғандар саны көрсетіледі, немен расталады);

3) әуе кемесі үшін салдар (қирау, зақымдану деңгейі, немен расталады);

4) қоршаған орта үшін салдар (авиациялық оқиға орнындағы қаза тапқандар, жараланғандар саны, құрылысқа, орман алабына, ауыл шаруашылықтың пайдаланатын жеріне, сулы жерге және басқа объектілерге алып келген зияны, немен расталады).

19. Объективті бақылау құралдар талдауы:

1) тіркелетін параметрлер шифрларын оқу нәтижелері, кеңістікте әуе кемесі қозғалысын траекториялау сипаттамасы және басқару органдарымен экипаждың іс-әрекеті;

2) басқару пунктерімен радиоалмасу магнитофондық жазбаларының шифрларын ашу нәтижелері (хронологиялық салдарда ұшуларда ерекше жағдайдың туындауын және дамуын растайтын фразалар көрсетіледі);

3) экипаж мүшелерінің сөйлесу магнитофондық жазбаларының шифрларын ашу нәтижелері (хронологиялық салдарда ұшуларда ерекше жағдайдың туындауын және дамуын растайтын фразалар көрсетіледі);

4) радиолокациялық құралдар индикаторлар экрандарын фототүсірулерінің шифларын ашу нәтижелері (уақыт, азимуттар, радиолокациялық станция экранында белгілердің жоғалуына дейін әуе кемесінің орын қашықтығы);

5) әуе кемесінің авариялы ұшуларын растайтын, басқа құралдар шифрларын ашу нәтижелері.

20. Объективті бақылау материалдарының талдауынан қорытындылар.

## 4. Авиациялық оқиғаны тексеру кезінде айқындалған кемшіліктер, және авариялық жағдайдың туындауына, дамуына және ұшудың нәтижесіне олардың әсер етуі

21. Фактілер тізбесімен өткізген зерттеулер бағыты бойынша авиациялық персоналдың жұмыс істеуінде барлық ауытқулар, не және кіммен бұзылғаны көрсетіледі:

1) ұшуларды ұйымдастыруда;
2) әуе қозғалысын қызмет етуде (ұшуларды басқаруда);
3) экипаж іс-әрекеттерінде;
4) ұшуларды қамтамасыз етуде;
5) ұшу жұмыстарын регламенттеуде;
6) басқа ауытқуларда.

Ерекше жағдайдың туындауына және дамуына әкелген кемшіліктердің талдауынан қорытындылар.

## 5. Қорытынды

Өткізген зерттеулер негізінде және олардың нәтижелер талдауынан қауіпті факторлар туралы қорытындылар жасалады, ұшу кішікомиссия мүшелерінің пікірі бойынша, авиациялық оқиғалармен себептер байланысты, немесе ұшу фактормен авиациялық оқиға себебі байланысты еместігі көрсетіледі.

## 6. Тексеру кезінде айқындалған қауіпті факторларды жою бойынша ұсынымдар

Тексеру кезінде айқындалған қауіпті факторларды жою бойынша ұсынымдар жүргізіледі.

Кіші комиссия төрағасы ___________________________________________
_
(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Кіші комиссия мүшелері ___________________________________________
_
(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Қосымша:

1. Ұшулардың жоспарлы кестесінен көшірме (көшірме).

2. Кіші комиссия жұмыс топтарының материалдары.

3. Өзінің растауын таппаған, авиациялық оқиға хабарын сипаттау.

4. Ұшуларды орындауда және ұйымдарда қызмет көрсетуге қатысатын лауазымды адамдардың баянаттары.

Комиссияның
20__ жылғы "___" ____________
отырысында қаралған
№ ____ хаттама

**Инженерлік-техникалық кіші комиссияның тексеруге байланысты өткізілген жұмыстарының нәтижелері туралы ЕСЕБІ**

______________________________ ұшақтың (тікұшақтың) ________________,
(авиациялық оқиғаның түрі) (үлгісі)
болған ______________________________________________________________
_
(оқиға күні және орны)
_____________________________________________________________________
__
(авиациялық бөлімнің атауы
_____________________________________________________________________
__
мемлекеттік органның атауы)

20___жылғы _____________-дан _____________ дейін кезеңде авиациялық оқиғаны тексеру барысында кіші комиссия мыналарды анықтады:

## 1. Авиациялық техника туралы деректер

1. Әуе кемесін _____________________ кәсіпорны 20___ ж. "______" _________________________ _____________ жыл ішінде ______________ сағ. ресурсын, бірінші жөндеуге дейін _____________ сағ ресурсын,______ жыл қызмет мерзімін белгілеп, шығарған.

Кепілдік берілген ресурс ___________ жылда _______________ сағ.

Пайдалануды басталғаннан ұшу _____ сағ.______ мин.,___ қонулар.

_________________________ әскери бөлімінде пайдалану үшін алынды
20____жылғы "_____" _________________

Белгіленген ресурс (қызмет мерзімі) ұзарған 20___ ж.
"____" ___________ дейін ______ сағ.,__________ жыл.

Ресурс бірінші жөндеуге дейін ұзарған 20___ жылғы "____" ______ дейін сағ. ________ жыл негізде

___________________________________________________________________________

Әуе кемесі мынадай жөндеулерден өтті:

| Жөндеудің реттік нөмірі | Жөндеу көлемі | Жөндеу күні | Кім жүргізді және жөндеу жүргізген орны | Пайдалануды бастаудан бергі ұшулар | Жөндеуден кейінгі ұшулар | жөндеуден кейінгі белгіленген ресурс |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Соңғы жөндеуден кейінгі ұшулар ______ сағ.__________ қонулар.

Кезекті жөндеуге дейін ресурс (қызмет мерзімі) қалдығы ___ сағ.,____ жыл.

2. Қозғалтқыш бойынша мәлімет:

| Күш қондырғылары бойынша мәлімет | Бірінші | Екінші | Үшінші | Төртінші |
|---|---|---|---|---|
| Үлгісі | | | | |
| Зауыттық нөмір | | | | |
| Зауыт-әзірлеуші | | | | |
| Шығару күні | | | | |
| Ұшаққа қондырған күні | | | | |
| Белгіленген ресурс | | | | |
| Жөндеуаралық ресурс | | | | |
| Кепілдік ресурс | | | | |
| Барлық пайдалануды бастаудан өңдеу | | | | |
| Жылуқуаттылар режимдерінде:<br>ұшатын, атаулы | | | | |
| Жөндеулерден өтті: | | | | |
| Реттік нөмір | | | | |
| Жөндеу себебі және көлемі | | | | |
| Күні | | | | |
| Жөндеу орны | | | | |
| Реттік нөмір | | | | |
| Жөндеу себебі және көлемі | | | | |
| Күні | | | | |
| Жөндеу орны | | | | |
| Соңғы жөндеуден кейінгі белгіленген жөндеуаралық ресурс | | | | |
| Соңғы жөндеуден кейінгі өңдеу<br>әуеде<br>жерде<br>барлығы | | | | |
| Жылуқуаттылар режимдерінде:<br>ұшатын, атаулы | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жөндеуаралық ресурс қалдығы | | | | |

Ұшуларды орындау үшін әуе кемелері жеткілікті ресурс (қызмет мерзімі) туралы қорытынды.

## 2. Әуе кемесін дайындауға қатысатын инженерлік-техникалық құрам туралы деректер

3. Техникалық есеп құрамы:

| Р/с № | Штаттық лауазымы | Әскери атағы | Тегі, аты, әкесінің аты, туылған жылы | Сыныптық | Берілген үлгідегі әуе кемесін қызмет етуге рұқсат берген күні және бұйрық нөмірі | Атқарған лауазымындағы жұмыс өтілі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |

Ұшуға әуе кемесін дайындау үшін жеткілікті техникалық есеп күштері туралы қорытынды. Жұмысты орындауға арнайы дайындық бағасы. Авиациялық техникада өздігінен жұмысқа авиациялық персоналды жіберу бойынша кемшіліктер, қателіктер.

## 3. Әуе кемесінде өткізілген жұмыстар туралы деректер

4. Ұшуларға дайындық:

| Ұшуға дайындық түрі | Дайындықты бастау күні, уақыты және аяқталуы | Дайындықты өткізу орны | Әскери атағы, аты-жөні | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Дайындықты орындайтын мамандар | Дайындықты бақылайтын мамандар |
| Ұшудан кейінгі дайындық | | | | |
| Алдын ала дайындық | | | | |
| Ұшу алдындағы дайындық | | | | |
| Қайталанатын ұшуларға дайындық | | | | |

Ұшуларға әуе кемесін дайындау толықтығы мен сапасы, кемшіліктер, қателіктер туралы қорытындылар.

5. Кезеңдік жұмыстар: орындау күні, жұмыс түрі.

Кезеңдік жұмыстарды орындау толықтығы мен сапасы, кемшіліктер, қателіктер туралы қорытындылар.

6. Регламенттік жұмыстар: 20___ ж. "____" _____________ пайдалануды бастаудан әуе кемесінің ұшу кезінде ______сағ., соңғы жөндеуден кейін ______ сағ, кейін ______сағ. (айлар) алдыңғы орындаудан кейін _______ регламенттік жұмыстардан (соңғы 24 айлық регламенттік жұмыстардан кейін _____ айлар) әуе кемесінде _______ регламенттік жұмыстар орындалды.

Соңғы регламенттік жұмыстарды ______ сағ., күнтізбелік мерзімде ________ айлар орындағаннан кейінгі ұшулар.

Соңғы регламенттік жұмыстардан кейін ______ сағ. қозғалтқышты ( қозғалтқыштар) өңдеу.

Регламенттік жұмыстарды орындау толықтығы мен сапасы, кемшіліктері, қателіктері туралы қорытындылар.

7. Мақсатты тексерулер мен тексерістер: орындау күні, тексеру мен тексеріс түрі.

Авиациялық техниканы пайдалану сұрақтары бойынша өкімдер, директивалар, нұсқаулардың орындалу толықтығы мен сапасы туралы қорытындылар.

8. Жазғы (қысқы) пайдалануға дайындық: 20____ ж. "____"____________ кезеңінен 20____ ж. "____" ______________ әуе кемесінде жазғы (қысқы) пайдалануға оны дайындау бойынша жұмыстар тізбесі орындалған болатын.

Жазғы (қысқы) пайдалануға әуе кемесін дайындау толықтығы мен сапасы туралы қорытындылар, кемшіліктер, қателіктер.

9. Сақтау кезіндегі жұмыстар (ұшуларда ұзақ үзілістер кезінде): жұмыстарды орындау түрі мен мерзімі.

Оны сақтау кезіндегі әуе кемесінде жұмыстарды орындау толықтығы мен сапасы, кемшіліктер, қателіктер туралы қорытындылар.

10. Әскери жөндеу: қашан, қайда, әскери жөндеу қандай көлемде орындалды. Жөндеу себебі, зақымдану сипаты. Әскери жөндеуді орындағаннан кейінгі ұшу.

Жөндеуден кейінгі ұшу пайдалануына әуе кемесін жіберу заңдылығы және жөндеу сапасы туралы қорытындылар, кемшіліктер, қателіктер.

11. Бюллетень бойынша жұмыстар: жұмыстарды орындалу тізбесі мен мерзімі.

Бюллетень бойынша жұмыстардың әуе кемесінде орындалғандар дер кезінде, толықтығы мен сапасы туралы қорытындылар, кемшіліктер, қателіктер.

12. Әуе кемесінің ұшып келуі: қашан, әуе кемесінің талап еткен ұшып келуі қайда жүргізілді. Ұшып келу себептері.

Бұдан әрі пайдалануға әуе кемесін жіберу негіздемесі, ұшып келуді орындау сапасы және толықтығы туралы қорытындылар, кемшіліктер, қателіктер.

13. Әуе кемесінің ресурсын және қозғалтқыштарын ұзарту бойынша жұмыстар: орындау үшін негіздемелер көрсету керек, орындалу күні.

Жұмыстарды орындау толықтығы мен сапасы туралы қорытындылар.

14. Парктік күн: соңғы парктік күнді өткізу күні.

Жұмыстарды орындау толықтығы мен сапасы туралы қорытындылар, кемшіліктер, қателіктер.

Әуе кемесін техникалық қызмет көрсету толықтығы мен сапасы туралы қорытынды жасау керек.

## 4. Авиациялық оқиға болғанға дейін оны пайдалану кезеңінде авиациялық техниканың жай-күйі

15. Соңғы 12 айда ай бойынша әуе кемесінің ұшуы.

16. Соңғы 12 айға әуе кемесінің дұрыстығын бағалау:

авиациялық инциденттер және әуеде істен шығуы, авиациялық инциденттердің жағдайы мен күні және істен шығуы, күні мен істен шығуды жою әдістері.

17. Жерде және әуеде әуе кемесін пайдалану ережесін бұзу жағдайы, ұшуларды сәйкес емес қамтамасыз ету жерүсті құралдарын, жанар-жағар май материалдарын, арнайы сұйықтарды, газдарды және оқ-дәрілерді қолдану, агрегаттарды, белгіленген ресурстар шегіндегі жабдықтарды пайдалану, қызмет мерзімдері (соңғы 12 айға көрсетіледі).

Әуе кемесі жүйесінің жұмыс қабілеттілігі туралы қорытындылар және соңғы 12 айда оны пайдалану.

18. Алдында болатын авиациялық оқиғаға 10 ұшуларда ұшулар параметрлерін тіркеу борттық қондырғы материалдары бойынша әуе кемесі жүйесінің жұмыс қабілеттілігін бағалау.

2) оқиға немесе инцидент туралы комиссия мүшелерін таныстыру үшін комиссияның ұйымдастырушылық отырысын жүргізуге, авиациялық оқиға орнында алғашқы әрекеттерін жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларды тыңдауға, кіші комиссиялар жұмыс топтарын құруға және олардың төрағаларын тағайындауға, комиссия жұмысына қосымша мамандарды тарту қажеттілігін анықтауға, жұмыс тәртібін және алдағы тәуліктің негізгі міндеттерін белгілеуге;

3) авиациялық оқиғаның немесе инциденттің орнын қарауға, қажеттілігі болған, жағдайда оны қорғау бойынша қосымша шаралар қабылдауға және дәлелді материалдарды сақтауға;

4) прокуратура органдарымен келісе отырып, осы ұшуға қатысы бар объективті бақылайтын борт құралдарының ақпарат тасығыштарын, сурет тіркегіштерді, жердегі магнитофондарды, ұшу, техникалық және метеорологиялық құжаттаманы алып қоюды және жауапты сақтауға беруді қамтамасыз етуге;

5) авиациялық оқиға орын алған жағдайда, тексерудің барлық қатысушыларын Авиациялық оқиғалар жөніндегі комиссияда жұмыс істейтіндерге арналған Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыруға, комиссия отырысының хаттамасына жазуға;

6) Комиссияның және кіші комиссияның жұмыс жоспарын бекітуге;

Комиссия жұмысының барысында:

1) Комиссия жұмысының негізгі бағыттарын анықтауға, оның жұмыс жоспарын түзетуге;

2) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеруге қатысатын барлық тұлғалардың бірлескен әрекеттерінің келісімі мен үйлесімін қамтамасыз етуге;

3) Авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексерудің ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық мәселелерін шешу мақсатында жүйелі түрде Комиссия отырысын жүргізуге;

4) кіші комиссияның жұмысын үйлестіруге және бақылауға, алынған нәтижелерді жинақтауға және талдауға;

5) тиісті министрліктердің, ведомстволардың, атқарушы билік органдары мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының білікті мамандарын тексеруге тартуды қамтамасыз етуге;

6) авиациялық оқиғаның немесе инциденттің себептерін анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтарды жүргізу туралы уақытылы шешім қабылдауға, авиациялық техника объектілерін, басқа материалдарды зерттеу жүргізу үшін тиісті ұйымдарға жіберу туралы тапсырмалар беруге;

7) комиссияның қорытынды есептерін белгіленген мерзімде жасауды қамтамасыз етуге;

8) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жұмыс барысы туралы жүйелі түрде тікелей өзі хабарлап отыруға;

9) тексеру аяқталғаннан кейін авиациялық оқиғаның немесе инциденттің жағдайлары мен себебін талқылауға, тексеру материалдарының рәсімделуін, көбейтілуін және таратылуын бақылауға алуға міндетті.

3. Комиссияның төрағасы:

1) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексерудің барлық ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық мәселелер бойынша қорытынды шешім қабылдауға;

2) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеруге байланысты мәселелер бойынша Комиссияның барлық мүшелеріне және тексеруге тартылған мамандар мен сарапшыларға, авиациялық ұйымдардың лауазымды тұлғаларына міндетті түрде орындалуы тиіс өкімдер мен нұсқаулар беруге;

3) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру барысында қажетті деп белгіленген ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жедел іс-шараларды жүргізу туралы ұсыныстар беруге;

4) авиациялық оқиғаның немесе инциденттің себептерін анықтау үшін қажетті сынақтар мен зерттеулер жүргізуді белгілеуге;

5) азаматтық авиацияның тиісті министрліктерінің, ведомстволары мен ұйымдарының басшылары арқылы Комиссияның жұмысына қажетті мамандар мен техникалық құралдарды тартуға;

6) әрекеттері Комиссияның жұмысына кері әсер ететін тұлғаларды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге ұсынуға;

7) Комиссияның шешіміне сәйкес, арнайы зерттеу жүргізу үшін әуе кемесінің материалдарын, жекелеген бөлшектерін, агрегаттарын және элементтерін, сондай-ақ олардың құжаттарын жолдауға;

8) жергілікті атқарушы органдардың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан авиакомпаниялар мен

ұйымдардың лауазымды тұлғаларынан авиациялық оқиғаға немесе инцидентке тексеру жүргізуге байланысы бар, қажетті материалдар мен құжаттарды талап етуге;

9) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті көргендерден, авиациялық оқиғаға немесе инцидентке қатысы болуы мүмкін тұлғалардан сұрауға, қажетті ақпарат алуға;

10) апатқа ұшыраған әуе кемесін әзірлеудің, сынақтан өткізудің, жасаудың, пайдаланудың және жөндеудің, авиациялық персоналдың ішінен тұлғаларды дайындаудың, әуе қозғалысын ұйымдастырудың, әуе кемелерін орындау мен қамтамасыз етудің барлық мәселелерін зерделеуге;

11) заттық дәлелдерді бүлдіруге немесе жоғалтуға, құжаттаманы әдейі бұрмалауға әкеп соққан әрекеттерге жол берген немесе комиссия төрағасының өкімдерін жүйелі түрде орындамайтын (комиссия мүшелерінен басқа) тұлғаларды авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеруден шеттетуге, бұл туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органдарға және атқарушы биліктің тиісті органының басшысына тез арада хабарлауға;

12) авиакомпаниялардың, кәсіпорындардың және ұйымдардың лауазымды тұлғаларына комиссия жұмысының барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы нұсқау беруге;

13) Комиссия төрағасының орынбасарын тағайындауға және оның жұмыс тәртібін белгілеуге құқылы.

4. Комиссияның төрағасы авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексерудің объективтілігіне, сапасы мен мерзімдеріне, құжаттардың дұрыс рәсімделуіне, авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру мәселелері бойынша қабылданған шешімдердің және берілген ұсыныстардың негізділігіне жауапкершілікте болады.

5. Комиссия төрағасының орынбасары оған Комиссия төрағасы тапсырған жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз етеді, ал Комиссия төрағасы болмаған кезде төрағаның функцияларын орындайды.

6. Комиссия штабының бастығы тікелей Комиссия төрағасына бағынады.

Комиссия штабының бастығы:

1) кіші комиссиялардың, жұмыс топтарының өзара іс-қимылын ұйымдастыруға, комиссияның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыруға;

2) Комиссия отырыстарын ұйымдастыруға және хаттама жүргізуге, ал Комиссия төрағасы хаттамаға қол қояр алдында – онымен комиссия мүшелерін таныстыруға;

3) құжаттар мен материалдарды дұрыс рәсімдеуге қатысты кіші комиссиялардың төрағаларына нұсқау беруге;

4) құжаттарды дайындауда Комиссия, кіші комиссия мүшелеріне және сарапшыларға көмек көрсетуге;

5) кіші комиссиялар сапалы тексеру материалдарын уақытылы ұсынуын бақылауға;

6) тарату үшін авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру материалдарын жинақтау және рәсімдеу;

7) ақпараттың, есептің жобасын дайындауға міндетті.

8) Комиссия штабының бастығы кіші комиссиялар мен жұмыс топтарына дұрыс рәсімделмеген материалдарды толықтырып жасауға қайтаруға құқылы.

9) Комиссия штабы бастығының жұмысы авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру материалдарын таратқан соң бірден аяқталады.

7. Кіші комиссияның төрағасы:

1) авиациялық оқиғаларды тексеру бойынша кіші комиссиялар мен жұмыс топтары жұмысының негізгі бағыттарын анықтауға;

2) кіші комиссия мен жұмыс топтарының құрамы бойынша ұсыныстар дайындауға, кіші комиссияның жұмыс жоспарын жасауға, оны Комиссия төрағасына бекітуге ұсынуға және жұмыс топтарының жұмыс жоспарларын бекітуге;

3) Комиссияның, кіші комиссияның және жұмыс топтарының жұмыс жоспарларына сәйкес, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруін қамтамасыз етуге;

4) үнемі кіші комиссияның отырыстарын өткізуге;

5) авиациялық оқиғаны тексерудің толықтығы мен объективтілігін, кіші комиссияның есептерін ұсынуды, жұмыс тобының есептерін және басқа құжаттарды тексеру жөніндегі комиссияның штабына белгіленген мерзімде ұсынуды қамтамасыз етуге;

6) авиациялық техниканың объектілері мен басқа да элементтердің зерттеуге бағытталғаны туралы Комиссияға ұсыныс енгізуге;

7) авиациялық оқиға орнында жұмыс істейтін мамандардың қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізуге міндетті.

8. Кіші комиссияның төрағасы:

1) кіші комиссияның және оның жұмыс топтарының құрамына кіретін барлық мамандарға, сарапшыларға кіші комиссияның құзыретіне қатысты тексеру мәселелері бойынша орындауға міндетті өкімдер беруге;

2) Комиссия төрағасы арқылы лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан қажетті материалдарға сұратуға;

3) басқа кіші комиссиялар төрағаларының келісім бойынша осы кіші комиссиялардың мамандарын сараптама жүргізуге және кіші комиссиялардың, жұмыс топтарының мәжілістеріне қатысу үшін тартуға құқылы;

4) авиациялық оқиғаны тексерудің барлық материалдарымен танысуға құқылы.

9. Тексеру жөніндегі комиссияның мүшелері:

1) кіші комиссиялардың немесе жұмыс топтарының бірінің жұмысына жеке өзі қатысуға;

2) Комиссия, кіші комиссия (жұмыс топтары) басшылығының өкімдері мен нұсқауларын орындауға;

3) өзінің барлық іс-қимылдарын кіші комиссияның төрағасымен (жұмыс тобының басшысымен) келісе отырып, авиациялық оқиғаға толық және жан-жақты тексеру жүргізуге;

4) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру жөніндегі құжаттарды жасауға қатысуға, кіші комиссияның (жұмыс тобының) есептеріне қол қоюға міндетті.

10. Комиссия мүшелері:

1) авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеруге қатысы бар барлық материалдармен танысуға;

2) Комиссия жұмысын жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізуге;

3) тексеруге мамандар мен сарапшылардың қатысуы, зерттеудің мақсаттарын көрсете отырып, әуе кемесінің қосалқы бөлшектерін зерттеу туралы, сондай-ақ авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты өзге де мәселелер бойынша ұсыныс енгізуге;

4) Комиссия (кіші комиссия) отырысының хаттамаларында өз пікірін білдіруге, қорытындылар мен шешімдердің нақтылап келтірілуін талап етуге;

5) авиациялық оқиғаны тексеру актісінің мазмұнымен келіспеген жағдайда ерекше пікірін жазбаша түрде қоса беруге;

6) қосымша материалдар мен құжаттарды қорытынды есепке қосуды талап етуге құқылы.

11. Кіші комиссияның (жұмыс тобының) мүшелері:

1) Комиссия, кіші комиссия (жұмыс тобы басшысы) төрағасының авиациялық оқиғаларды тексеруге байланысты барлық нұсқауларын орындауға;

2) қажетті зерттеулер жүргізуге, зерттеуге (сынақ жасауға) жіберу үшін заттай дәлелдерді алуға, сынақтардың (зерттеулердің) бағдарламаларын жасауға және оларды өткізуге қатысуға;

3) тексеру бойынша құжаттарды жасауға қатысуға, кіші комиссияның есебіне қол қоюға міндетті.

12. Кіші комиссияның (жұмыс тобының) мүшелері:

1) кіші комиссияның төрағасы арқылы осы тексеруге байланысты материалдармен танысуға;

2) кіші комиссияның төрағасы (жұмыс тобының басшысы) арқылы жұмысқа қажетті қосымша материалдардың ұсынылуын талап етуге;

3) жұмыс жоспары және оларды өткізу тәртібі, арнайы зерттеулер мен сынақтар жүргізу, мамандарды тарту қажеттілігі бойынша өз ұсыныстарын беруге;

4) кіші комиссияның (жұмыс тобының) шешімімен келіспеген жағдайда кіші комиссия отырысының хаттамасында немесе кіші комиссияның (жұмыс тобының ) есебіне ерекше пікірінде өз пікірін білдіруге;

5) кіші комиссияның (жұмыс тобының) есебіне қосымша құжаттардың қосылуын талап етуге құқылы.

13. Сарапшы:

1) оның құзыретіне қатысы бар мәселелер бойынша заттай дәлелдерге, материалдар мен құжаттарға толық және жан-жақты зерттеу жүргізуге;

2) оған комиссия (кіші комиссия) тиісінше рәсімдей отырып қойған сұрақтар бойынша жазбаша қорытынды беруге;

3) Комиссияның (кіші комиссияның) төрағасы авиациялық оқиғаны немесе инцидентті тексеру мәселелері бойынша өкімдерін орындауға міндетті.

14. Сарапшы:

1) қорытынды шығаруға қажетті заттай дәлелдермен, материалдармен және құжаттармен кіші комиссия төрағасы арқылы танысуға;

2) есеп жүргізу, модельдеу, стендтік және ұшу сынақтарын жүргізу, сондай-ақ зерттеу мақсаттарын көрсете отырып әуе кемелерінің тораптары мен бөлшектерін, басқа да заттай дәлелдерді зерттеуге жіберу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

15. Кіші комиссия штабының бастығы:

1) кіші комиссияның отырысын ұйымдастыруға және хаттама жүргізуге;

2) топтардың тексеру материалдарын уақытылы және сапалы ұсынуды бақылауға;

3) кіші комиссия мүшелері мен сарапшыларға құжаттарды дайындауға көмек көрсетуге;

4) кіші комиссияның тексеру материалдарын комиссия штабының бастығы көрсеткен көлемде құжаттар тізбесіне сәйкес жинақтауға және оларды комиссия штабына уақытылы беруге;

5) Комиссияның тексеру материалдарын жинақтауына және рәсімдеуіне қатысуға міндетті.

16. Кіші комиссия штабының бастығы тексеру материалдарын рәсімдеу бойынша Комиссияның (кіші комиссияның) мүшелеріне ұсыныс беруге, сондай-ақ қате рәсімделген материалдарды толықтырып жасауға қайтаруға құқылы.

Авиациялық оқиғалар мен авиациялық
инциденттерді тексеру қағидасына
15-қосымша

# Авиациялық оқиға орнының схемасын (сұлбаларын) жасау жөніндегі топтың функциялары

Топ мынадай функцияларды орындайды:

1) авиациялық оқиға орнының координатын, оның географиялық пункттерге қатысты түрде жақын орналасуын, теңіз деңгейінен биіктігін, жергілікті жердің сипаттамасын анықтайды;

2) әуе кемесінің жердің үстіне алғашқы тиген жерін және кедергілерді, конструкция элементтерінің лақтырылу аймағын анықтайды;

3) конструкция элементтеріне таңбалау жасайды және олардың жергілікті жерлерде орналасуын байлайды;

4) әуе кемесі құлаған кезде жергілікті жерлерде қалдырылған іздерді қарау, бекіту және талдау жасайды;

5) авиациялық оқиға орнын және жергілікті жерлердегі сипатты іздерді суретке түсіреді;

6) қажеттілігі болған жағдайда әуе кемесі ұшуының бағыты бойынша жергілікті жердің пішін қимасын жасайды;

7) әуе кемесінің кеңістіктегі жағдайын және жермен (кедергілермен) соқтығысқан кездегі оның қозғалыс (магнитті бағыт, крен, траекторияның бүгіліс ұшы) бағытын анықтайды.

Топ жұмысының нәтижелері авиациялық оқиға орнының сызбасы түрінде ресімделеді, онда мына мәліметтер келтіріледі:

1) авиациялық оқиға орнының координаттары, оның географиялық пункттерге қатысты түрде жақын орналасуы, теңіз деңгейінен биіктігі;

2) әуе кемесінің жермен (кедергілермен) соқтығысуы және одан әрі жүруі кезінде әуе кемесі қалдырған сипатты іздері;

3) әуе кемесі сынықтарының орналасуы, координаттың таңдалған жүйесінде координаттары көрсетілген тізбесі;

4) жердегі өрт іздерінің, отын, май және т.б. іздерінің орналасуы;

5) кеңістікте әуе кемесінің жағдайын анықтайтын параметрлер және оның жермен (кедергілермен) соқтығысу сәтіндегі қозғалыс бағыты;

6) олардың конфигурациясы мен биіктігін көрсете отырып, оқиға болған аудандағы жасанды және табиғи кедергілер;

7) егер оқиға әуеайлақта орын алса, ұшу алаңының құрылысы (ҰҚД, РЖ, оттар және т.б.);

8) (қажеттілігі болған жағдайда) әуе кемесі қозғалысының бағыты бойынша жергілікті жердің пішіні мен сипаты;

9) авиациялық оқиғаның накты жағдайларына байланысты әуе кемесінің жермен (кедергілермен) соқтығысу және оның бұзылуы сипатын куәландыратын басқа сипатты белгілері.

Схемаға суретке түсіру нүктелері мен бағыттарын көрсете отырып, авиациялық оқиға орнының жалпы суреттері қоса беріледі.

Авиациялық оқиғалар мен авиациялық инциденттерді тексеру қағидасына
16-қосымша

## Сұрау жүргізу тобының функциялары

Сұрау жүргізу тобы мынадай функцияларды орындайды:

ішкі істер және прокуратура органдарымен бірлесе отырып, авиациялық оқиғаның куәгерлері мен көрген адамдарын анықтайды;

прокуратура органдарының келісімі бойынша немесе олармен бірлесе отырып, лауазымды тұлғаларды, авиациялық оқиғаның куәгерлері мен көрген адамдарын сұрайды, қажеттілігі болған жағдайда магнитофондық жазба қолданады, онда сұрау уақыты, орны, сұраған тұлғаның лауазымы, сұралған адамның сауалнамалық мәліметтері рәсімделеді;

сұрау нәтижелерін жинақтайды және талдайды;

куәгерлер мен көрген адамдардың орналасу сызбасын жасайды, қажеттілігі болған жағдайда, куәгерлердің айтқан сөздері негізінде сызбада ұшу троекториясы көрсетеді.

Сұрау жүргізу тобы жұмысының нәтижелері бойынша есеп жасалады, онда:

анықталған және сұралған тұлғалардың тізімі;

сұрау жүргізілген адамдардың сөздерін талдау және олардың айтқандарын жинақтаудан шығатын мәліметтер көрсетіледі.

Есепке:

лауазымды тұлғаларды, куәгерлерді және көрген адамдарды сұрау хаттамасы;

авиациялық оқиғаны көрген адамдардың орналасу сызбасы қоса беріледі.

## Сұрау жүргізу хаттамасы

______________________ _______________

(сұрау жүргізу орны) (күні)

Біз, төменде қол қойғандар,

_______________________________________________________________

(сұрау жүргізу тобы мүшелерінің тегі, аты-жөні)

Прокуратура және ІІМ өкілдерінің қатысуымен

____________________________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

____________________________________________________________________________

сұрады:

1. Тегі, аты, әкесінің аты ________________________________________

2. Туған жыл ________________________________________________________

3. Жұмыс орны, лауазымы, (жұмыс/үй) телефон _____________________

4. Тұрғылықты жері _________________________________________________

5. Сұрау сағат _______ ____________ минутта басталды.

6. Аудио-бейне жазбаларды қолдану туралы
мәлімет ____________________________________________________________

Сұрақ:

Жауап:

Сұрақ:

Жауап:

Сұрау жүргізу сағат ____ ____ минутта аяқталды

Менің сөздерім дұрыс жазылды, маған оқып берді (мен оқыдым)

_________________________________

(сұралған адамның қолы)

Сұрау жүргізу тобының жетекшісі ________________________________

(қолы, аты-жөні, тегі)

Сұрау жүргізуге қатысқандар _____________________________________

**(қолы, аты-жөні, тегі)**

**Авиациялық оқиғалар мен авиациялық**
**инциденттерді тексеру қағидасына**
**17-қосымшаrdІздестіру және авариялық-құтқару жұмыстары топтарының функциялары**

Іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарының тобы тергеу барысында төмендегілерді белгілейді:

апат туралы хабарлама алынған уақыт, дабылдама жариялау уақыты мен тәртібі, іздестіру экипаждарына, авариялық-құтқару командаларына және басқа министрліктердің (ведомстволар) өзара әрекет ететін күштеріне хабарлау;

іздестіру экипаждарының ұшып шығу және іздестіру және авариялық-құтқару командаларының шығу уақыты, олардың құрамы, іздестіруді жүргізу тәртібі;

іздеуді бастау уақыты, оқиға орнын анықтау, оқиға орнына аварияллық-құтқару командаларының келуі, аварияллық-құтқару жұмыстарын жүргізуді және аяқтауды бастау;

оқиға орнын қоршау және күзету уақыты;

жеке құрам саны, іздестіру және аварияллық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылған техникалық құралдардың саны;

аварияллық-құтқару жұмыстарын орындау кезіндегі экипаж мүшелері және апаттан құтқару командалары әрекеттерінің тиімділігі және дұрыстығы;

азаматтық авиация ұйымындағы іздестіру-құтқару қызметінің жалпы жағдайы.

Жұмыс нәтижелері бойынша іздестіру және аварияллық-құтқару жұмыстарының тобы есеп жасайды, онда:

іздестіру экипаждары, іздестіру және аварияллық-құтқару командалары мүшелерінің, лауазымды тұлғалардың апат туралы хабарламаны алған сәттен бастап аварияллық-құтқару жұмыстары аяқталғанға дейінгі әрекеттерінің толық сипаттамасы;

бастапқы іздестіру ауданын анықтаудың және оны одан әрі нақтылаудың дұрыстығын бағалау;

іздестіру жұмыстарын ұйымдастырудың және жүргізудің басшылық құжаттардың талаптарына сай келуін, тергеу барысында анықталған тиісті талаптардан барлық ауытқушылықтарды, аталған ауытқушылықтардың себептерін бағалау;

келу уақыты мен әрекеттердің тиімділігін көрсете отырып, аварияллық-құтқару жұмыстарына тартылған күштер мен құралдарды есептеу;

экипаж мүшелері мен жолаушылар эвакуацияланған уақыт, өрт сөндірудің тиімділігі (шектен шығармау және жою уақыты);

құтқару жұмыстарының тиімділігі (құтқарылған, әуе кемесінен өздігінен шыққан жолаушылар мен экипаж мүшелерінің саны);

оқиға орнын қоршау және күзету туралы деректер;

аварияллық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуде қолданыстағы норма талаптарынан барлық ауытқушылықтар;

іздестіру және аварияллық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша басшылық құжаттарда тергеу кезінде анықталған кемшіліктер келтіріледі.

Есепке мына материалдар қоса беріледі:

аварияллық-құтқару есебінің, қажет болған кезде аварияллық-құтқару командаларының басқа да есептерінің тізімдегі құрамы мен дайындығы туралы анықтама;

іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде тартылған күштер мен құралдар туралы анықтама;

кәсіпорында іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарының ұйымдастырылуын тексеру туралы анықтама;

авариялық-құтқару қызметіне қатысты ақпаратпен жердегі магнитофондар жазбаларынан үзінді көшірме;

Әскери күзет жасағының өрт байланыс диспетчерінің жұмыс журналынан үзінді көшірме.

Авиациялық оқиғалар мен авиациялық
инциденттерді тексеру қағидасына
18-қосымша

## Есепке алу және талдау тобының функциялары

Есеп және талдау тобы:

борттық параметрлік және сөздерді өздігінен жазғыш құралдарда жиналған ұшу ақпаратын жинау, өңдеу, қалпына келтіру және талдауды жүргізеді;

комиссия жұмысының барысында кіші комиссиялардың жұмыс топтарынан алынатын ақпаратты жинақтайды, комиссия жұмысының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

қажет болған жағдайда, эксперименттерді, ұшуларды жүргізу бағдарламаларын әзірлейді (жұмыс топтарының және кіші комиссиялардың мамандарын тарта отырып);

қажет болған жағдайда, ұшып сынаулардың материалдарын және әуе кемесінің аталған үлгісін пайдалану тәжірибесін зерделейді;

ерекше жағдай дамуының кеңейтілген талдауын жасайды, соның негізінде тексеру жөніндегі комиссия актісінің жобасы, қорытынды және ұсыныстар әзірленеді.

Ақпаратты жинау, өңдеу және параметрлер мен деректердің ұшу ақпаратын жинаудың тіркелмейтін немесе қанағаттанарлықсыз тіркелген борт құралдарымен қалпына келтіру барысында, топ:

уақыты бойынша үйлестіріп, тіркеу сапасын көрсете отырып ұшу ақпараты, борттық және жердегі (ӘҚБ тобымен бірлесе отырып) магнитофондар, фототіркегіштер параметрлерінің борттық өздігінен жазғыш құралдарының талдамасын және талдауын жасайды;

жетіспейтін параметрлердің қажетті есебін орындайды;

ұшу сипаттамаларын, беріктілік және басқару сипаттамаларын бағалай отырып, қажетті аэродинамикалық есептерді орындайды;

авиациялық оқиға кезінде әуе кемесінің массасы мен орталықтандыруын есептеу жолымен анықтайды;

оған жүргізілген сөйлесулер мен тіркелген сигналдарды енгізе отырып, ерекше жағдай туындаған және өрбіген учаскедегі ұшу траекториясын жасайды;

объективті бақылау құралдарының жазбалары бойынша авиациялық техниканы жүргізуде және жұмыстарында ауытқушылықтарды анықтайды.

Жұмыс нәтижелері бойынша есеп және талдау тобы есеп жасайды, онда:

борттық өздігінен жазғыш құралдар жазбаларының барлық учаскелеріне талдау жасай отырып, ерекше жағдай алдында және аталған жағдай туындап, өрбіген кезде, сондай-ақ қажет болған жағдайда ұшудың басқа да кезеңдерінде және бұған дейінгі ұшулардағы ұшу параметрлерінің толық сипаттамасы;

навигацияда және әуе кемесін жүргізуде, борттық өздігінен жазғыш құралдардың жазбалары бойынша анықталған оның жүйелері мен жабдықтарының жұмыстарында нормадан барлық ауытқулар, сондай-ақ осы ауытқушылықтардың себептерін талдау;

ұшу сынамасынан өту кезінде тіркелген әуе кемесі үлгісінің сипаттамаларынан аталған әуе кемесі үлгісінің сипаттамаларының ұшу ақпаратын талдау кезінде анықталған барлық ауытқушылықтары келтіріледі;

Есепке:

ұшу парметрлерінің борттық өздігінен жазғыш құралдар

жазбаларының кестелері;

оған экипаждың радиоалмасуымен жазылған ұшу параметрлерінің борттық өздігінен жазғыш құралдары жазбаларын талдамалау;

қажет болған жағдайда, жоспарда және жерге "бекітілген", экипаж мүшелері арасында әрі олардың диспетчерлік қызметпен жүргізген сөйлесулері жазылған, сондай-ақ анықталған істен шығулардың немесе бір жолғы командалардың туындау сәттері белгіленген тура жылдамдықта әуе кемесі ұшуының траекториясын жасау;

хронометражы бар борттық және жердегі магнитофондардың жазбаларынан үзінді көшірме;

есептердің, әуе кемесінің қозғалыс динамикасын модельдеу нәтижелері;

олардың талдамасымен отырғызу радиолакаторлары экрандарының фототүсірілімдері;

әуе қозғалысын басқару органдарының әуе кемесінің радиолокациялық өткізбе сымының деректері қоса беріледі.

Авиациялық оқиғалар мен авиациялық
инциденттерді тексеру қағидасына
19-қосымша

## Ұшу жөніндегі кіші комиссияның негізгі міндеттері және есеп беру нысаны

1. Ұшу жөніндегі кіші комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) экипаждың кәсіби деңгейін, ұшуды ұйымдастыру, қамтамасыз ету және барлық қолданыстағы факторлардың әсер етуін есепке алғанда әуе қозғалысын басқару сапасын белгілеу;

2) объективті бақылау құралдарының деректерін есепке алғанда ерекше жағдайдың туындау және өрбуі кезіндегі экипаж және лауазымды тұлғалар әрекеттерінің дұрыстығын бағалау;

3) қолданыстағы дайындау нормаларынан ауытқушылықтардың анықталуы, ұшуларды қамтамасыз ету және орындау.

2. Ұшу жөніндегі кіші комиссия төмендегі жұмыс топтарынан:

1) ұшқыштар тобынан;

2) әуе қозғалысын басқару, радиожарықтехникалық, метеорологиялық және әуеайлақтық қамтамасыз ету топтарынан;/

3) авиациялық медицина тобынан тұрады.

4) Оқиға жағдайына қарай басқа да жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

3. Ұшқыштар тобы мыналарды белгілейді:

1) экипаж мүшелері кәсіби дайындығының деңгейі, жалпы және арнайы дайындықта, ұшуға жіберуде, экипаж жасауда кемшіліктің болуы;

2) бұған дейінгі жұмыс барысындағы экипаж дайындығының деңгейін бақылау жүйелігі және сапасы, бұған дейін экипаж мүшелері жіберген қателер мен ауытқушылықтар, ұшыру және авиатехниканы пайдалану техникасындағы экипаж мүшелерінің жеке ерекшеліктері;

3) экипажды аталған ұшуға дайындау сапасы;

4) экипаж мүшелері тәртіптерінің жағдайы, бұған дейін орын алған тәртіп бұзушылық жағдайлары;

5) аталған ұшуға дайындық кезінде және оның орындалуы кезінде экипаж әрекеттеріндегі нормативтік құжаттардан ауытқушылықтар;

6) экипаж мүшелерінің дұрыс әрекет етпеуіне әсер еткен факторлардың болуы;

7) экипаждың дайындығын, ұшулардың ұйымдастырылуын және орындалуын регламенттейтін құжаттамада кемшіліктердің болуы.

4. Ұшқыштар тобы мыналарды зерделейді және талдайды:

1) экипаж мүшелерінің ұшуға қатысты және жеке істері;

2) ұшқыштық-штабтық және ұшу жөніндегі құжаттама;

3) объективті бақылау құралдары жазбалары талдамаларының нәтижелері ( борттық өзі жазғыштар, жердегі магнитофондар, отырғызу локаторларының фототіркегіштері және т.б.);

4) экипаж мүшелерінің және оқиғаны көзімен көргендердің көрсетілімдері;

5) экипажды ұшуға, оның ішінде осы ұшуға дайындаған лауазымды тұлғалардың көрсетілімдері;

6) экипаждың бұған дейін орындаған ұшуларының сапасын сипаттайтын құжаттама (объективті бақылау құралдары жазбалары талдамаларының нәтижелері, талдама журналдары және т.б.);

7) авиациялық оқиға болған ұйымдардағы ұшу жұмыстарының ұйымдастырылу жағдайлары;

8) осы ұшу түрінің ұйымдастырылуын, дайындалуын және орындалуын регламенттейтін құжаттама;

9) ұшуда экипаж жұмысына кері әсерін тигізген факторлар;

10) арнайы зерттеулер нәтижелері (егер олар жүргізілген болса);

11) ұшудың ұйымдастырылуын, дайындығын және орындалуын анықтайтын басқа құжаттама.

5. Ұшқыштар тобы жұмыс нәтижелері бойынша есеп жасайды, онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) орындалатын тапсырманың сипаты туралы мәлімет;

2) ұшу массасы және ұшу алдында әуе кемесінің орталықтандырылуы туралы деректер (ұшу құжаттамасында көрсетілген, сондай-ақ объективті бақылау құралдарының деректері, экипаж, оқиғаны көргендердің көрсетілімдері және басқа ақпарат бойынша анықталған мәліметтер бойынша);

3) экипаждың әрбір мүшесі туралы мәлімет;

4) экипажды ұшуға дайындау және жіберу, ұшуды ұйымдастыру барысында командалық басқарушылық құрам тарапынан анықталған барлық ауытқушылықтар;

5) ұшуға дайындалу барысында экипаж жіберген, анықталған барлық ауытқушылықтар;

6) барлық ауытқушылықтарды көрсете отырып, ерекше жағдай туындап және өрбіген кездегі экипаж әрекетінің сипаты (объективті бақылау құралдары деректерінің, экипаж, оқиғаны көргендердің көрсетілімдері және басқа ақпарат негізінде);

7) экипаждың дұрыс емес әрекеттерінің мүмкін болатын себептерінің талдауы ;

8) анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, экипаждың дайындалуын, ұшулардың ұйымдастырылуын және орындалуын регламенттейтін құжаттаманы бағалау;

9) олардың орын алған жағдайдағы әрекеттерін есепке ала отырып, экипаж мүшелерінің кәсіби дайындықтарын бағалау.

10) Ұшқыштар тобы үнемі есеп айырысу және талдау тобымен және сұрау тобымен өзара әрекет етеді, өз жұмысында тексеру жөніндегі комиссияның басқа

жұмыс топтарының ақпараттарын пайдаланады. Қажет болған жағдайда ұшқыштар тобы ұшу құжаттамасының анықталуы және оны алып қою туралы акті жасайды.

6. Ұшқыштар тобының есебіне мына құжаттар қоса беріледі:

1) мұшуға арналған тапсырма және штурмандық борт журналы;

2) экипаж мүшелеріне арналған қызметтік мінездемелер;

3) ұшу құжаттамасын алып қою және оны беру туралы актілер;

4) авиациялық оқиға болған авиакомпаниядағы ұшу жұмысының ұйымдастырылуын тексеру туралы анықтама (қажет болған жағдайда);

5) ұшқыштар тобы жүргізетін эксперименттер, зерттеулер және ұшулар туралы есептер;

6) экипаж мүшелерінің түсіндірме жазбалары.

7. Әуе қозғалысын басқару, радиожарықтехникалық, метеорологиялық және әуеайлақтық қамтамасыз ету тобы мыналарды белгілейді:

1) аталған ұшудың әуе қозғалысын басқару сапасы;

2) әуе қозғалысын басқару және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтерінің мамандары кәсіби дайындығының деңгейі;

3) әуе қозғалысын басқарудың ұйымдастырылуын және жүзеге асырылуын анықтайтын құжаттаманың болуы және оның жағдайы;

4) радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс құралдарының болуы және оның жағдайы, олардың ұшуларды басқару барысында дұрыс пайдаланылуы;

5) ұшу-қону жолағы, рулежді жолдар, тұрақ орындары, отырғызу алаңдары жағдайы, әуеайлақ қызметінің техникалық құралдармен жабдықталуы;

6) әуеайлақта орнатылған радиожарықтехникалық жабдықтың осы әуеайлақтағы ұшуларды радижарықтехникалық қамтамасыз ету регламентіне ( құрамы және орналасқан сызбасы бойынша) сәйкес келуі;

7) әуе қозғалысын басқару мамандарының жұмыс орындарындағы радиотехникалық жабдық, байланыс және жарықтехникалық жабдық құралдарының жұмысы туралы деректердің болуы (қоректендірудің резервтік көздеріне өту нормаларының кестелері, РТҚ және байланыс және т.б. құралдарының әрекет ету кестелері);

8) радиобайланыс жүргізу және радиоалмасу фразеологиясы ережелерінің сақталуы;

9) ұшу бағыты бойынша әуе кемесін қосалқы әуеайлақтармен қамтамасыз ету ;

10) әуе кемесінің белгіленген бағыттан ауытқуы;

11) негізгі және қосалқы әуеайлақтардағы ұшу бағыты бойынша жалпы метеорологиялық жағдай;

12) ерекше жағдай туындаған кездегі оқиға аумағындағы нақты ауа райы ( қажет болған жағдайда – негізгі және қосалқы әуеайлақтардағы);

13) экипажда және ӘҚБ диспетчерлерінде метеорологиялық жағдай туралы ақпараттың болуы және оның нақтылығы;

14) ұшудың метеорологиялық қамтамасыз етілуінің белгіленген талаптарға сәйкес келуі;

15) авиациялық оқиға болған ауданда ұшуға арналмаған құралдарын пайдалану және ату жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ қажет болған жағдайда орнитологиялық жағдайдың орын алу деректері.

8. Жұмыс нәтижелері бойынша әуе қозғалысын ұйымдастыру, радиожарықтехникалық, метеорологиялық және әуеайлақтық қамтамасыз ету тобы есеп ұсынады, есеп төмендегілерді қамтуы тиіс:

1) әуе қозғалысын басқару, ұшуларды метеорологиялық, радиожарықтехникалық және әуеайлақтық қамтамасыз ету қызметтерінің лауазымдық тұлғалары туралы мәліметтер, олардың әрекеттерінде нормативтік құжаттардың талаптарынан ауытқушылықтар белгіленеді;

2) тексеру кезінде ұшуды қамтамасыз ету персоналын дайындау, оларға дербес жұмысқа рұқсат ету бойынша анықталған кемшіліктер;

3) белгіленген талаптардан ауытқушылықтарды көрсете отырып, әуе қозғалысын басқару, ұшуларды метеорологиялық, радиожарықтехникалық және әуеайлақтық қамтамасыз ету, ӘҚБ мамандарының жұмыс орындарын ұйымдастыру және олардың жағдайы бойынша жалпы сипаттама;

4) ӘҚБ және ұшуларды қамтамасыз ету тәртібін регламенттейтін құжаттарды зерттеу барысында анықталған кемшіліктер;

5) ұшу нәтижесіне әсер еткен ӘҚБ және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтері лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттерінің сипаттамасы;

6) ұшу нәтижесіне әсер етуін есепке алмағанда, зерттеу барысында анықталған ӘҚБ және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтерінің лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріндегі барлық ауытқушылықтар;

7) авиациялық оқиға болған аудандағы (қажет болса ұшу бағыты бойынша негізгі және қосалқы әуеайлақтардағы) оқиға кезіндегі болжамды және нақты ауа-райы;

8) РТЖ, байланыс және ЖТЖ құралдарын пайдаланудағы кемшіліктер, олардың жұмысқа қабілеттілігі немесе олар ӘҚБ және ұшуларды қамтамасыз ету сапасына әсер етсе техникалық сипаттамалардан ауытқушылығы;

9) ӘҚБ және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтерінің лауазымды тұлғалары жасаған бұрыс әрекеттердің себебін талдау.

9. Әуе қозғалысын басқару, радиожарықтехникалық, метеорологиялық және әуеайлақтық қамтамасыз ету тобының есебіне мына материалдар қоса беріледі:

1) ұшуларды басқарушылардың кітапшаларынан, ӘҚБ мамандарының диспетчерлік кітапшаларынан үзінділер (егер оларды қолдану ұшу нәтижесіне әсер етсе);

2) егер авиациялық оқиға әуеайлақ көлемінде болса:

ұшу алаңының жағдайы туралы журналдан үзінді;

авиациялық оқиғадан кейін ұшу алаңын тексеру және ілінісу коэффициентін бақылап өлшеу туралы акті;

ілінісу коэффициентін өлшейтін техникалық құралдардың болуы және жағдайы туралы анықтама, олардың техникалық құжаттамасының болуы;

3) авиациялық оқиғадан кейін дереу ауа-райын кезектен тыс бақылау туралы акті;

4) жақын жердегі метеостанциялардың және басқа да әуе кемелері экипаждарының хабарламалары бойынша нақты ауа-райы туралы мәліметтер;

5) дайындық кезінде және экипаж консультациясында пайдаланылған метеорологиялық құжаттама;

6) ауа райының күрт бұзылатыны жөнінде ескертулер мен хабарламалар (егер олар болса);

7) әуе қозғалысын басқару және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтерін тексеру туралы анықтама (қажет болса);

8) әуе қозғалысын басқару және қамтамасыз ету қызметтері мамандарының түсіндірме жазбалары, оларға қойылған сұрақтар бойынша хаттамалардың көшірмелері (қажет болса);

9) радиозондтарды, ұшқышсыз құралдарды іске қосулардың, оқтарды пайдаланулардың және т.б. болуы немесе болмауы туралы анықтама (қажет болса.

10. Авиациялық медицина тобы экипаж мүшелерінің (қажет болса ұшуларды қамтамасыз ету қызметтері мамандарының) психофизиологиялық жағдайын, жұмыс қабілеттілігін, ерекше жағдай туындау және өрбу кезінде олардың әрекет ету сипатын төмендегілерді бағалау негізінде анықтайды:

1) экипаж мүшелерінің жеке психологиялық ерекшеліктерін, олардың жалпы дене қалпының дамуын, соңғы айдағы рухани-психологиялық жағдайын ( отбасылық және қызметтік дау-жанжалдар, алкогольді, дәрілік және есірткі заттарын шектен тыс пайдалануы, темекі шегуі және т.б.);

2) тоқсан сайынғы және жыл сайынғы медициналық куәландыруларда көрсетілген экипаж мүшелерінің оқиға болар алдында және ұшу күніндегі денсаулық жағдайы (психологиялық және дене), сондай-ақ медициналық мекемелердегі соңғы 3 жыл бойынша сырқаттану тарихы, ұшу алдындағы медициналық бақылау нәтижелері;

3) авиациялық оқиға алдындағы 3 тәулік ішінде толық тынығуы, ұйықтауы және тамақтануы;

4) демалыстардың, демалыс күндерінің уақытында пайдаланылуы, сондай-ақ, оқиға болатын күннің қарсаңында, оқиға болған күні, соңғы ай ішіндегі ұшу жүктемесі, олардың белгіленген нормаларға сәйкестігі;

5) алкоголь, карбоксигемоглобин (карбоксимиоглобин) және қажет болса басқа да токсинді заттар мен дәрілік препараттардың пайдаланылуына жүргізілген токсикологиялық зерттеулердің нәтижелері;

6) радиоалмасу және биологиялық материалды (биохимиялық, морфологиялық және т.б.) арнайы зерттеу деректері бойынша авариялық ұшу кезіндегі экипаж мүшелерінің эмоционалды жағдайы, стрестік жағдайдың болуы және экипаж мүшелерінің дұрыс және уақытында әрекет етуіне стрестік жағдайдың әсері;

7) медико-трассологиялық зерттеулердің медициналық деректері (денедегі жарақаттардың сипаты және жайылмауы, қалпы мен жұмыс істеу әрекеттерінің белгілері, киімнің және аяқ киімнің бүлінулері және т.б.);

8) әуе кемесі кабинасының конструктивтік ерекшеліктері, ұшу жағдайы, қорғау және құтқару құралдарының экипаж мүшелерінің денсаулық жағдайына және қызметіне әсер етуі.

11. Авиациялық медицина тобы жасайтын есепте мыналар қамтылуы тиіс ( әрбір экипаж мүшесі және ұшуды қамтамасыз ету қызметінің мамандары үшін):

1) басқа емдеу мекемелеріне қаралауын есепке ала отырып, соңғы 2 жылда жылдық және тоқсандық куәландырудан өту нәтижелері (ауытқушылықтардың, шектеулердің және т.б. болуы);

2) алдын ала жүргізілген медициналық бақылау нәтижесінде ұшулардан шеттетілуі туралы мәліметтер;

3) экипаж мүшелерінің жеке дене және психофизиологиялық ерекшеліктері, сонымен қатар алкогольді, дәрілік заттарды және темекіні қолдануы туралы деректер;

4) болуы мүмкін аурулар мен жарақаттар туралы мәліметтер;

5) тұрмыстық жағдайдың қысқаша сипаттамасы;

6) еңбек демалыстары мен демалыс күндерінің уақытында қолданылуы, соңғы 3 тәулікте толық демалуы, ұйықтауы және тамақтануы туралы деректер;

7) патологоанатомиялық, токсикологиялық, биохимиялық, морфологиялық, медико-трассологиялық және басқа да арнайы зерттеулердің нәтижелері;

8) ұшу кезінде стрестік жағдай, кенеттен ауырып қалу оқиғаларының болуы туралы мәліметтер;

9) ерекше жағдай туындау және өрбу кезінде экипаж мүшелерінің жұмыс қабілеттілігі мен іс-әрекетінің сипатына денсаулық жағдайының, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктердің әсер ету мүмкіндігін бағалау;

10) қайтыс болған экипаж мүшелерінің денелерін орналастыру сызбасы;

11) ұшуды медициналық қамтамасыз етуде анықталған кемшіліктер тізбесі;

12) ұшуды медициналық қамтамасыз ету бойынша нормативтік құжаттамада анықталған кемшіліктер тізбесі;

13) экипаждың жұмыс қабілеттілігіне әсер еткен немесе жарақат алуға себеп болған әуе кемесінің құрылымы, арнайы киімдер, қорғау және құтқару құралдары бойынша кемшіліктердің тізбесі.

Авиациялық медицина тобы әкімшілік-штабтық кіші комиссияның медициналық тобымен тұрақты түрде өзара әрекет етеді.

12. Авиациялық медицина тобының есебіне мына материалдар қоса беріледі:

1) қайтыс болған экипаж мүшелері денелерінің жағдайы туралы акті;

2) экипаж мүшелерінің алкогольді немесе есірткіні пайдалану белгілерін куәландыру туралы анықтама;

3) қайтыс болған экипаж мүшелерінің денелеріне сот-медициналық және басқа да зерттеулер жүргізу актілері;

4) экипаж мүшелерінің жұмыс істеу және тынығу режимі туралы анықтама.

Егер авиациялық оқиға экипаж мүшелерінің ұшу кезінде жұмыс қабілеттілігінің бұзылуына байланысты болса, есепке мыналар қоса беріледі:

экипаж мүшелерінің медициналық кітапшалары және бақылау карталары;

экипаж мүшелеріне берілген медициналық сипаттамалар;

соңғы 3 ай (әр айға жеке-жеке) бойынша ұшу туралы деректер; ұшу алдындағы медициналық бақылау журналынан үзінді.

13. Ұшу жөніндегі кіші комиссиясының жұмыс нәтижесі бойынша есеп жасалады, есепте жұмыс топтарының материалдарын жинақтау және талдау негізінде экипаждың және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтері мамандарының іс-әрекеттерінің дұрыстығы бойынша қорытынды жасалады, ауытқушылықтар болса олардың себептері, сондай-ақ зерттеу барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар енгізіледі.

14. Ұшу жөніндегі кіші комиссияның есебіне:

1) ұшу жөніндегі кіші комиссияның құрамына енгізілген жұмыс топтарының есептері, қосымшаларымен бірге;

2) ұшу жөніндегі кіші комиссия және оның жұмыс тобы мүшелерінің тізімдері қоса беріледі.

15. Ұшу жөніндегі кіші комиссияның есебінде көрсетілген әуе кемесінің экипаж мүшелері туралы міндетті мәліметтердің тізбесі:

1) атқаратын лауазымы;

2) тегі, аты, әкесінің аты;
3) туған күні;
4) класс;
5) жалпы білімі;
6) арнаулы білімі (қашан және қандай авиациялық оқу орнын бітірген);
7) ұшу училищесін аяқтағаннан кейінгі, аталған әуе кемесінің үлгісінде ( жалпы және жеке) ұшуы;
8) берілген рұқсатқа сәйкес жағдайларда ұшақты жүргізу техникасының соңғы тексерілген күні;
9) бұрынғы авиациялық оқиғалар (қашан, әуе кемесінің үлгісі, себебі, ұшатын жұмыстан шеттетілді ме);
10) соңғы 3 ай ішіндегі ұшу, оқиға болған күнгі ұшу және ұшу саны, сол әуе кемесінің үлгісімен соңғы бір жыл ішінде ұшуда кідірістер болды ма, олардың себептері;
11) ұшақты жүргізу техникасы мен навигацияны соңғы тексеру күндері, кім тексерді, қандай метеожағдайларда, күндіз және түнде ұшқан кездегі сипатты қателер мен бағалар;
12) қашан және қандай мөлшерде ұшуға дайындық жүргізілді;
13) кім және қашан ұшуға дайындықты тексергені;
14) тынығу (жағдайлар, ұзақтығы, демалыс күндері, ұшу алдындағы тынығу ұзақтығы);
15) ұшу алдында әуеайлақта болу уақыты;
16) тоқсандық медициналық тексеру жүргізу жиілігі, соңғы жыл сайынғы медициналық тексеру күні және комиссия қорытындысы, ұшу алдында денсаулықтың жағдайын медициналық бақылауды кім және қашан жүзеге асырады;
17) тұрақты орналасу жерінде және базада ұзақ уақыт болмаған кезде күнделікті тұрмыс жағдайы (тұратын жай, тамақтану, көлікпен қамтамасыз ету және т.б.).

Комиссия отырысында қаралды
20__ жылғы "___" __________________
№ ___________ хаттама

**Ұшу жөніндегі кіші комиссияның есебі ________________________________**
**_______________________________________**

(авиациялық оқиғаның түрі)
Ұшақпен (тікұшақпен) ______________________________________________
(үлгісі, мемлекеттік есептегі және зауыттық нөмірлері, тиесілігі)

___________________________________________________________

___________________________________________________________

(авиациялық оқиғаның күні мен орны)

1. Кіші комиссия жасаған негізгі жұмыстар

Қоса беріліп отырған есептік құжаттаманы көрсете отырып, кіші комиссия орындайтын негізгі жұмыстардың толық тізбесі келтіріледі. Мысалы: экипаждың осы ұшуға дайындығы және бөлімшедегі ұшу жұмысын ұйымдастыру деңгейі зерделенді (ұшу тобының есебі қоса беріледі); объективті бақылайтын борт құралдарының жазбаларына шифрлеу жүргізілді) және т.б.

2. Талдау

Кіші комиссия есебінің негізгісі болып табылатын осы бөлімде экипаж, ұшуды қамтамасыз ету қызметтерінің мамандары әрекеттерінің дұрыстығы, орын алған ауытқулар мен бұзушылықтар туралы қорытындылардың барынша толық негіздемесі баяндалады, (егер қажетті болса) кіші комиссияның жұмыс топтары және басқа да кіші комиссиялары алған нәтижелерді жинақтайды.

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) экипаждың құрамы, орындалатын тапсырманың сипаттамасы, экипаж мүшелерінің кәсіби дайындығы деңгейінің қысқаша сипаттамасы, оның ұшу кезіндегі іс-қимылдардың дұрыстығына әсер еткен барлық ауытқулар көрсетілген белгіленген талаптарға сәйкестігі, авиациялық қызметтің осы түрін орындауға берілген рұқсаттың болуы және негіздемесі (егер авиациялық оқиғаны тексеру кезінде ұшуды қамтамасыз ету қызметінің жұмысында оның нәтижесіне әсер еткен кемшіліктер анықталса, онда баламалы мәліметтер осы қызметтердің персоналына келтіріледі);

2) экипаж, ұшуды қамтамасыз ету қызметінің персоналы жол берген, ерекше жағдайдың туындауына және өрбуіне әсер еткен өзге де лауазымды тұлғалардың белгіленген талаптардан барлық ауытқуларын көрсетілген ұшуға дайындықтың сипаттамасы;

3) метеорологиялық (қарапайым, қиын) жағдайдың бағасы, әуеайлақтың жағдайы, ұшу және қону туралы шешім қабылдаудың негіздемесі;

4) оның ерекшеліктерін (ауытқуларын) көрсете отырып, ерекше жағдай басталғанға дейін ұшудың қысқаша сипаттамасы;

5) ерекше жағдайдың пайда болуы мен дамуының жан-жақты хронологиялық сипаттамасы, экипаж бен қамтамасыз ету қызметі персоналының іс-әрекеттерінің , осы іс-әрекеттердің дұрыстығын бағалаумен бірге сипаттамасы, ұшудың нәтижесіне әсер ететін барлық ауытқуарды көрсету;

6) экипаж бен қамтамасыз ету қызметі персоналының қате әрекеттері себептерінің талдауы және негіздемесі.

Талдау барысында авиациялық оқиғаның себептерін түсінуге және негіздеуге қажетті барлық ақпарат келтіріледі.

3. Қорытындылар

Бөлімде қысқаша түрде мына мәліметтер келтіріледі:

1) экипаж мүшелерінің кәсіби дайындық деңгейі, орындайтын тапсырмаға олардың біліктілігінің сәйкес келуі, экипажды дайындаудағы және оны ұшуға жіберу тәртібіндегі кемшіліктер;

2) әуе қозғалысын басқару және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтері персоналының кәсіби дайындық деңгейі, оның белгіленген талаптарға сәйкестігі;

3) ұшудың нәтижесіне әсер еткен барлық жол берілген ауытқушылықтарды көрсете отырып, ұшуды орындау кезінде, оның ішінде ерекше жағдайлардың туындауы және дамуы барысында экипаж әрекеттерінің бағасы;

4) экипаждың бұрыс әрекет етуінің себептері туралы кіші комиссияның қорытындылары;

5) ұшудың нәтижесіне әсер еткен барлық жол берілген ауытқушылықтарды көрсете отырып, әуе қозғалысын басқару және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтерінің персоналы іс-қимылдарының бағасы;

6) әуе қозғалысын басқару және ұшуларды қамтамасыз ету қызметтерінің персоналы іс-қимылдарының себептері туралы кіші комиссияның қорытындылары;

7) ұшу жұмыстарын ұйымдастырудың және әуе қозғалысын басқару қызметтерінің ұйымдастырылуы мен жабдықталуының, метеорологиялық, әуеайлақтық және өзге де қамтамасыз ету түрлерінің жалпы бағасы.

4. Тексеру кезінде анықталған басқа да кемшіліктер

Тексеру барысында экипаждың дайындығы мен әрекеттерінде, ұшуды қамтамасыз ету және басқару қызметтерінде, ұйымдастырушылық және пайдаланушы құжаттарда анықталған ұшудың нәтижесіне әсер етпеген, алайда жалпы ұшу қауіпсіздігіне кері әсер еткен кемшіліктерді жоюға бағытталған барлық кемшіліктер көрсетіледі.

5. Ұсынымдар

Анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұшу жөніндегі кіші комиссияның (орындаушыларды және орындау мерзімдерін көрсетпей) ұсыныстары келтіріледі, оның ішінде:

1) ұшудың нәтижесіне әсер еткен кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар;

2) ұшудың нәтижесіне әсер етпеген, алайда жалпы ұшу қауіпсіздігіне кері әсер еткен кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар.

Кіші комиссияның төрағасы ________________________
(қолдары, т.а.ә.)
Кіші комиссияның мүшелері: ________________________
(қолдары, т.а.ә.)
Авиациялық оқиғалар мен авиациялық
инциденттерді тексеру қағидасына
20-қосымша

## Кіші комиссияның негізгі міндеттері, есеп беру нысаны және борттық өздігінен жазғыш құралды (магнитофонды) табу және алу актісінің нысаны

1. Инженерлік-техникалық кіші комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) авиациялық оқиғаға дейін және одан кейін авиациялық техниканың жағдайын анықтау;

2) оны пайдалану сипатын, техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасын зерделеу;

3) авиациялық техниканың істен шығу себебін анықтау мақсатында арнайы зерттеулер мен сынақтар жүргізу.

2. Инженерлік-техникалық кіші комиссия мына жұмыс топтарынан тұрады:

авиациялық техниканы пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу ережелерінің орындалуын талдау;

планер және жүйе;

қуатты қондырғы;

авиациялық және радиоэлектрондық жабдық.

Қажеттілігі болған жағдайда инженерлік-техникалық кіші комиссияда басқа да жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

3. Авиациялық техниканы пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу ережесінің орындалуын талдау тобы:

1) регламенттеу жұмыстарының уақытылы және толық орындалуын, жұмыстардың толықтырып жасалуын, агрегаттардың ауыстырылуын және авиациялық техниканы пайдалану барысында экипаж ескертулерінің жойылуын;

2) регламенттің мерзімді және жедел түрде техникалық қызмет көрсету толықтығы мен сапасын, өткен ұшудағы экипаждардың ескертулерін жою сапасын, ақаулықтарды жоюдың әдістері мен тиімділігін (әсіресе олар қайталанған жағдайда, ақаулықтардың қайталану себептерін;

3) авиациялық техниканы пайдалану және сақтау жағдайларын;

4) осы авиациялық техникаға қызмет көрсететін инженерлік-техникалық құрамның кәсіби дайындығының деңгейін;

5) басқарушы инженерлік-техникалық құрамның тарапынан авиациялық техникаға қызмет көрсетілуінің толықтығы мен сапасын;

6) құйылатын жанар-жағармай материалдарының саны мен сапасын;

7) авиациялық техникаға қызмет көрсету кезінде қолданылатын инструменттің және техникалық құралдардың болуы және олардың жағдайы;

8) авиациялық техникаға арналған техникалық құжаттаманы жүргізу сапасын, қажетті басшылық және техникалық құжаттаманың болуы;

9) авиациялық техниканы пайдалану барысында анықталған қайталанатын немесе қауіпті ақауларды;

10) авиациялық техниканы пайдалану бойынша нормативтік техникалық құжаттаманың жетіспеушілігін анықтайды.

Авиациялық техниканы пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу ережесінің орындалуын талдау тобы мыналарды зерделейді және талдайды:

ұшақтың (тікұшақтың), қозғалтқыштардың және олардың агрегаттарының формулярларын, техникалық құжаттаманы, әуе кемесіне қызмет көрсетуге, жөндеуге және өнеркәсіптік бюллетендер бойынша оны толықтырып жасауға арналған құжаттаманы және авиациялық оқиғаның алдындағы авиациялық техниканың жағдайын куәландыратын өзге де құжаттаманы;

құжаттамада қамтылған мәліметтердің дұрыстығын;

өткен ұшулардағы борттық өздігінен жазғыштардың жазбаларын, куәгерлердің жауаптарын;

осы оқиғаға баламалы авиациялық оқиғаларды тексеру бойынша құжаттаманы;

авиациялық техниканы ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің нақты жағдайын , оны пайдалану мен сақтаудың жағдайларын;

авиациялық техниканы пайдаланатын инженерлік-техникалық құрамның дайындығын ұйымдастыру бойынша материалдар мен құжаттарды.

Жұмыс нәтижесі бойынша топ есеп жасайды, онда мыналар көрініс табады:

әуе кемесі бойынша мәліметтер;

техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша мәліметтер;

дербес жұмыс істеуге дайындау және рұқсат беру кезінде жол берілген барлық бұзушылықтарды көрсете отырып, әуе кемесіне тікелей қызмет көрсететін инженерлік-техникалық қызметшілердің кәсіби дайындығының бағасы;

авиатехниканы техникалық пайдалану бойынша басшылық құжаттардың талаптарынан барлық анықталған ауытқуларды көрсете отырып, авиатехникаға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету бағасы;

техникалық қызмет көрсету барысында инженерлік-техникалық қызметшілер жол берген, тексеру кезінде анықталған барлық бұзушылықтар мен кемшіліктер;

(жөндеу құжаттамасы бойынша) авиациялық техниканы жөндеудің толықтығы мен сапасының бағасы;

ұшу алдында әуе кемесінің бортында болған жанар-жағармай материалдарының саны мен сапасы;

егер авиациялық оқиғаны тексеру кезінде әуе кемесінің жүйелері мен агрегаттарының істен шығу мүмкіндігі анықталса, онда осы жүйелер мен агрегаттардың бұдан бұрынғы істен шығуы мен ақаулықтарының барлық тізбесі, оларды жою тәсілдерінің бағаларымен бірге келтіріледі;

әуе кемесін техникалық пайдалану сапасының жалпы бағасы.

Есепке мына материалдар қоса беріледі:

соңғы жедел және кезеңдік қызмет көрсетуге арналған жүктеме карталар (1-данасы қосымшаларымен, қалғандары – қосымшасыз);

әуе кемесіне жанар-жағармай материалдарын құюға арналған талаптар;

жанар-жағармай материалдарының сынамасын алу актілері;

жанар-жағармай материалдарының талдаулары (қажеттілігі болған жағдайда арнайы сұйықтықтар мен газдардың);

әуе кемесінің иесі болып табылатын авиакәсіпорынның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету сапасын тексеру нәтижелері бойынша анықтама (қажеттілігі болған жағдайда);

аталған әуе кемесіне қызмет көрсеткен инженерлік-авиациялық қызметтің мамандарының жұмысқа дайындығы мен рұқсаты туралы анықтама;

инженерлік-авиациялық қызметі мамандарының түсіндірме жазбалары және ( қажеттілігі болған жағдайда) оларды сұрау хаттамаларының көшірмелері.

4. Планер мен жүйелердің, күшті қондырғылардың, авиациялық және радиоэлектрондық жабдықтардың топтары оқиғадан кейін орын алуы мүмкін істен шығуларды және олардың себептерін анықтау немесе ерекше жағдайлардың туындауы және дамуы барысында авиациялық техниканың жұмыс қабілеттігін растау мақсатында, әуе кемесінің жағдайын зерделейді.

Осы топтың жұмысшылары (әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып):

1) авиациялық оқиғаның орнын зерделейді, әуе кемесінің кеңістіктегі жағдайын және оның жерге соғылу алдындағы конфигурациясын анықтайды;

2) әуе кемесі конструкцияның элементтерін қарайды, конфигурацияның жетіспейтін элементтерін іздейді (қажеттілігі болған жағдайда крок тобымен бірлесе отырып);

3) оқиға орнының сызбасын (кроктар) нақтылайды;

4) конструкция элементтерінің, әуе кемесінің жүйелері мен агрегаттарының жағдайын зерделейді, істен шығуының немесе жұмыс істеу қабілетсіздігінің белгілерін анықтайды;

5) авиациялық техниканың объектілеріне мүмкіндік болса орнында зерттеулер мен сынақтар жүргізеді, зертханалық зерттеуге жіберу үшін конструкция элементтерін таңдайды;

6) (комиссия төрағасының рұқсатын алғаннан кейін) зерттеуге жіберілетін объектілердің құжаттамасын рәсімдейді;

7) талдауға арналған жанар-жағармай материалдарының сынамаларын алады, оларды зерттеуге жібереді және алынған нәтижелерді талдайды;

8) сипаттамалы ерекшеліктерін көрсете отырып, әуе кемесінің жүйесі мен агрегаттарын сипаттайды және суретке түсіреді;

9) объективті бақылау құралдарының жазбаларын шифрлеудің нәтижелерін, экипаж мүшелерінің, көрген адамдар мен куәгерлердің айтқандарын, авиациялық техниканы пайдалану бойынша техникалық құжаттаманы зерделейді;

10) қажеттілігі болған жағдайда, экипажды және басқа да куәгерлерден сауал алуға қатысады;

11) қажеттілігі болған жағдайда, әуе кемесінің конструкция элементтерінің өздеріне қарап жасалғанын есептейді;

12) авиациялық техниканы, оның ішінде баламалы жағдайлар бойынша бұдан бұрын келтірілгендерді де зерттеу нәтижелерін жинақтайды және талдайды;

13) борттық өздігінен жазғышты және радиоактивті бергіштерді іздеу және алып тастауды жүргізеді;

14) өрттің немесе жарылудың орын алғанын, себептерін және салдарын анықтайды, өрт сөндіру жүйесінің жұмысына баға береді.

Осы топтардың жұмыс нәтижелері бойынша есептен жасалады, оларда мыналар келтіріледі:

әуе кемелері конструкцияларының элементтері, жүйелері мен агрегаттары жағдайының, олардың істен шығуы немесе жұмыс қабілеттілігінің себептері көрсетілген жан-жақты сипаттамасы;

авиациялық техниканың бұзылу сипаты мен ретінің сипаттамасы;

авиациялық техниканың жұмыс қабілетін немесе істен шығу себебін анықтау бойынша оқиға орын алған жерде де зертхана жағдайында да жүргізелетін зерттеулер мен эксперименттердің нәтижелері;

өрт белгілерінің сипаттамасы, оның пайда болу орны мен уақыты;

объективті бақылау құралдарының жазбаларын талдау;

авиатехниканың жұмыс қабілеттілігін немесе істен шығулардың дәлелдерін келтіре отырып, алынған нәтижелерді талдау.

Қозғалтқыштардың, маңызды жүйелер мен агрегаттардың, жұмыс режимі, авиациялық оқиға болған сәттегі басқару органдарының, механизация мен шассидің ережесі келтіріледі. Жүйенің істен шығулары болған жағдайда істен шығудың уақыты мен сипаты, олардың өзара әсер етуі мен реті, сондай-ақ істен шығу себептері көрсетіледі.

Есепке мыналар қоса беріледі:

әуе кемесі конструкциялары элементтерінің фотосуреттері, түсіндірмелерімен бірге;

авиациялық техниканың агрегаттарын қарау, тексеру, бұзып қарау, зерттеу нәтижелері бойынша актілер, хаттамалар;

авиациялық техниканы зерттеу нәтижелері бойынша есептер.

Авиациялық және радиоэлектрондық жабдықтың тобына бұдан басқа мыналар қоса беріледі:

осы Қосымшаның 1-нысанына сәйкес, борттық өздігінен жазғышты ( магнитофонды) анықтауға және алып қоюға арналған актілер;

әуе кемесінің радиоактивті құрылғыларын анықтауға және тапсыруға арналған акті (белгіленген тәртіпте рәсімделеді)

5. Инженерлік-техникалық кіші комиссия жұмыс топтары жұмысының нәтижелері бойынша есеп жасайды, онда жұмыс топтарының материалдарын жинақтау және талдау негізінде авиациялық техниканың жұмыс қабілеттілігі туралы, ал істен шығу жағдайлары орын алса, олардың реті, өзара әсер етуі және себептері туралы қорытынды жасайды, сондай-ақ авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсетудің және жөндеудің ұйымдастырылуы мен сапасына баға береді.

6. Инженерлік-техникалық кіші комиссияның есебіне кіші комиссия отырысының хаттамалары, кіші комиссияның құрамына кіретін жұмыс тобының есептері қосымшаларымен бірге, әуе кемесі (қозғалтқыштары) бойынша мәліметтер, сондай-ақ техникалық пайдалану жөніндегі міндетті мәліметтер, оған мыналар кіреді:

1) соңғы кезеңдік техникалық қызмет көрсету күні, орны және нысаны;

2) қызметті орындайтын ауысымның нөмірі, орындаушылардың, ауысым басшысы мен жұмыстың орындалуын бақылаушы тұлғаның тегі, жүктеме картаның нөмірі;

3) соңғы кезеңдік техникалық қызмет көрсеткеннен кейінгі атқарым;

4) соңғы жедел техникалық қызмет көрсету күні, орны және нысаны;

5) қызметті орындайтын ауысымның нөмірі, орындаушылардың, ауысым басшысы мен жұмыстың орындалуын бақылаушы тұлғаның тегі, жүктеме картаның нөмірі;

6) соңғы кезеңдік техникалық қызмет көрсеткеннен кейінгі атқарым;

7) соңғы жедел және кезеңдік техникалық қызмет көрсету кезінде жойылған, оқиғаның себебімен байланысты болуы мүмкін істен шығулар мен ақаулықтардың, оларды жою әдістері көрсетілген тізбесі;

8) соңғы жылда пайдалану кезінде қайталанатын істен шығулар мен ақаулықтардың, олардың жойылған күні мен жою әдістері көрсетілген тізбесі;

9) пайдалану және жөндеу кезінде орындалмаған бюллетендер мен нұсқаулар тізбесі, олардың орындалмау себептері.

Комиссияның
20__ жылғы "___" __________________
отырысында қаралды
№ ___________ хаттама

**Инженерлік-техникалық кіші комиссияның
есебі**

____________________________________________________________________
__
(оқиғаның болған күні және орны)

____________________________________________ ұшағымен (тікұшағымен
)
(үлгісі, мемлекеттік есептегі және зауыттық нөмірі, тиесілі)

____________________________________________________________________
__
(авиациялық оқиға түрі)

1. Кіші комиссия жасаған негізгі жұмыстар

Кіші комиссия орындаған негізгі жұмыстардың толық тізбесі көрсетіледі ( қоса берілетін есеп құжаттарын көрсете отырып). Мысалы:

конструкция элементтерінің нақты есебі жүргізілді (есебі, сызбалары мен фотографиялары қоса беріледі);

борттық тіркеу құрылғысындағы параметрлер жазбалары бар басқару сымдарын жасанды ажырату бойынша тәжірибе жүргізілді (осциллограммалары бар хаттама қоса беріледі);

объективтік бақылау борт құралдарының жазбаларына талдау жүргізілді және т.б.

2. Әуе кемесі туралы негізгі мәліметтер

____________________________________________________________ тиесілі,
(ұйымның – әуе кемесі иесінің атауы)

___________________________________________________ ұшағы (тікұшағы)
(үлгісі, мемлекеттік есептегі және зауыттық нөмірі)

_____________________________________________ ұйымында ұшуды орындады,

(ұйымның атауы)

______________________________________________________________ шығарылды

(кәсіпорынның атауы, шығарылған күні)

және пайдаланылғаннан бастап ______ сағат _____________ минут ұшты.

Соңғы рет жөндеу жүргізілгеннен кейін __________сағат ___________ минут ұшты,

_______________________________________ қонды. Соңғы жөндеу жұмыстарын

_____________________________________________________________ жүргізді.

(кәсіпорынның атауы, жөндеу жүргізілген күн)

Мынадай белгіленген ресурстары мен қызмет ету мерзімдері бар:

жалпы (есептен шығарылғанға дейін) ___ сағат, __ жыл ішінде __ қонды,

бірінші жөндеу жүргізілгенге дейін ___ сағат, __ жыл ішінде __ қонды;

жүргізілген жөндеу аралығында ___ сағат, ____ жыл ішінде _____ қонды.

_________________________________________________________________ берген

(куәлік берілген күн және берген ұйымның атауы)

мемлекеттік тіркеу туралы № _____________________ куәлік

_________________________________________________________ дейін жарамды.

(куәліктің қолданылу мерзімінің аяқталу күні)

(Қажет болған жағдайда істен шыққан әрбір қозғалтқыш (агрегат) бойынша ұқсас деректер келтіріледі.

_____________________________________ ұйымы ұшаққа (тікұшаққа) мынадай

техникалық қызметтер көрсетті (регламенттік жұмыстар) ______________,

___________________________________________________________________________

(соңғы көрсетілген техникалық қызмет түрінің атауы, күні )

содан кейін ұшақ (тікұшақ) __________ сағат ___________ мин. ұшты және _ _____________ қонды.

Соңғы ұшу алдында _____________ ұшақ (тікұшақ) _______________________

(күні)

____________________________ ұшу дайындығынан өтті.

(ұйымның атауы)

3. Авиациялық оқиға болған жердің сипаттамасы

Авиациялық оқиға болған жердің сипаттамасы беріледі. Әуе кемесінің жермен ең бірінші жанасқан орны немесе кедергілері, әуе кемесінің бөліктері шашылған аймақтың көлемі мен бағыты, жердегі өрттің орналасу аймағы көрсетіледі. Құрылымның негізгі элементтерінің орналасуы бойынша қысқаша сипаттама беріледі.

Әуе кемесінің жермен немесе кедергілермен соқтығысу сипаты, құрылымның жалпы бұзылу сипаты беріледі. Осы деректерді, сондай-ақ объективтік бақылаудың борт құралдары жазбасының талдауын пайдалана отырып, жермен немесе кедергілермен соғылу сәтіндегі әуе кемесінің кеңістіктегі орны анықталады. Оқиға болған сәттегі әуе кемесінің конфигурациясы көрсетіледі.

4. Талдау

Инженерлік-техникалық кіші комиссия есебінің негізгісі болып табылатын осы бөлімде авиациялық техниканың жұмыс қабілеттілігі, істен шығу жағдайлары және олардың себептері, әуе кемесінің техникалық пайдаланылу сапасы туралы қорытындылардың мейлінше толық негіздемесі жазылады, кіші комиссияның жұмыс тобы (қажет болса басқа да кіші комиссияның деректері пайдаланылады) берген нәтижелер жинақталады.

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) авиациялық техниканың жұмыс қабілеттілігіне әсер еткен барлық кемшіліктер мен бұзушылықтарды көрсете отырып, әуе кемесінің ұшуға дайындығының қысқаша сипаттамасы (соңғы көрсетілген техникалық қызмет түрлерін және ұшу дайындықтарын қоса алғанда);

2) барлық өзгешеліктері мен ауытқушылықтарын көрсете отырып, ұшу кезінен бастап ерекше жағдай басталғанға дейінгі авиациялық техника жұмысының қысқаша сипаттамасы;

3) істен шығулардың жүйелілігін, өзара байланысын және себептерін (егер орны болса) талдай отырып, ерекше жағдайдың туындау және өрбу кезіндегі авиациялық техника жұмысының толық сипаттамасы;

4) негізгі функционалды жүйелер бойынша (планер, басқару жүйесі, отын жүйесі, гидравликалық жүйе, ауаны баптау және тіршілікпен қамтамасыз ету жүйесі, мұздануға қарсы жүйе, күш түсетін қондырғылар, авиациялық және радиоэлектрондық жабдық, еріксіз шығу жүйесі) авиациялық техниканың жұмыс қабілеттілігіне толық талдау.

Істен шығулар болмаған жағдайда әрбір функционалды жүйенің жұмысқа қабілеттілігі дәлелденеді, ал істен шығулар анықталса олардың себептеріне толық талдау жасалады. Егер авиациялық оқиға өрттің шығуымен байланысты болса, оның шығу себептеріне, өрт шыққан жердің сипатына және негізгі белгілеріне талдау жүргізіледі.

Егер кіші комиссия жұмыс барысында істен шығулар әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету (жөндеу) кезінде жіберілген кемшіліктерден болғанын анықтаса, осы кемшіліктердің сипаттамасы, қажет болса әуе кемесін жөндеген немесе қызмет көрсеткен және оны ұшуға дайындаған мамандар туралы мәліметтер беріледі.

5. Қорытындылар

Соңғы ұшу кезіндегі авиациялық техниканың жұмыс қабілеттілігіне қысқаша баға беріледі. Істен шығулар болған жағдайда олардың себептері, пайда болу жүйелілігі және өзара байланысы көрсетіледі.

Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасына қысқаша баға беріледі.

6. Әуе кемесінің жағдайы

Авиациялық оқиғадан кейін әуе кемесінің функционалды жүйелерінің жағдайына қысқаша сипаттама беріледі.

7. Тексеру кезінде табылған басқа да кемшіліктер

Тексеру барысында анықталған ұшу нәтижесіне тікелей әсер етпейтін, бірақ ұшу қауіпсіздігіне толығымен кері әсерін тигізетін әуе кемесін құрастыру, өндіру , жөндеу және техникалық қызмет көрсету, тиісті қызмет персоналын дайындау кезіндегі барлық кемшіліктер көрсетіледі.

8. Ұсыныстар

Инженерлік-техникалық кіші комиссияның (орындаушыларын және орындау мерзімін көрсетпестен) анықталған кемшіліктерді жоюға арналған ұсыныстары, оның ішінде:

ұшу нәтижесіне әсер ететін кемшіліктерді жоюға арналған ұсыныстар;

ұшу нәтижесіне әсер етпейтін, бірақ ұшу қауіпсіздігіне толығымен кері әсерін тигізетін кемшіліктерді жоюға арналған ұсыныстар беріледі.

Кіші комиссия төрағасы ____________________________________

(қолы, т.а.ә.)

Кіші комиссия мүшелері: __________________________________________

(қолы, т.а.ә.)

1-нысан

**Борттық өздігінен жазғышты (магнитофонды)**
**табу және алу**
**АКТІСІ**

Мына құрамдағы комиссия: ______________________________________

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

______________________________________________________________________
__

________________________ ӘК болған авиациялық оқиғаны тексеру кезінде

(үлгісі, нөмірі)

оқиға болған жерден өздігінен жазғыш құралдың (магнитофонның) контейнерін (конструкция элементтерін) тапты ________________________.

(өздігінен жазғыштың, магнитофонның үлгісі)

Құралдың жағдайы (бұзылған жері, зауыт нөмірі, егер болса пломбы нөмірі көрсетіледі)

______________________________________________________________________
___

______________________________________________________________________
___

Өздігінен жазғыштың (магнитофонның) контейнері (ақпарат тасығыш) оқиға болған жерден алынып, ___________________________________________

оттискісі бар комиссия мөрімен пломбаланды және _______________________
____________________________________ тапсырылды.

Өздігінен жазғыштың контейнерін Өздігінен жазғыштың контейнерін

тапсырған:____________________ қабылдаған:____________________

(қолы, тегі, аты-жөні, күні) (лауазымы, қолы, аты-жөні,тегі күні)

Авиациялық оқиғалар мен авиациялық
инциденттерді тексеру қағидасына
21-қосымша

## Әкімшілік кіші комиссияның негізгі міндеттері, есеп беру нысаны, сондай-ақ әкімшілік кіші комиссияның басқа да құжаттарының нысандары

1. Әкімшілік кіші комиссияның негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) әуе кемесінің бортында болған жолаушылардың мерт болу, жарақаттану және денсаулығына басқа да зақым алу себептерін анықтау;

2) әуе кемесінің бортына тиелген коммерциялық жүктің саны мен сипатын белгілеу, олардың дұрыс орналасуын, оралуы мен бекітілуін анықтау, тиеу, орталықтандыру және бекіту нормаларынан ауытқушылықтарды анықтау;

3) әуе кемесінің бортында қауіпті жүктердің, тасымалдауға тыйым салынған заттар мен бұйымдардың болуын анықтау, жолаушылармен бірге болған заттарды, багажды және жолаушылардың жеке басын тексеру (ішкі істер органдарымен бірлесіп) ережелерін бұзушылықтарды белгілеу;

4) авиациялық оқиға кезінде қаза болған жолаушыларды тану (ішкі істер органдарымен бірлесіп);

5) зардап шеккендерге және олардың туыстарына көмек көрсету бойынша іс-шаралар өткізу, талап-өтініштерді қанағаттандыру (материалдық-техникалық қамтамасыз ету тобымен бірлесіп);

6) авиациялық оқиғадан келтірілген зиянды белгілеу;

7) оқиғаның салдарын жою.

2. Әкімшілік кіші комиссияға мыналар жатады: жолаушылар тобы, пошта-жүк тобы, медициналық топ, зардап шеккендер мен олардың туыстарына көмектесетін топ.

3. Жолаушылар тобы келесі функцияларды орындайды:

1) әуе кемесінің бортында болған жолаушылардың нақты санын, олардың тасымалдау құжаттамасына сәйкес болуын белгілейді;

2) бортта ресімделмеген жолаушылардың болғаны анықталса, бұзушылыққа және қателікке жол берген нақты тұлғаларды белгілейді;

3) ішкі істер органдарымен бірлесіп зардап шеккендердің туыстарын іздестіруді ұйымдастырады және оларға болған оқиға жайында хабарлайды;

4) ішкі істер органдарымен бірлесіп қаза болған және дене жарақаттарын алған жолаушылар мен басқа тұлғаларды тану;

5) әуе кемесінің бортында жолаушылардың орналасу орындарын анықтайды;

6) әуе кемесінің бортында коммерциялық тиелімнің дұрыс орналасуын анықтайды;

7) жолаушылармен бірге болған заттарды, багажды және жолаушылардың жеке басын тексеруден өткізу тәртібін, олардың басшылық құжаттарына сәйкестігін тексереді (ішкі істер органдарымен бірлесіп).

4. Жұмыстың қорытындысы бойынша жолаушылар тобы есеп жасайды және онда мына мәліметтер көрсетіледі:

1) оқиға салдарынан алған зардаптарын көрсете отырып, әуе кемесінің бортында болған жолаушылардың, оның ішінде ересектер мен балалардың жалпы саны;

2) ресімделмеген жолаушылардың болуы және олардың саны, бортта ресімделмеген жолаушылардың болуына мүмкіндік тудырған нақты лауазымды тұлғалардың бұзушылықтар мен қателіктерге жол беру себептері;

3) авиациялық билеттер мен басқа да тасымалдау құжаттарын ресімдеудегі кемшіліктер;

4) жолаушылардың өздерімен болған заттарын, багажын және жолаушылардың жеке басын тексеру кезіндегі кемшіліктер;

5) жалпы коммерциялық жүк тиеу, тексеру кезінде анықталған шекті тиеу және орталықтандыру нормаларынан ауытқушылықтар.

5. Есепке қосымша мына құжаттар беріледі:

1) азаматтығын көрсете отырып, әуе кемесінің бортында болған жолаушылардың тізімі;

2) авиациялық оқиғаның салдарынан мерт болған және дене жарақаттарын ( олардың ауыртпалығын көрсете отырып) алған жолаушылар мен басқа да тұлғалардың тізімі осы Қосымшаның 2, 3 нысандарына сәйкес ресімделеді;

3) жиынтық тиеу ведомосы және орталықтандыру кестесі;

4) тиеу сызбасы;

5) ресімделмеген жолаушылардың болғаны немесе ресімдеу және тексеру ережелерін бұзушылықтар анықталған жағдайда, жолаушыларды тіркеу ведомосы, авиабилеттердің бақылау талондары (қажет болса билеттердің көшірмелері), тексеру карталары қоса беріледі;

6) ауысым бастығының, тіркеу, құжаттарды ресімдеу, тексеру жөніндегі кезекшілердің, орталықтандыру және тиеу жөніндегі диспетчерлердің, багаж тиеушілердің және қажет болса басқа да тұлғалардың түсініктемелері.

6. Пошта-жүк жөніндегі топ келесі функцияларды орындайды:

1) әуе кемесінің бортында болған жүктің, поштаның, багаждың және жолаушылармен бірге болған заттардың нақты санын және олардың тасымалдау құжаттарына сәйкестігін белгілейді;

2) пошта, жүк, багаж және жолаушылармен бірге болған заттар орналасқан барлық жерлерді ашып, тексереді, сондай-ақ, бағалы болып табылуына қарамастан поштаның, жүктің, багаждың және жолаушылармен бірге болған заттардың жағдайын, олардың одан әрі пайдалануға және иелеріне қайтарып беруге жарамдылығын анықтайды және тиісті акт жасайды. Ашып және тексеру үшін прокуратура және ішкі істер органдары өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен арнайы қосымша топ белгіленеді;

3) коммерциялық жүкті тиеу орындарында қауіпті және тасымалдауға тыйым салынған заттар мен бұйымдардың болуын анықтайды. Ондай заттар табылған жағдайда лауазымды тұлғалардың бұзушылықтары мен қателіктерін немесе басшылық құжаттардың кемшіліктерін белгілейді;

4) оқиға болған жерде коммерциялық жүкті, жолаушылардың жеке заттарын, бағалы бұйымдары мен құжаттарын жинақтайды. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп оларды қарайды және сақтап қояды;

5) ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен осы Қосымшаның 8 нысаны бойынша акті жасай отырып, жарамсыз болған коммерциялық жүктің қалдықтарын жояды.

7. Пошта-жүк жөніндегі топ жұмысының нәтижесі бойынша есеп жасалады және онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) әуе кемесінің бортында болған жүктің, поштаның, багаждың және жолаушылармен бірге болған заттардың нақты саны;

2) авиациялық оқиғадан кейінгі жүктің, поштаның, багаждың және жолаушылармен бірге болған заттардың жалпы жағдайы;

3) коммерциялық тиеу орындарында қауіпті және тасымалдауға тыйым салынған заттар мен бұйымдардың болуы;

4) әуе кемесінің бортында жүкті, багажды, поштаны және жолаушылармен бірге болған заттарды (массасын көрсете отырып) орналастыратын орынның болуы;

5) тексеру барысында анықталған, жүкті, поштаны, багажды және жолаушылармен болған заттарды қабылдау, ресімдеу, тексеру, орау және әуе кемесінің бортындағы коммерциялық тиеу орындарына орналастыру кезінде жіберілген барлық кемшіліктер мен бұзушылықтар.

Топтың есебіне мына құжаттар қоса беріледі: осы Қосымшаның 4, 6, 7 нысандары бойынша актілер, пошта-жүк ведомосы, пошта-жүк құжаттамалары, жүктің ерекшелігі туралы анықтама, жүк қызметіндегі жұмыскерлердің түсіндірме жазбалары.

8. Медициналық топ келесі функцияларды орындайды:

1) прокуратура және ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен зардап шеккен, мерт болған адамдарды іздестіру және оларды оқиға болған жерден көшіру жұмыстарын орындайды;

2) мерт болу себебін, сондай-ақ, дене жарақаттары мен денсаулығына келген басқа да залалдың себептері мен сипатын анықтау үшін, прокуратура органдарымен бірлесе отырып қайтыс болған жолаушылардың мүрделеріне сот-медициналық және басқа да арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізеді;

3) прокуратура органдарымен бірлесіп мерт болғандарды тану жұмыстарын жүргізеді, қажет болса кремация жасау жөнінде ұсыныс жасайды;

4) әуе кемесі құрылымының, ұшу жағдайының, құтқару құралдары мен әдістерінің авиациялық оқиға кезінде жолаушылардың тірі қалуына әсерін, алған жарақаттарының сипатын анықтайды;

5) мүрделерге жүргізілген сот-медициналық зерттеудің негізінде әуе кемесінің бортында болған жолаушыларды сәйкестендіреді;

6) авиациялық оқиғадан зардап шеккен жолаушылардың денсаулық жағдайын , олардың ауруханаға жатқызылған жерлерін, емделу жолын бағалайды;

7) авиациялық оқиға болған жерлерге санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу жөнінде тапсырма береді.

Топтың есебіне осы Қосымшаның 5 нысаны бойынша алған жарақаттарының ауыртпалығы мен себептерін көрсете отырып жолаушылардың әуе кемесінің бортында орналасу сызбасы және авиациялық оқиға болған жерлерді жөндеу және санитарлық тазалау кезінде жүргізілген жұмыстардың тізбесі қоса беріледі.

9. Зардап шеккендерге және олардың туыстарына көмектесетін топ келесі функцияларды орындайды:

1) мерт болғандарды жерлеу (кремациялау) бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

2) жолаушылардың мерт болуына қатысты қажетті құжаттарды беруді ұйымдастырады (қайтыс болуы туралы куәлік, қайтыс болуы туралы анықтама және т.б.);

3) талап-арыздарды қанағаттандыру және болған оқиғаға қатысты басқа да мәселелерді шешу бойынша зардап шеккендердің туыстарына заңға байланысты консультациялар береді;

4) прокуратура органдарының рұқсатымен сақталып тұрған жүкті, поштаны, багажды, жолаушылардың жеке заттарын, бағалы бұйымдары мен құжаттарын ( заттардың кімге тиесілі екені анықталғаннан кейін) береді.

Жұмыс аяқталысымен топ мүшелері есеп жасайды және онда өткізілген іс-шаралар мен олардың нәтижелері көрсетіледі.

Топ өз істерін әкімшілік кіші комиссияның төрағасымен үйлестіреді.

10. Жолаушылардың мерт болғаны немесе олардың дене жарақаттарын алғаны туралы құжаттар әуе кемесін пайдаланатын азаматтық авиация ұйымының басшысына қол және мөр қою үшін беріледі.

11. Сақталып тұрған жүкті, поштаны, багажды, жолаушылардың жеке заттарын, бағалы бұйымдары мен құжаттарын беру немесе жарамсыз болып қалған коммерциялық жүктердің қалдықтарын жоюды азаматтық авиация ұйымы прокуратура органдарының рұқсатымен ғана тексеру жүргізілген базада жүзеге асырады.

12. Жұмыстардың нәтижелері бойынша әкімшілік кіші комиссия осы Қосымшаға сәйкес есеп жасайды және онда жұмыс топтарының материалы талданады, ұшуды тасымалдауды ұйымдастыру қызметімен қамтамасыз ету сапасы, бұзушылықтардың болуы және себебі туралы қорытындылар жасалады, сондай-ақ тексеру кезінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар беріледі.

13. Әкімшілік кіші комиссияның есебіне әкімшілік кіші комиссияның құрамына кіретін жұмыс топтарының есептері және әкімшілік кіші комиссия мен жұмыс тобы мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

Комиссия отырысында қаралды

20__ жылғы "___" __________________

№ ___________ хаттама

**Әкімшілік кіші комиссияның есебі**

__________________________________________________ ұшағымен ( тікұшағымен)

(үлгісі, мемлекеттік есептегі және зауыт нөмірлері, тиесілігі)

_________________________________________________________________ болған

(оқиғаның болған күні және орны)

_______________________________________________________________________

(авиациялық оқиғаның түрі)

1. Кіші комиссия орындаған негізгі жұмыстар

Қоса берілген есеп құжаттарын көрсете отырып, әкімшілік кіші комиссия орындаған негізгі жұмыстардың толық тізбесі беріледі.

2. Талдау

Осы бөлім кіші комиссия есебінің негізгі бөлімі болып табылады және тасымалдауды ұйымдастыру қызметінің, іздестіру және апаттан құтқару қызметінің персоналы жүзеге асырған іс-әрекеттердің дұрыстығы (егер іздестіру және апаттан құтқару жұмыстарының тобы кіші комиссияның құрамына енгізілсе), сондай-ақ авиациялық оқиға кезінде әуе кемесіндегі жолаушылардың аман қалуы туралы қорытындыларды толық дәлелдеуі керек.

Сипаттама түрінде жасалатын бөлімде мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

әуе кемесінің бортындағы жолаушылардың, оның ішінде оқиға салдарынан алған зардаптарының ауыртпалығын (оның ішінде өлім қаупін тудыратын, айтарлықтай қауіпті, қаупі шамалы) көрсете отырып, ересектер мен балалардың жалпы саны;

әуе кемесінің бортындағы жүктің, багаждың және қол жүгінің жалпы саны, олардың авиациялық оқиғадан кейінгі жағдайы;

коммерциялық жүктің жалпы накты саны және оның тасымалдау құжаттарына сәйкестігі;

коммерциялық жүктің саны, оның орналастырылуы мен бекітілуі тиеу және орталықтандыру нормаларына сәйкес болуы;

әуе кемесінің бортында қауіпті жүктердің болуы және сипаты;

әуе кемесінің бортында ресімделмеген жолаушылардың болуы;

тиеу және орталықтандыру нормаларынан ауытқушылықтар, ресімдемеген жолаушылардың немесе қауіпті жүктердің болуы анықталса, осындай жағдай туғызған тасымалдауды ұйымдастыру қызметінің лауазымды тұлғалары толық сипатталады;

қате іс-әрекеттердің талдануы және себептерінің дәлелденуі;

қайтыс болу себептерін және алған жарақаттарының сипатын көрсете отырып , ерекше жағдайдың туындау және өрбу барысында, жерге қону сәтінде (жермен

соқтығысқан кезде), авиациялық оқиғадан кейін әуе кемесінен көшіру кезінде қайтыс болған және дене жарақаттарын алған (алған жарақаттарының ауыртпалығын көрсете отырып) жолаушылардың саны және олардың азаматтығы ;

жолаушылардың аман қалуына кері әсер еткен немесе жарақат алуына себеп болған әуе кемесі құрылымы ерекшеліктерінің, ұшу жағдайының, құтқару құралдары мен әдістерінің сипаттамасы;

авиациялық оқиға кезінде зардап шеккен жолаушылардың денсаулық жағдайы, емделуі.

Егер әкімшілік кіші комиссияның құрамына іздестіру және апаттан құтқару жұмыстарының топтары кірсе, онда талдауда қосымша іздестіру және апаттан құтқару қызметтерінің іс-әрекеттері толық сипатталады және барлық анықталған бұзушылықтарды, қателіктер мен кемшіліктерді көрсете отырып, олардың іс-қимылдарының дұрыстығына, іздестіру және апаттан құтқару жұмыстарының тиімділігіне баға беріледі.

Талдау барысында оны түсінуге және дәлелдеуге қажетті барлық нақты ақпарат беріледі.

3. Қорытындылар

Мыналар туралы қысқаша қорытынды беріледі:

1) қызметтік жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру және орындау бойынша лауазымды тұлғалар мен экипаж мүшелерінің іс-әрекеттерінің дұрыстығы;

2) адамдардың жарақаттану немесе мерт болу себептері, олардың аман қалуына әуе кемесі құрылымы ерекшеліктерінің, құтқару құралдары мен әдістерінің, ұшу жағдайының әсер етуі;

3) іздестіру-құтқару жұмыстарының тиімділігі (егер әкімшілік кіші комиссияның құрамына іздестіру және апаттан құтқару жұмыстарының тобы кірсе).

4. Зерттеу кезінде анықталған басқа да кемшіліктер

Қызметтік жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және орындау кезіндегі, ұшу нәтижесіне тікелей әсер етпеген, бірақ ұшу қауіпсіздігіне толығымен кері әсер ететін лауазымды тұлғалар мен экипаж мүшелерінің іс-әрекеттеріндегі барлық кемшіліктер көрсетіледі. Егер әкімшілік кіші комиссияның құрамында іздестіру-құтқару жұмыстарының тобы болса, онда іздестіру және апаттан құтқару қызметтерінің жұмысындағы кемшіліктер көрсетіледі.

5. Ұсынымдар

Әкімшілік кіші комиссияның анықталған кемшіліктерді жоюға арналған ұсыныстары беріледі (орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілмейді), оның ішінде:

ұшу нәтижесіне әсер еткен кемшіліктерді жоюға арналған ұсыныстар;

ұшу нәтижесіне тікелей әсер етпеген, бірақ ұшу қауіпсіздігіне толығымен әсер ететін кемшіліктерді жоюға арналған ұсыныстар.

Кіші комиссияның төрағасы ___________________________________

(қолы, т.а.ә.)

Кіші комиссияның мүшелері:__________________________________

(қолы, т.а.ә.)

2-нысан

Әкімшілік кіші комиссия құжаттарының

нысандары

20___жылғы "____"_____________ ____________________________________

(оқиға болған жер)

____________________________________________________________ ауданында

____________________________________________ ұшағымен (тікұшағымен)

(үлгісі, таным белгісі)

болған авиациялық оқиға кезінде қайтыс болған жолаушылардың

және басқа да тұлғалардың

ТІЗІМІ

| р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты | Авиабилет беруге негіз болған құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні | Авиабилеттің нөмірі, берілген жері, әуе кемесінің бортынан алған орны | Қайдан және қай жаққа бағыт алды | Мамандығы, лауазымы, жұмыс орны, кәсіпорынның (мекеменің) мекен-жайы | Тұрғылықты мекен-жайы | Сот-медициналық зерттеу актісі-не сәйкес қайтыс болу себебі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Әкімшілік кіші комиссияның төрағасы __________________________

(қолы, тегі, аты-жөні, күні)

3-нысан

**20 ___ "_____"_____________ __________________________________**

(оқиға болған жер)

__________________________________ ұшағымен (тікұшағымен) болған

(үлгісі, танылым белгісі)

авиациялық оқиға кезінде

**дене жарақаттарын алған жолаушылардың және басқа да тұлғалардың ТІЗІМІ**

| р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған жылы | Авиабилеттің нөмірі, берілген жері, борттағы орны | Қайдан және қай жаққа бағыт алды | Мамандығы, лауазымы, жұмыс орны, кәсіпорынның (мекеменің) мекен-жайы | Тұрғылықты мекен-жайы | Дәрігердің диагнозы. Дененің зақымдану дәрежесі (айтарлықтай қауіпті, аса қауіпті емес) | Дене жарақатын алу себебі, көзі | Қандай көмек көрсетілді (ауруханаға, тұрғылықты жеріне және т.б. жіберілді) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Әкімшілік кіші комиссияның төрағасы ______________________________
(қолы, тегі, аты-жөні, күні)

4-нысан

**Авиациялық оқиға болған жерден табылған құжаттар, құндылықтар және ақша бойынша АКТІ**

______________________________ ____________________________________
_
(акті жасалған орын) (күні)

Мына құрамдағы комиссия:___________________________________________
__
(лауазымы, тегі, аты-жөні)

___________________________________________________________________
___
және ІІМ өкілі ______________________________________________________
(лауазымы, тегі, аты-жөні)

___________________________________________________________________
___
(оқиға болған күн)

___________________________________________________________________
___
(әуе кемесінің үлгісі, таным белгісі)

авиациялық апат болған жерден табылған құжаттар, құндылықтар, ақша бойынша осы актіні жасады.

| | | | |
|---|---|---|---|

| р/с № | Орамаының жалпы жағдайы | Тиесілігі (тегі, аты, әкесінің аты) | Атауы және жағдайы (сынған, күйген және т.б.) | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Құжаттар (сериясы, нөмірі) | Құндылықтар (дана) | Ақша (купюр) құны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Қолы, тегі, аты-жөні ___________________________

5-нысан

Жолаушылардың әуе кемесінде орналасу

СХЕМАСЫ

Авиациялық апатқа ұшыраған әуе кемесінің жинақты сызбасы келтіріледі, сызбада әрбір жолаушының орны, қайтыс болған және дене жарақатын алған жолаушылардың тізімі бойынша нөмірлері беріледі, келесі шартты белгілерге сәйкес әрбір жолаушының алған зардабы көрсетіледі:

- зиян келмеген;
- авиациялық оқиға кезінде дене жарақаттарын алды;
- көшіру барысында дене жарақаттарын алды;
- авиациялық оқиға кезінде қайтыс болды (немесе алған жарақаттарынан қайтыс болды);
- көшіру кезінде қайтыс болды (немесе алған жарақаттарынан қайтыс болды).

Мысал:

Жолаушылар тізімі бойынша бос орындар

нөмірлер

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 63 | 83 | | 1 | 9 | | | | 12 | 11 |
| | | | | | | | | | | |
| 2 | 4 | 7 | | 5 | 10 | | 14 | | | |

6-нысан

Әуе кемесіне коммерциялық тиеу жағдайы және салмағы туралы

АКТІ

_________________________ _________________

(акті жасалған орын) (күні)

Мына құрамдағы комиссия:___________________________________________
__

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

және ІІМ өкілі_______________________________________________________
_

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

______________________________авиациялық апатқа ұшыраған әуе кемесінің

(оқиға болған орын және күні)

коммерциялық тиелу жағдайын тексерді және әуе кемесіне коммерциялық тиеу жағдайы туралы келесі деректерді белгіледі.

**Коммерциялық тиеудің жалпы жағдайы**

_____________________________________________________________________

(орын саны, багаждың, қол жүгінің, жүктің, поштаның массасы)

Оқиға болған жерден табылған жолаушылардың жеке заттарының тізімі

| р/с № | Заттардың атауы (Түсі, материалы, формасы, көлемі және басқа да белгілері көрсетіледі) | Саны | Салмағы | Қандай жағдайда (қалыпты, кейбір жерлері бүлінген, толығымен бұзылған, жанып кеткен және т.б.) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Жүк

| | Құжат бойынша | | | | | | Нақты болғаны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/с № | Жүк түбіртегінің нөмірлері | Жүктің атауы, алушы | Орын саны | Ораманың атауы | Салмағы, кг. | Жарияланған құндылықтар сомасы | Орын саны | Салмағы, кг | Әр жөнелтілім бойынша жеке әрбір бөлігінің оралу жағдайы (бір бөлігі немесе толығымен бұзылған, жанып кеткен) | Әуе кемесінде орналасқан орны |

Пошта

| | Құжат бойынша | | | | | | Нақты болғаны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/с № | Пошта құжатта-масының нөмірлері | Ораманың атауы (қап, сәлемдеме, пакет) | Жеткізу пункті | Орын саны | Салмағы, кг. | Жарияланған құндылықтар сомасы | Орын саны | Салмағы, кг. | Әр орама бойынша жеке-жеке әрбір бөлігінің оралу жағдайы (бір бөлігі немесе толығымен бұзылған, жанып кеткен) | Әуе кемесінде орналасқан орны |

Багаж және қол жүгі

| р/с № | Құжат бойынша | | | | | | Нақты болғаны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Багаж түбіртектерінің (билеттің) нөмірлері | Багаж иесінің тегі | Багаж | | | Жолаушылармен бірге болған заттар | Багаж | | Жолаушылармен бірге болған заттар | Ә р жөне бойь жеке әрбі бөлі орал жағд жара бүлі жарт толы ), сы жанı кетк |
| | | | Орын саны | Салмағы, кг. | Жарияланған құндылық сомасы | Салмағы, кг. | Орын саны | Салмағы, кг. | Салмағы, кг. | |

Қолы

**7-**нысан

Багажды, қол жүгін, пошта мен жүкті ашып қарау және

бүлінген жерлерін тексеру туралы

акті

________________________ ______________

(акті жасалған орын) (күні)

Біз, төменде қол қойғандар _______________________________________

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

ІІМ өкілі______________________________________________ қатысуымен

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

_________________________________________ авиациялық апатқа ұшыраған

(оқиға болған орын, күні)

________________________ ұшақтың (тікұшақтың) коммерциялық тиелуінің

(үлгісі, танылым белгісі)

бүлінген жерлерін ашып қарадық.

Нәтижесінде мыналар анықталды:

Багаж

| Багаж түбіртегінің (билеттің) нөмірі | Багаж иесінің тегі | Орау түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы ( қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|---|

Жолаушылардың өздерімен бірге болған заттары

| Иесінің тегі | Орау түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|

Пошта

| № | Пошта-жүк құжаттамасының, таңбалану нөмірі | Поштаның тиесілігі | Жөнелту пункті | Жеткізу пункті | Орау түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

**Жүк**

| № | Жүк құжаттамасының, таңбалану нөмірі | Жүктің тиесілігі | Жөнелту пункті | Жеткізу пункті | Орама түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Қолы:_______________________

8-нысан

Коммерциялық тиеу қалдықтарын жою туралы

акті

_____________________ ______________

(акті жасалған орын) (күні)

Мына құрамдағы комиссия ___________________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

және ІІМ өкілі______________________________________________________

(лауазымы, аты-жөні, тегі)

20____жылы ________________________________ авиациялық апатқа ұшыраған

________________________________________ ұшақтың (тікұшақтың)

(үлгісі, танылым белгісі)

коммерциялық тиеу қалдықтарын жою туралы осы актіні жасады. Бортта болған ____________________________________________________________

(багаж, пошта және қол жүгі)

___________________________________________________________________

(орны, салмағы)

_______________________________________________ бұдан әрі пайдалануға

(сынған, жанып кеткен, ЖЖМ және т.б. былғанған)

жарамсыз болғандықтан, олар өртеп жіберілді.

Комиссия мүшелері: _____________________________________________

(қолы, тегі, аты-жөні)

ІІМ өкілі: ___________________________________________

(қолы, тегі аты-жөні)

Багаж және қол жүгі

| | | | |
|---|---|---|---|

| р/с № | Құжаттар бойынша | | | | | | Нақты болғаны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Багаж түбіртегінің (билеттің) нөмірі | Багаж иесінің тегі | Багаж | | | Жолаушымен болған заттар, массасы, кг. | Багаж | | Жолаушымен болған заттар, масса-сы, кг. | Әр жөнелтілім бойынша жеке әрбір бөлігінің оралу жағдайы: қалыпты, бүлінген (жартылай, толығымен), сынған, жанып кеткен | Әуе кемесінде орналасқан орны |
| | | | Орын саны | Масса-сы, кг. | Жарияланған құндылық сомасы | | Орын саны | Салмағы, кг. | | | |

Қолы

9-нысан

**Багажды, қол жүгін, пошта мен жүкті ашып қарау және бүлінген жерлерін тексеру туралы**

**акті**

________________________ _______________

(акті жасалған орын) (күні)

Біз, төменде қол қойғандар _______________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

ІІМ өкілі _______________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

қатысуымен ____________________________________________ авиациялық

(оқиға болған жер, күні)

апатқа ұшыраған __________________________________________________

(үлгісі, таным белгісі)

ұшақтың (тікұшақтың) коммерциялық тиеу орындарының бұзылған жерлерін ашып қарадық.

Нәтижесінде мыналар анықталды:

Багаж

| Багаж түбіртегінің (билеттің) нөмірі | Багаж иесінің тегі | Орау түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|---|

Жолаушылардың өздерімен бірге болған заттары

| Иесінің тегі | Орау түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|

Пошта

| | | | | | | | Ашып қарау кезінде | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| № | Пошта-жүк құжаттамасының, таңбалану нөмірі | Пошта-ның тиесілігі | Жөнелту пункті | Жеткізу пункті | Орау түрі | табылған заттардың атауы | бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Жүк

| № | Жүк құжаттамасының, таңбалану нөмірі | Пошта-ның тиесілігі | Жөнелту пункті | Жеткізу пункті | Орау түрі | Ашып қарау кезінде табылған заттардың атауы | Ашып қарау кезінде табылған заттардың жағдайы (қалыпты, бүлінген, жарамсыз болып қалған) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Қолы:_______________________

10-нысан

Коммерциялық тиеу қалдықтарын жою туралы
акті

_________________________ ______________

(акт жасалған орын) (күні)

Мына құрамдағы комиссия: __________________________________________
_

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

___________________________________________________________________
__

және ІІМ өкілі _____________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

___________________________________________________________________
__

20___ жылғы _____ _______________________ авиациялық апатқа ұшыраған
_____________________________________________ ұшақтың (тікұшақтың)

(үлгісі, танылым белгілері)

коммерциялық тиеу қалдықтарын жою туралы осы актіні жасады. Бортта болған ____________________________________________________________

(багаж, пошта және

_____________________________________________________________________

қол жүгі) (орны, салмағы)

_________________________________________________________________,

(сынған, жанып кеткен, ЖЖМ және т.б. былғанды)

бұдан әрі пайдалануға жарамсыз болғандықтан, олар өртеп жіберілді.

Комиссия мүшелері: __________________________________________

(қолы, тегі, аты-жөні)

ІІД өкілі: __________________________________________

(қолы, тегі, аты-жөні)

11-нысан

Авиациялық оқиға болған жердегі жұмыстарды тоқтату туралы акті

_________________________ ________________

(акті жасалған орын) (күні)

____________________________________________ ұшағымен (тікұшағымен)

(үлгісі, танылым белгісі)

болған авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияның авиациялық оқиға болған жердегі жұмыстарды тоқтату туралы шешіміне сәйкес, кіші комиссия мүшелері _____________________________________________________

(кіші комиссия мүшелері, аты-жөні)

прокуратура қызметкерлері _____________________________________________

__________________________________________________________қатысуымен

(лауазымы, тегі, аты-жөні көрсетіледі)

авиациялық оқиға болған жерді қарап шығып және ұшақтың (тікұшақтың) сынықтары жиыстырылғанын, құрылыстар мен ғимараттардың бұзылулары жойылғанын, жергілікті жердің санитарлық өңдеуден өткенін белгіледі.

_____________________________________________________

(қолы, тегі, аты-жөні)

Авиациялық оқиғалар мен
авиациялық инциденттерді
тексеру қағидасына
22-қосымша

Орындаушы кәсіпорынның басшысы

________________ _______________

(Т.А.Ә.) (қолы)

"______"________________ 20 ж.

Зерттеу нәтижелері бойынша есептің нысаны және зерттеуге арналған объектілерді іріктеу және буып орау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

_____________________________________________________________________

_____________________________________ зерттеу нәтижелері

(зерттелетін объектінің толық атауы көрсетіледі)

бойынша

**1. Зерттеу объектісі**

(жақшада зерттеу объектісі туралы мәліметтің келтірілуіне негіз болатын құжаттың атауы, құжаттың шығыс нөмірі және күні келтіріледі)

_____________________________________________________________________

Бөлімде мына мәліметтер келтіріледі:

зерттеу объектісінің атауы, қайда келіп түсті, ұшақ (тікұшақ) үлгісі;

зауыт нөмірі, дайындаған зауыт және авиатехниканы дайындау күні;

пайдалану ұзақтығы (жалпы жұмыс істеуі, соңғы жөндеуден кейін жұмыс істеуі, регламенттеу жұмыстарын орындағаннан кейін жұмыс істеуі).

Мақсатқа лайықты болған жағдайда зерттеу басталған кездегі объектінің суреті беріледі.

**2.** Істен шығу, бұзушылық анықталған жағдайлар

(жақшада істен шығу жағдайлары туралы мәліметтердің келтірілуіне негіз болатын құжаттың атауы, құжаттың шығыс нөмірі және күні келтіріледі)

___________________________________________________________________

Бөлімде істен шығу жағдайлары мен салдары туралы негізгі мәліметтер келтіріледі:

істен шығу күні;

істен шығу сипаты, орны және орын алған немесе анықталған жағдайлар ( бұзушылықтар);

істен шығу салдары;

объекті зерттеуге жіберілгенге дейін тексеру барысында қандай алдын алу жұмыстары жүргізілді және нәтижелері.

Бұған дейін орын алған осындай істен шығулар саны туралы деректер келтіріледі немесе мұндай жағдайдың болмағаны немесе олар туралы мәліметтердің келіп түспегені көрсетіледі.

**3.** Зерттеу мақсаты

(жақшада зерттеу мақсаты қойылған құжаттың атауы, шығыс нөмірі және күні келтіріледі)

____________________________________________________________________
__

____________________________________________________________________
__

Бөлімде келіп түскен құжаттамада баяндалған зерттеу мақсаты көрсетіледі. Егер келіп түскен құжаттамада зерттеу мақсаты белгіленбеген болса, оны бас бөлім бастығы анықтайды.

**4.** Зерттеу нәтижелері

Аталған бөлімде жүйелі түрде толығымен объектіні зерттеу жүргізу барысында орындалатын негізгі жұмыстардың нәтижелері баяндалады.

Мысалы:

бұзбайтын әдістермен бақылауды есепке алғанда, объектінің сыртқы жағдайын толығымен және оның бөліктерін талдау;

агрегаттарды, құралдарды немесе объекті бөлшектерін зерттеу;

геометриялық өлшемдердің өзгеруі;

материалдардың физика-механикалық қасиеттерін бақылау талдау және зерттеу;

беріктігіне арналған есеп, статистикалық деректерді талдау және т.б.

**5.** Зерттеу материалдарын талдау (қорытынды)

Аталған зерттеу бойынша материалдар көлемі жеткілікті болған кезде орындалады.

**6.** Қорытынды

Зерттеу бойынша қорытынды зерттеудің мақсатындағы мәселелерге сай болуы тиіс. Қорытынды нақты, бір мәнді және қосымша түсіндіруді талап етпейтін бөлек тармақтар нысанында жасалды.

**7.** Ұсыныстар

Ұшу қауіпсіздігін сөзсіз қамтамасыз ету мақсатында бөлімде істен шығулардың алдын алу және конструкцияларды жөндеу бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ұйымдарға қойылатын талаптар мен ұсыныстар баяндалады.

Пайдаланушы және жөндеу жүргізетін азаматтық авиация кәсіпорындарына берілетін ұсыныстар нақты және олардың іске асырылу мүмкіндігі ескерілуі тиіс. Конструкторлық бюроларға, өнеркәсіптіккәсіпорындарға (ұйымдарға) берілетін ұсыныстар техникалық талаптар түрінде жазылуы тиіс.

Ұсыныстар тікелей қорытынды мен тұжырымда келтірілген жұмыстардың негізгі нәтижелеріне негізделуі тиіс.

**8.** Есепті тарату

Қорытынды жіберілетін ұйымдар мен кәсіпорындар тізбектеледі. Тізбені себептерді, жағдайларды және соңғы істен шығуды есепке ала отырып, орындаушы-ұйым анықтайды.

**Қолдар ________________________**

Зерттеу үшін объектілерді іріктеу және орау бойынша
әдістемелік ұсыныстар

1. Зерттеу объектісіне мыналар жатады: құрылым бөлшегі, торабы, элементі, ақпаратты немесе істен шығудың бастапқы себебін қамтитын онымен функционалды түрде байланысқан элементпен бірге агрегат немесе бұйым.

Құрылымның әрбір бөлшегінің, элементінің, агрегаттың немесе бұйымның атауы, қосалқы бөлшегі мен анықталған орны көрсетілген биркасы болуы қажет.

2. Зерттеуге жіберілген объектілерді бөлшектеп, жууға және консервациялауға болмайды. Оларда контровка мен пломба сақталуы тиіс. Бұзу кезінде туындаған барлық бұзылулар туралы техникалық тапсырмаға қоса берілетін анықтамада көрсетілуі тиіс.

3. Егер қабаттасқан немесе объектімен функционалды түрде байланысқан элементтерді зерттеуге жіберуге болмайтын болса, онда техникалық тапсырмаға өзара жағдайлар туралы толық түсінік қалыптастыруға және істен шығудың туындау және өрбу ерекшелігіне талдау жасауға мүмкіндік беретін суреттер, өлшемдер, сызбалар мен сипаттамалар қоса беріледі.

4. Сынықтарды, өзгерістерді және басқа да бұзылуларды анықталған күйінде сақтау үшін барлық шараларды қолдану қажет. Сондай-ақ объекті қуысында немесе сүзгілерде анықталған тозған бөлшектер, жоңқа немесе басқа да заттарды сақтау қажет.

5. Техникалық тапсырмаға қоса берілетін анықтамада істен шығу немесе ақаудың анықталуы, ерекшеліктер, әуе кемесі және объекті туралы деректер, олардың жөнделуі және техникалық қызмет көрсетілуі, жұмыс істеуі және арнайы жұмыстары, істен шығуының немесе ақауының болжалды себебі, оның ішінде өнеркәсіп және жөндеу зауыттары өкілдерінің пікірі баяндалады.

6. Зерттеуге жіберуге дайындалған объектілер тасымалдау барысында зақымданбауы, қоршаған ортаның әсеріне түспеуі және басқалай өзгермеуі үшін ыдысқа жинақталуы тиіс.

Ыдыста және көлік құжаттамасында объектілер жіберілетін мекен жай жабыстырылып және үлкен әріптермен "ЗЕРТТЕУГЕ" деген сөз жазылуы тиіс.

Авиациялық оқиғалар мен
авиациялық инциденттерді
тексеру қағидасына
23-қосымша
Бекітемін

___________________________
(лауазымы)

___________________________
(тегі, аты-жөні)
20 жылғы "___"_________

Азаматтық (эксперименттік) авиациядағы авиациялық оқиғаны тексеру нәтижелері бойынша түпкілікті есеп

__________________________________________________________________
(авиациялық оқиғаның түрі)

____________________________________________________________________
ұшақ (тікұшақ)

____________________________________________________________________
(үлгісі, мемлекеттік тіркеу айқындауыш белгісі және қосалқы құралдары)

____________________________________________________________________
авиациялық оқиға орын алған күн және орын

**Жалпы мәлімет**

Бөлім авиациялық оқиға жағдайларын қысқаша баяндаудан басталады. Авиациялық оқиғаны тексеруді жүргізетін өкілетті органның атауы, тексеру бойынша комиссия құрамы, тексеруге қатысатын уәкілетті өкіл (өкілдер).

Авиациялық оқиға туралы хабарлама жіберілген мекен-жайлар көрсетіледі.

Тексеруді _________________________________ ___________ № ___

(комиссияны тағайындаған лауазымды тұлға) (күні)

бұйрығымен тағайындалған мына құрамдағы комиссия:

Төраға ________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Төраға орынбасары ______________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері______________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

жүргізді.

Тексеру жүргізу мерзімі:

басталуы____________________

(күні)

аяқталуы__________________

(есепті бекіту күні)

Тексеруге ________________________________________________________

__

(министрліктерді, мемлекеттік комитеттерді, ведомстволарды,

___________________________________________________________________

___

мекемелерді, кәсіпорындарды, ұйымдарды тізбектеу)

өкілдері қатысты

алдын ала тексеруді ________________________________________________

(құқық қорғау

_______________________________________________________ жүргізді.

органының атауы)

**1.** Нақты ақпарат

1.1. Ұшу тарихы

Төмендегі ақпаратты қамтитын қысқаша сипаттама келтіріледі:

оқиға болған күн, әуе кемесінің үлгісі, мемлекеттік тіркеу белгісі, әуе кемесінің және экипаждың (авиакомпанияның) қосымша құралдары;

орындалатын тапсырма, рейс нөмірі, ұшу бағыты, борттағы адам саны, олардың азаматтығы, коммерциялық тиеу сипаты, оның сандық және сапалық сипаттамасы;

ұшып шыққан соңғы әуежай, ұшып шыққан уақыт (жергілікті немесе UTC бойынша), қонуы тиіс пункт;

оқиға орын алған ұшу кезеңі, уақыты (жергілікті немесе UTC бойынша, күн, түн), метеожағдайлар (қарапайым, қиын);

ұшуға дайындалу, ұшудың және авиациялық оқиға жағдайының сипаттамасы;

тез анықталатын географиялық пунктіге қатысты оқиға орны (ені, ұзындығы), оның теңіз деңгейіндегі биіктігі, жердің қысқаша сипаттамасы.

**1.2.** Дене жарақаты

Төмендегі бланк толтырылады (сандармен).

| Дене жарақаты | Экипаж | Жолаушылар | Басқа тұлғалар |
|---|---|---|---|
| Қаза болғандар | | | |
| Елеулі | | | |
| Елеусіз/ жоқ | | | |

Әрбір себеп бойынша саны көрсетіле отырып, борттағы адамдардың қаза болу себептері туралы деректер келтіріледі.

**1.3. Әуе кемесінің зақымдануы**

Авиациялық оқиға кезінде әуе кемесіне келтірілген зақымның қысқаша сипаттамасы келтіріледі (қираған, маңызды зақымданған, маңызды емес зақымданған, зақымданбаған).

**1.4.** Басқа да бұзылулар

Әуе кемесінен басқа объектілерге келтірілген залалдардың қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

**1.5.** Жеке құрам туралы мәлімет

Экипаж туралы деректер.

Экипаждың әрбір мүшесі туралы төмендегідей мәліметтер келтіріледі:

лауазымы;

тегі, аты, әкесінің аты;

туған күні;

класы;

жалпы және арнайы білімі (оқу орындарының атаулары және оларды тәмѓмдаған жылдар);

метеоминимум (әуе кемелерінің командирлері үшін);

жалпы ұшу, аталған үлгідегі, аталған лауазымда ұшу, аталған жұмыс түрі бойынша ұшу (авиациялық жұмыстар үшін);

бұған дейін орын алған авиациялық оқиға және инциденттер (егер бұған дейін орын алған болса қашан және қандай себеппен болғанын көрсету);

куәліктің нөмірі, берілген күні және әрекет ету мерзімі;

міндетті тексерістерден өтуі;

жұмыс уақыты туралы ақпарат (ұшқан және жалпы жұмыс уақыты); экипаждың кәсіби дайындығының қысқаша бағасы.

Жерде қызмет ету және әуе қозғалысын басқару қызметтерінің персоналы туралы деректер (авиациялық оқиға осы қызметтердің дұрыс әрекет етпеуіне байланысты орын алған жағдайларда ғана келтіріледі): лауазымы;

тегі, аты, әкесінің аты;

туған күні;

жалпы және арнайы білімі (оқу орындарының атауы және оларды тәмәмдаған жылдары);

аталған лауазымдағы жұмыс уақыты, арнайы дайындық, біліктілігі.

Әуе қозғалысын басқару қызметінің персоналы туралы, бұдан басқа төмендегілер көрсетіледі: өткен шақта әуе қозғалысын басқару бойынша бұзушылықтардың болуы, кезекшілікке кірісер алдында медициналық бақылаудан және нұсқамадан өтуі, теориялық білімі мен практикалық дағдысын соңғы тексеру.

Жерде қызмет ететін қызметтердің кәсіби дайындығы дәрежесінің қысқаша бағасы.

**1.6.** Әуе кемесі туралы мәліметтер

үлгісі, мемлекеттік тіркеу айқындауыш белгілері;

зауыт нөмірі, дайындаған зауыт және шығарылған күні;

ұшуға дайындығы туралы қысқаша мәлімет (пайдалануға және тіркеуге дайындығы туралы куәліктің болуы және оның әрекет ету мерзімі);

ресурс: бірінші жөндеуге дейін берілген кепілдеме, жөндеу аралығында;

пайдаланылғаннан бастап ұшу, неше рет қонғаны;

жүргізілген жөндеу саны, жөндеу зауыты соңғы жөндеу жүргізілген күн, соңғы жөндеуден кейінгі ұшу және қону саны;

соңғы мерзімдік және жедел қызмет көрсету түрлері;

жанар-жағар май материалдарының мөлшері және үлгісі, олардың кондициялығы;

әуе кемесінің салмағы және орталықтандырылуы, олардың рұқсат етілген шектерде болуы туралы мәліметтер;

экипаждың авиатехниканы соңғы ұшуға дайындығы және оның жұмысы бойынша ескертулерінің болуы (немесе болмауы), авиациялық оқиғаға қандай да бір қатысы болатын болса ұшуға дейінгі және ұшу уақытындағы кез-келген бұзушылықтардың болуы;

Егер оқиға қозғалтқыштың жұмыс істеуіне байланысты болатын болса, осы қозғалтқыштар бойынша мыналар қарастырылады:

зауыт нөмірі, дайындаған зауыт және шығарылған күні;

ресурс: бірінші жөндеуге дейін берілген кепілдеме, жөндеу аралығында;

пайдаланылғаннан бастап жұмыс істеуі, соңғы жөндеуден кейін жұмыс істеуі, жүргізілген жөндеулер саны, жөндеу жүргізетін зауыт, соңғы жөндеу жүргізілген күн;

әуе кемесінің техникалық пайдаланылуының белгіленген талаптарға сәйкес келуінің қысқаша бағасы, техникалық сипаттамалары туралы мәлімет.

**1.7.** Метеорологиялық ақпарат

Авиациялық оқиға орын алған орында болатын болжамды және нақты ауа райы келтіріледі: авиациялық оқиға кезіндегі табиғи жарық жағдайлары, көлденең және тік жағы, жауын-шашынның болуы, желдің бағыты және жылдамдығы, ауа температурасы, шөп өсетін жер, ауа ылғалдығы, атмосфералық қысым, қауіпті метеоқұбылыстардың болуы, ҰҚЖ арналған ілініс коэффициенті. Қажет болған жағдайда, сондай-ақ, негізгі және қосалқы әуеайлақтарға арналған ұшу бағыты бойынша болжамды және нақты ауа райы көрсетіледі, синоптикалық жағдай талдауы ұсынылады.

Ұшудың метеоқамтамасыз етілуін қысқаша бағалау, экипажда метеоақпараттың болуы.

**1.8.** Навигация, қондыру және әуе қозғалысын басқару құралдары

Табель бойынша жабдықталуы, жарамдылығы, пайдаланылуы. Бас тартатын немесе навигация, қондыру және әуе қозғалысын басқару құралдарын дұрыс пайдаланбау жағдайлары да орын алады.

**1.9.** Байланыс құралдары

Авиациялық байланыс құралдары туралы ақпарат, олардың жұмысқа қабілеттілігінің бағасы.

**1.10.** Әуеайлақ туралы деректер

(егер авиациялық оқиға оның шегінде орын алатын болса)

Жағдайы, жабын түрі, көлбеу беті, ҰҚЖ, КПБ, БПБ ұзындығы және ені (егер оқиға оның шегінен шығуымен байланысты болса), кедергілердің әуеайлақ ауданында орналасуы, жарық сигнал жабдықтары және т.б. (егер оқиға әуеайлақ аймағында алдын ала төмендеуімен немесе кедергімен соқтығысуымен байланысты болса).

**1.11.** Борттық өздігінен жазғыш құралдар

Әуе кемесіне орнатылған өздігінен жазғыш құралдардың үлгілері, анықталғаннан кейінгі жағдай және олар арқылы алынған деректер.

**1.12.** Әуе кемесі элементтерінің жағдайы және олардың оқиға орнында орналасуы туралы мәліметтер

Оқиға орны және құрылым элементтері шашылуының сипаттамасы туралы жалпы мәліметтер.

Бұл бөлімге оқиға орнының сызбасы және оның сипаттамасы қосылуы мүмкін.

**1.13.** Медициналық мәліметтер және патологиялық-анатомиялық зерттеулердің қысқаша нәтижелері

Жүргізілген зерттеулер мен анықталған тиісті деректер нәтижелерінің қысқаша сипаттамасы.

**1.14.** Авиациялық оқиға кезінде жолаушылардың, экипаж мүшелерінің және басқа да тұлғалардың аман қалуы туралы деректер

Экипаж, жолаушылар мен басқа тұлғалардың орналасқан орындары және олар алған дене жарақаты туралы қысқаша сипаттама.

Тексерудің техникалық аспектілері үшін маңызы бар келесі медициналық ақпарат келтіріледі:

әуе кемесінің бортындағы тұлғаларға әсер ететін күштер мен ауыстырып тиеулер;

кедергіге тап болған сәттегі әуе кемесінің жағдайы;

дене жарақатының креслолар құрылымдарының ерекшеліктеріне, әуе кемесі құрылымы элементтерінің бұзылуына, түтінді тыныстаумен, қайта герметизациялаумен байланысты болуы.

**1.15. Апаттан құтқару және өрт сөндіру командаларының әрекеттері**

Авиациялық оқиға болған орын анықталған, апаттан құтқару командасының және оның құрамының келу, борттағы тұлғаларды әуе кемесінен эвакуациялау уақыты туралы деректер келтіріледі. Өрттің пайда болу себептері мен сипаты, оны жою уақыты, апаттан құтқару жұмыстарының және өрт сөндіру жүйелерінің тиімділігі көрсетіледі.

**1.16.** Сынау және зерттеу

Сынау және зерттеу нәтижелерінің қысқаша сипаттамасы келтіріледі.

**1.17.** Оқиғаға қатысы бар ұйымдар мен әкімшілік қызмет туралы ақпарат

Әуе кемесін пайдалануға қатысы бар ұйымдар мен олардың әкімшілік қызметі туралы тиісті ақпарат келтіріледі.

Ұйымдарға, мысалы әуе кемесін пайдаланушы және оның иесі, әуе қозғалысын басқару қызметтері, әуеайлақтарды пайдалану қызметтері, метеоқызметтер және т.б., сондай-ақ регламенттейтін өкілетті органдар жатады.

Ақпарат экономикалық мәртебе, құрылымдар, функциялар, ресурстар, әкімшілік қызметтер және ұйымдардың нормативтік құжаттары туралы мәліметтерді қамтуы мүмкін.

**1.18.** Қосымша ақпарат

Оқиға себептері туралы қорытынды негіздемесі үшін қажетті және есептің бұған дейінгі бөлімдерінде айтылмаған барлық нақты ақпарат келтіріледі. Қажет

болған жағдайда тексерудің басқа да материалдарына нақты сілтемелер жасалады.

**2.** Талдау

Аталған бөлім комиссия қорытынды есебінің негізгі бөлімі болып табылады және толығымен оқиға себептері туралы қорытындылар мен комиссия ұсыныстарына негізделуі тиіс.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

олардың арасындағы себептік тексерулік байланыстарды аша отырып, ерекше жағдайдың туындауы және өрбуі барысында орын алған оқиғаның хронологиялық сипаты;

мұндай ауытқушылықтардың ұшулар нәтижесіне әсер ету дәрежесін анықтап және жою бойынша профилактикалық іс-шараларды әзірлеу қажеттілігін негіздей отырып, тексеру барысында лауазымды тұлғалардың әрекеттерінен, авиатехниканың жұмысынан, жобалау, дайындау және пайдалану нормаларынан анықталған барлық ауытқушылықтардың мен ұшулар дайындығы және оларды қамтамасыз ету, басшылық құжаттары және т.б. кемшіліктерінің талдауы;

ерекше жағдайдың туындауына және өрбуіне, ұшу нәтижесіне әсер еткен ауытқушылықтардың туындау себептерінің талдауы және негіздемесі.

Талдауда сондай-ақ ұшу нәтижесіне немесе авиациялық оқиға салдарына жағымды әсер еткен факторлар келтірілуі тиіс.

Талдауды түсініп, оған негізделу үшін қажетті барлық нақты ақпарат тікелей мәтінге немесе Қорытынды есепке қосымша ретінде беріледі. Қажет болған жағдайда тексерудің басқа материалдарына нақты сілтемелер жасалады.

**3.** Қорытынды

Ерікті түрде толтырылатын нысанда авиациядағы оқиға себебінің (себептері) тұжырымдамалары келтіріледі. Тұжырымдамада ерекше жағдайлардың туындауына және өрбуіне әкеліп соққан барлық ауытқушылықтар қарастырылуы тиіс.

Себептер тұжырымдамаларынан кейін себептердің жинақталған топтары мен ұшу нәтижесіне әсер еткен факторлар келтіріледі.

Оқиға себептерінің тұжырымдамасынан кейін жинақталған себептер тобы мен "Қауіпсіздік" МАСУ пайдалану бойынша басшылыққа сәйкес ұшулар нәтижесіне әсер еткен бөлек себептер, олардың туындауының хронологиялық тәртібі бойынша беріледі.

**4.** Тексеру барысында анықталған кемшіліктер

Ұшулар нәтижесіне тікелей әсер етпеген, алайда толығымен ұшулар қауіпсіздігіне кері әсерін тигізген, тексеру барысында экипаж, ұшуларды қамтамасыз ету және басқару қызметтері персоналының дайындығы мен әрекетіндегі, жобалауда, әзірлеуде және авиациялық техниканы техникалық

пайдалануда анықталған барлық кемшіліктер мен бұзушылықтар, басшылық құжаттардың кемшіліктері көрсетіледі.

**5.** Қауіпсіздікті арттыру бойынша ұсыныстар

Бөлімде тексеру барысында анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар (орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілмейді) келтіріледі. Бөлім екі бөліктен тұрады:

Ерекше оқиғалардың орын алуына, өрбуіне және ұшулар нәтижесіне әсер еткен кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар.

Ерекше оқиғалардың орын алуына, өрбуіне және ұшулар нәтижесіне әсер етпейтін, алайда толығымен ұшулар қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар.

Комиссия төрағасы __________________(қолы)

Комиссия мүшелері________________________(қолы)

Есептің жеке бөліктерін ресімдеу қажет болмаған жағдайда, бөліктерде тек толтырылмау себебі ғана көрсетіледі.

Тексерудің қорытынды есепке авиациядағы оқиға тексеруінің материалдары қоса беріледі.

Материалдар авиациядағы оқиға туралы іске төмендегідей тәртіппен орналастырылады:

Авиациялық оқиғаларды тексеру туралы қорытынды есеп.

Тексеру материалдары:

тексеру бойынша комиссия тағайындау туралы бұйрық;

комиссия отырысарының хаттамалары;

кіші комиссияның және олардың жұмыс топтарының қосымшалары бар есептері;

кіші комиссияның құрамына енбейтін жұмыс топтарының қосымшалары бар есептері;

тексеру комиссиясының тиісті тапсырмаларының қосымшалары бар арнайы зерттеулердің және сараптамалық қорытындылар нәтижелері.

Авиациялық оқиғалар мен
авиациялық инциденттерді
тексеру қағидасына
24-қосымша

Азаматтық (эксперименттік) авиациядағы тексеруге жататын инциденттер мен елеулі инциденттердің тізбесі

1. Пайдалану кезінде тексеруге жататын авиациялық инцидентке мыналар жатады:

1) гермокабиналардың герметикасы бұзылған немесе бөліктері бөлінген планердің күш бермейтін элементтерінің бүлінуі немесе зақымдануы. Басқарудың аэродинамикалық үстіңгі беті, пилондар және қозғалтқыштар

ілмектері тораптарының бұзылуы немесе ажыратылуы. Планердің күш түсетін элементтерде және күш түсетін шыныларда жол беруге болмайтын жарылудың пайда болуы. Ұшу кезінде есіктердің, люктердің, сатылардың, капоттардың немесе ағыстатқыштардың жұлынуы немесе ашылуы. Әуе кемесі агрегаттарының жол беруге болмайтын дірілдің, тербелістің пайда болуы;

2) әуе кемесінің одан әрі зақымдануына әкеп соқпайтын қозғалтқыш капотын және реверсивті құрылғы элементтерін жоғалту;

3) компрессордың немесе турбина қалақшалары немесе қозғалтқыштың басқа да ішкі элементтері қозғалтқыштың түтін шығаратын түтігі арқылы шығаруға қатысты оқиғалар;

4) конструкцияның немесе жүйелердің басқа элементтерінің қатты зақымдануына алып келмейтін радиолокатор ағыстатқышының бүлінуі немесе жоғалуы;

5) әуе бұрандасы қалағының бүлінуі немесе оның зақымдануы, әуе бұрандасы төлкесінің ағыстатқышның немесе жылытқыш жапсырмасының (әуе бұрандалары бар ұшақтарға арналған) жұлынуы. Тірек немесе рульдік бұрандалар элементтерінің, тірек немесе рульдік бұранда төлкесінің ( тікұшақтарға арналған) бүлінуі және зақымдануы;

6) ұшу кезінде қозғалтқышты сөндіру қажеттігіне алып келген қозғалтқыш жұмысы параметрлерінің өзгеруі (немесе басқара алмау) немесе ескерту дабылдамасының іске қосылуы. Қозғалтқыштың тапсырмада қарастырылмаған жағдайда сөнуі (оның ішінде істен шыққаны туралы жалған дабылдың пайда болуының салдарынан сөнуі). Қозғалтқыштың, күш түсетін қосымша қондырғының немесе олардың агрегаттарының бұзылуын шектен шығармау, ұшу кезінде қозғалтқышты іске қоса алмау;

7) әуе кемесінің қозғалтқышы тарту реверсін сөндірмеу, өздігінен немесе қателесіп сөндіру. Тіреуден әуе бұрандаларын алмау;

8) аталған әуе кемесін ұшуға пайдалану бойынша басшылықта қарастырылған шаралармен жойылмайтын әуе кемесінің жеке бактарынан отынның дұрыс шығындалмауы немесе оның біркелкі шығындалмауы. Қозғалтқыш қоректендіргішін отынның бұзуы. Ұшу кезінде отынның ағуы. Экипажға отын шығыны мен қалдығын анықтауға мүмкіндік бермейтін отын шығынын немесе мөлшерін өлшеу жүйесінің істен шығуы. Әуе кемесінің қайта қонуға бет алуды орындауға қажетті мөлшерден кем отын мөлшерімен қонуы. Шығын багындағы ең аз отын қалдығы туралы дабылдаманың іске қосылуы. Әуе кемесіне сапасыз жанар-жағар материалдарын құю;

9) негізгі жүйеден шассидің бір немесе бірнеше тіреулерінің шығарылмауы/алынбауы. Нәтижесінде тек қаптамасы ғана зақымданған шасси тіреуінің жиналуы немесе жиналған шассилермен қону. Шасси тіреулерінің өздігінен

немесе қателікпен шығарылуы/жиналуы. Шасси створоктарының жабылмауы немесе өздігінен ашылуы. Шассидің амортизациялық тіреулері, подкостары, арбалары элементтерінің бұзылуы. Шасси тіреулерінің жағдайы дабылдамасының іске қосылмауы немесе жалған іске қосылуы. Шассидің алдыңғы тіреулерінің доңғалақтарын басқару жүйесінің істен шығуы немесе экипаждың сөндірмеуі;

10) тежегіштің негізгі жүйесінің істен шығуы. Доңғалақтарды өздігінен тоқтату немесе тоқтатпау. Планердің немесе қозғалтқыштың конструкциясының зақымдануына алып келген авиашиналардың кез келген санының бұзылуы;

11) әуе кемесінің гидрожүйесінің герметизацияланбауы. Егер қосымша гидрожүйелер болмаса, герметизациясыз бір немесе бірнеше гидрожүйелерде қысымның төмендеуі. Оның төмендеуіне алып келген әуе кемесінің гермокабинасында температураны немесе қысымды реттеу жүйесінің істен шығуы;

12) мұз қатқан әуе кемесімен ұшу (үстіңгі бетінде мұз болған кезде). Мұздануға қарсы жүйемен жабдықталмаған әуе кемесінде мұздану жағдайында ұшу. Ұшуға мұз қатқан әуе кемесін шығару. Әуе кемесі экипажы кабинасының шынысын тазалау жүйесінің істен шығуы;

13) магистральдардан ыстық ауаның шығуы, гермокабинада ауа температурасының өзгеруі, гермокабинаға берілетін ауаның азаюы, жедел төмендеуге алып келген қысымның төмендеуі немесе гермокабинаның қатты үрленуі (ПЕРЕНАДДУВ);

14) әуе кемесінің ұшуын автоматты түрде басқару жүйесінің курстарының каналдары, тангажының немесе автоматының өздігінен немесе қателікпен сөндірілуі;

15) әуе кемесінің кабинасында түтіннің, күйік исінің, сұйықтық буларының, зиянды заттардың пайда болуы. Өрт сөндіру жүйесінің немесе өрт, түтін немесе жоғары температура туралы дабылдаманың жалған түрде іске қосылуы;

16) биіктікке көтерілудің, әуеайлақ аймағынан шығудың, төмендеу немесе қонуға бет алудың белгіленген ережелері мен сызбаларын бұзу. ӘҚБ органымен келісусіз белгіленген ұшу биіктігін өзгерту. Әуе кемесі ұшып шыққаннан кейін ұшу жоспары мен бағытын өзгерту. Аталған әуе кемесінің үлгісіне рұқсат етілген биіктіктен кем биіктікте екінші айналымды орындауға. Әуе қозғалысын басқару органдарының өтінімдері мен рұқсатынсыз жүзеге асырылатын әуе кемелерінің ұшулары. Ұшудың қауіпсіз биіктігін, тік және бүйір эшелондаудың белгіленген ережелерін, ұшудың және әуе трассаларының белгіленген аймағынан тыс жерге шығу, ұшу көтерілу кезінде, қонғанда және ұшуда белгіленген метеоминимумдарды бұзу;

17) ұшуға пайдалану бойынша басшылық талаптарына сәйкес келмейтін конфигурациямен әуе кемесінің ұшып көтерілуі, ұшуы және қонуы. Әуе кемесінің тоқтатылған рульдерімен ұшып көтерілу. Аталған әуе кемесінің үлгісіне арналған ең жоғары рұқсат етілгеннен асатын артық тиеумен қону;

18) әуе кемесінің бұршақпен зақымдануы. Ұшу кезінде найзағай болған аймақта радиолокатордың істен шығуы. Ұшу кезінде әуе кемесі конструкциясы элементтерінің зақымдануына, қандай да бір жүйелердің немесе қозғалтқыштың істен шығуына алып келген әуе кемесінің электр разрядымен зақымдануы;

19) планер, қозғалтқыш элементтерінің зақымдануына немесе оның жұмыс режимінің бұзылуына алып келген әуе кемесінің ұшуда құстармен немесе басқа да объектілермен соқтығысуы. Әуе кемесінің жердегі объектілермен (жердегі кедергілермен, адамдармен, жануарлармен немесе ҰҚЖ, РЖ, перрондарда көлік құралдарымен) соқтығысуы немесе соқтығысу қаупі;

20) жердегі кедергілердің (діңгек, құбыр, антенналардың, электр беру желілері, ағаштар, рельефтің жергілікті көтерілуі және т.б.) әуе кемесі конструкциясының кез келген элементімен жанасуы. Ұшып көтерілген және қонған кезде қанатының, бұранда қалағының, қорытынды жағындағы өкшелігінің және т.б. жермен жанасуы;

21) әуе кемесінің мәжбүрлі қонуы, жоспарланбаған (ұшуға өтініш берілмеген) әуеайлаққа (қону алаңына) қонуы. Ұшу-қону жолағынан (қону алаңынан) тыс жерге қону. Дайындалмаған ұшу-қону жолағында (қону алаңында) әуе кемесін қабылдау және одан ұшуға шығару;

22) келісілмеген әуе кемесінің басқару органдары және рульдік үстіңгі беті. Әуе кемесінің рульдік үстіңгі бетін басқарған кезде гидрокүшейткіштің істен шығуы. Әуе кемесінің басқару органдарында күштерді треммирлеу мүмкіндігінің болмауы. Әуе кемесі стабилизаторының ауытқуының, өздігінен немесе қателікпен ауытқуының, өздігінен ауысуының мүмкін болмауы. Стабилизатор немесе қанат механизациялары жағдайының дабылдамасы және (немесе) индикациясының іске қосылмауы немесе жалған түрде іске қосылуы;

23) ұшу кезінде әуе кемесінің экипажымен радиобайланыстың үзілуі;

24) әуе кемесі экипажының тиеу нормаларын немесе әуе кемесінің орталықтандырылуын бұзуы;

25) жүкті өздігінен түсіру, тікұшақтың сыртқы аспасының үзілуі.

2. Пайдалану кезінде тексеруге жататын маңызды инциденттерге мыналар жатады:

1) әуе кемелерінің соқтығысуын немесе қауіпті жағдайларды болдырмау үшін экипажға ауытқу бойынша шара қолдану қажет болған қауіпті жақындаулар;

2) жарамды әуе кемесінің жерге соғылуын болдырмауға мүмкіндік берген жағдай;

3) жабық, бос емес немесе соған арналмаған ҰҚЖ тоқтатылған ұшып көтерілулер, оның ішінде жабық, бос емес немесе соған арналмаған ҰҚЖ ұшып көтерілулер, жабық немесе бос емес ҰҚЖ ұшып көтерілулер;

4) жабық, бос емес немесе соған арналмаған ҰҚЖ қону немесе қонуды орындауға әрекет жасау;

5) ұшуды тоқтатуға және/немесе мәжбүрлі қонуға алып келген ұшып көтерілу немесе биіктіктің бастапқы учаскесіне көтерілуі кезінде екпін алу барысында қажетті сипаттамаларға әуе кемесінің қол жеткізу қабілетсіздігі;

6) жолаушылар салонында, жүк қоятын бөліктерде өрттің шығуы және түтіннің пайда болу жағдайлары немесе аталған өрттер өрт сөндіретін заттардың көмегімен өшірілсе де, қозғалтқыштың өртенуі;

7) ұшу экипажы мүшелерінің апаттық оттегіні пайдалану қажет болған жағдайлар;

8) газқұбырлы қозғалтқыштардың локализацияланбаған істен шығуларын қоспағанда, әуе кемесінің конструкциясының бұзылу немесе қозғалтқыштың бұзылу жағдайлары;

9) әуе кемесін пайдалануға елеулі әсер ететін бір немесе бірнеше борт жүйелерінің бірнеше рет істен шығуы;

10) ұшу кезінде ұшу экипажы мүшелерінің жұмысқа қабілеттілігін жоғалтуы;

11) апатты жағдайды пилоттың хабарлауын талап ететін отын мөлшері;

12) Ұшу немесе қону кезіндегі инциденттер. Әуе кемелерінің ҰҚЖ дейін қонуы немесе ҰҚЖ тыс шығып кетуі;

13) ҰҚЖ санкцияланбаған шығулар;

14) жүйелердің істен шығуы, қауіпті метеоқұбылыстарының аймағына түсуі;

15) әуе кемесінің ұшу бойынша басшылықта рұқсат етілген шектеулерден шамадан тыс шығуы;

16) ұшуды және навигацияны басқаруға міндетті болып табылатын резервтеу жүйесінде бір жүйеден артық істен шығулары.

Авиациялық оқиғалар мен<br>авиациялық инциденттерді<br>тексеру қағидасына<br>25-қосымша

Бекітемін

__________________________

(лауазымы)

___________________________

(тегі, аты-жөні)

20___жылғы "_____"________

Азаматтық (эксперименттік) авиациядағы авиациялық инцидентті тексеру нәтижелері бойынша есеп

___________________________________________________________

(ӘК үлгісі, мемлекеттік тіркеу таным белгісі)

____________________________ ______________

(есеп жасалған орын) (күні)

_______________________________ ___________ № ___ бұйрығымен

(комиссияны тағайындаған тұлғаның лауазымы) (күні)

тағайындалған мына құрамдағы комиссия:

Төраға _________________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

Комиссия мүшелері______________________________________

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

_____ бастап __________ қоса алған аралықта_________________________

(күні, орны)

орын алған _________________________________________________

үлгісі, мемлекеттік тіркеу таным белгісі және қосалқы құралдары)

_______________________ ұшақпен (тікұшақпен) болған инцидентке тексеру жүргізді.

**1.** Мән-жайлар

Ерікті түрде толтырылатын нысанда төмендегі ақпарат баяндалады:

оқиға күні, тапсырманы орындаған әуе кемесінің және экипаждың қосалқы бөлшектері, рейс нөмірі, ұшу бағыты, борттағы жолаушылардың саны;

ұшып шыққан пункт, ұшқан уақыты, қонуға белгіленген пункті;

оқиға орын алған ұшу кезеңі, оқиға уақыты (жергілікті немесе UTC), тәулік уақыты (күн, түн), метеожағдайлар (қарапайым, қиын);

тез анықталатын географиялық пунктіге қатысты оқиға орны, оның теңіз деңгейіндегі биіктігі, орынның қысқаша сипаттамасы, топырақтың сипаты;

нақты болғаны;

оқиғаның адамдар мен әуе кемесіне келтірілетін салдары (жолаушылар санынан дене жарақатын алғандар саны, оның ішінде ересектер және балалар, экипаж мүшелері бөлек), сондай-ақ ауырлығының дәрежесі, әуе кемесінің апатынан зардап шеккендерді және басқа тұлғаларды эвакуациялау кезінде алынған жарақаттарды көрсету, әуе кемесінің бұзылу дәрежесі.

Басқа қажетті деректер оқиға жағдайына қарай келтіріледі.

**2.** Нақты ақпарат

2.1. Экипаж туралы деректер

Экипаж туралы деректер төмендегі мәліметтерді қамтиды: лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, жасы, біліктілік класы, білімі (оқу орнының атауы және оны тәмәмдаған жыл), метеоминимум (әуе кемесінің командирі үшін);

жалпы ұшуы, аталған үлгіде ұшуы, аталған лауазымда ұшуы, авиациялық жұмыстардың аталған түрі бойынша ұшуы;

бұрын авиациялық оқиға немесе осыған ұқсас инциденттер орын алған ба.

Экипаждың кәсіби дайындығына қысқаша сипаттама беріледі.

**2.2.** Жерде қызмет көрсететін қызметтердің персоналы туралы деректер (егер оқиға бұл қызметтердің дұрыс әрекет етпеуіне байланысты болса)

Жерде қызмет көрсететін қызметтердің персоналы туралы деректерде: лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, жасы, білімі (оқу орнының атауы және оны тәмамдаған жыл), аталған лауазым бойынша еңбек өтілі, арнайы дайындығы, біліктілігі көрсетіледі.

Әуе қозғалысын басқару қызметінің персоналы туралы деректе, сонымен қатар бұған дейінгі әуе қозғалысын басқару саласындағы бұзушылықтардың болуы, медициналық бақылаудан және кезекшілікке түсер алдында нұсқамадан өтуі, соңғы рет теориялық білімі мен практикалық дағдысының тексерілуі.

Жерде қызмет көрсететін қызмет персоналының кәсіби дайындығының деңгейіне баға беріледі. Персонал жіберген қателер мен бұзушылықтар көрсетіледі.

**2.3.** Әуе кемесі туралы деректер

Мыналар көрсетіледі:

үлгісі, мемлекеттік тіркеу және танылым белгілері;

зауыт нөмірі, дайындаған зауыт және шығарылған күні;

ұшуға дайындығы туралы қысқаша мәлімет (пайдалануға және тіркеуге дайындығы туралы куәліктің болуы және оның әрекет ету мерзімі);

ресурс: бірінші жөндеуге дейін берілген кепілдеме, жөндеу аралығында;

пайдаланылғаннан бастап ұшу, неше рет қонғаны;

жүргізілген жөндеу саны, жөндеу зауыты соңғы жөндеу жүргізілген күн, соңғы жөндеуден кейінгі ұшу және қону саны;

соңғы мерзімдік және жедел техникалық қызмет көрсету күні және түрі;

әуе кемесінің салмағы және орталықтандырылуы, олардың рұқсат етілген шектерде болуы туралы мәліметтер;

экипаждың авиатехниканы соңғы ұшуға дайындығы және оның жұмысы бойынша ескертулерінің болуы (немесе болмауы).

Егер оқиға қозғалтқыштың жұмыс істеуіне байланысты болатын болса, осы қозғалтқыштар бойынша мыналар қарастырылады:

зауыт нөмірі, дайындаған зауыт және шығарылған күні;

ресурс: бірінші жөндеуге дейін берілген кепілдеме, жөндеу аралығында;

пайдаланылғаннан бастап жұмыс істеуі, соңғы жөндеуден кейін жұмыс істеуі, жүргізілген жөндеулер саны, жөндеу жүргізетін зауыт, соңғы жөндеу жүргізілген күн;

Әуе кемесін техникалық пайдаланудың белгіленген талаптарға сәйкес келуінің қысқаша бағасы, техникалық сипаттамалар туралы мәлімет келтіріледі.

Егер агрегаттың істен шығуына байланысты болса, осы агрегат бойынша деректер келтіріледі.

**2.4.** Метеорологиялық ақпарат

Оқиға орнындағы нақты және болжанып отырған ауа райы келтіріледі, метеоақпараттың бортқа берілуі. Оқиға қолайсыз метеожағдайларға байланысты орын алған болса, авиациялық инцидентті тексеру барысында қажетті барлық метеорологиялық деректер келтіріледі.

Ұшудың метеоқамтамасыз етілуіне қысқаша баға беріледі.

**2.5.** Байланыс, навигация, отырғызу және әуе қозғалысын басқару құралдары туралы деректер (егер оқиға онымен байланысты болса)

Табель бойынша жабдықталуы, жарамдылығы, пайдаланылуы. Істен шығу немесе навигация, отырғызу және әуе қозғалысын басқару құралдарының дұрыс қолданылмау жағдайлары белгіленеді. Ұшудың радио-жарық-техникамен қамтамасыз етілуіне қысқаша баға беріледі.

**2.6.** Әуеайлақ туралы деректер

Егер оқиға әуе кемесінің ұшу-қону жолағы шегінен ауып кетуімен немесе дұрыс қонбауымен байланысты болса, жабынның жағдайы, түрі, ұшу-қону жолағының көлбеу жағы, ұзындығы және ені, оның элементтері көрсетіледі.

Егер оқиға мерзімінен бұрын төмендеуімен немесе соқтығысуымен, немесе әуеайлақ аумағында кедергілерге тап болу қаупімен байланысты болса, әуеайлақ аумағындағы кедергінің орналасуы, жарық сигнал жабдығының үлгісі мен жағдайы және т.б. келтіріледі.

**2.7.** Апаттан құтқару және өрттен құтқару командаларының іс-әрекеттері ( егер оқиға әуе кемесінің мәжбүрлі қонуымен, өртпен байланысты болса)

Оқиға орнының анықталған, апаттан құтқару командасының келу уақыты туралы деректер келтіріледі. Өрттің себебі мен сипаты, оны жою уақыты, кірістірілген өрт сөндіру техникасының саны, апаттан құтқару жұмыстарының тиімділігі көрсетіледі. Термикалық күйік алғандардың саны көрсетіледі (экипаж мүшелері, жолаушылар, апаттан құтқару жұмыстарына қатысқан тұлғалар).

**2.8.** Жарақат алған жолаушылар мен экипаж мүшелері туралы деректер

Денсаулығына келтірілген зиянның ауырлығы көрсетіле отырып, оқиға кезінде зардап шеккендердің әрқайсысының диагнозы келтіріледі.

**2.9.** Комиссия жүргізген жұмыстар

Авиатехниканы тексеру, сынау, қарау және жанар-жағар май материалдары талдауының нәтижелері көрсетіледі. Борттық тіркеуіштерінің жазбалары бойынша ұшу ақпаратының талдауы беріледі.

Оқиға себептері туралы қорытындының негіздемесі үшін қажетті және есептің бұған дейінгі бөлімдерде қарастырылмаған барлық нақты ақпарат беріледі. Қажет болған жағдайда тексерудің басқа да материалдарына нақты сілтемелер жасалады.

Әуе қозғалысын басқару қызметінің персоналы туралы сонымен қатар мыналар келтіріледі: бұған дейін әуе қозғалысын басқару саласында бұзушылықтың орын алуы, кезекшілікке түсер алдында медициналық тексерістен және нұсқамадан өту, соңғы теориялық білім және практикалық дағды тексерісінен өту.

Жерде қызмет көрсететін қызметтер персоналының кәсіби дайындығы деңгейіне баға беріледі. Персонал жіберген қателіктер мен бұзушылықтар көрсетіледі.

**3.** Талдау

Аталған бөлім комиссия есебінің негізгі бөлімі болып табылады және толығымен оқиға себептері туралы қорытындылар мен комиссия ұсыныстарына негізделуі тиіс.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

олардың арасындағы себептік тексерулік байланыстарды аша отырып, ерекше жағдайдың туындауы және өрбуі барысында орын алған оқиғаның хронологиялық сипаты;

мұндай ауытқушылықтардың ұшулар нәтижесіне әсер ету дәрежесін анықтап және жою бойынша профилактикалық іс-шараларды әзірлеу қажеттілігін негіздей отырып, тексеру барысында лауазымды тұлғалардың әрекеттерінен, авиатехниканың жұмысынан, жобалау, дайындау және пайдалану нормаларынан анықталған барлық ауытқушылықтардың мен ұшулар дайындығы және оларды қамтамасыз ету, басшылық құжаттары және т.б. кемшіліктерінің талдауы;

ерекше жағдайдың туындауына және өрбуіне, ұшу нәтижесіне әсер еткен ауытқушылықтардың туындау себептерінің талдауы және негіздемесі.

Талдауда сондай-ақ ұшу нәтижесіне немесе авиациядағы оқиға салдарына жақсы әсер еткен факторлар келтірілуі тиіс.

Талдау түсінігі мен негізі үшін қажетті барлық қажетті нақты ақпарат бөлім мәтініне енгізіледі. Қажет болған жағдайда тексерудің басқа да материалдарына сілтеме жасалады.

**4.** Қорытынды

Ерікті түрде толтырылатын нысанда авиациядағы оқиға себебінің (себептері) тұжырымдамалары келтіріледі. Тұжырымдамада ерекше жағдайлардың туындауына және өрбуіне әкеліп соққан барлық ауытқушылықтар қарастырылуы тиіс.

Себептер тұжырымдамаларынан кейін себептердің жинақталған топтары мен ұшу нәтижесіне әсер еткен факторлар келтіріледі.

**5.** Тексеру кезінде анықталған кемшіліктер

Ұшулар нәтижесіне тікелей әсер етпеген, алайда толығымен ұшулар қауіпсіздігіне кері әсерін тигізген, тексеру барысында экипаж, ұшуларды қамтамасыз ету және басқару қызметтері персоналының дайындығы мен әрекетіндегі, жобалауда, әзірлеуде және авиациялық техниканы техникалық пайдалануда анықталған барлық кемшіліктер мен бұзушылықтар, басшылық құжаттардың кемшіліктері көрсетіледі.

**6.** Ұсынымдар

Бөлімде тексеру кезінде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған ( орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетілмейді) ұсынымдар келтіріледі. Бөлім екі бөліктен тұрады:

ерекше жағдайдың орын алуына, өрбуіне және ұшу нәтижесіне әсер еткен кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсынымдар;

ерекше жағдайдың орын алуына, өрбуіне және ұшу нәтижесіне әсер етпеген, алайда толығымен ұшулар қауіпсіздігіне кері әсерін тигізетін кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсынымдар.

Комиссия төрағасы________________________________________

(қолы, тегі, аты-жөні)

Комиссия мүшелері__________________________________________

(қолы, тегі, аты-жөні)

Тексеру есебіне істе мына түрде орналастырылған оқиғаны тексеру материалдары қоса беріледі:

Комиссия құжаттары:

оқиғаны тексеру туралы есеп;

тексеру жөніндегі комиссия құру туралы бұйрық;

комиссия отырыстарының хаттамалары.

Тексеру материалдары:

кіші комиссияның қосымшалары бар есептері;

кіші комиссияның құрамына енбейтін жұмыс тобының қосымшалары бар есептері;

арнайы зерттеу материалдары және тексеру жөніндегі комиссияның тиісті тапсырмаларының қосымшалары бар сараптама қорытындылары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК